

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚР НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РК**

**АҒАШ КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ЖОБАЛАУ.
КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ӨРТТІҢ ӘСЕР ЕТУІНІҢ
ЕСЕБІМЕН ЖОБАЛАУ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ ДЕРЕВЯННЫХ
КОНСТРУКЦИЙ. ЧАСТЬ. ОБЩИЕ ПРАВИЛА
ПРОЕКТИРОВАНИЯ КОНСТРУКЦИЙ
С УЧЕТОМ ВОЗДЕЙСТВИЯ ПОЖАРА**

**ҚР НТҚ 05-01-2.1-2012
(ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011)
НТПРК 05-01-2.1-2012
(к СН РК EN 1995-1-2:2004/2011)**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Астана Строй-Консалтинг» ЖШС
2. **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3. **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
4. **ЕНГІЗІЛДІ:** Алғашқы рет

ПРЕДИСЛОВИЕ

1. **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Астана Строй-Консалтинг»
2. **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3. **ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
4. **ВВЕДЕН:** Впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	V
1 Қолданылу саласы.....	1
2 Нормативтік сілтемелер.....	1
3 Терминдер мен анықтамалар	3
4 Белгілер мен қысқартулар	14
4.1 Латын алфавитінің бас әріптері	14
4.2 Латын алфавитінің кіші әріптері	15
4.3 Грек алфавитінің бас әріптері	17
4.4 Грек алфавитінің кіші әріптері.....	17
5 Жобалау негіздері.....	18
5.1 Жалпы ережелер.....	18
5.2 Отқа төзімділікті есептеу әдістері	20
5.3 Шекті күйлер бойынша есептеудің негізгі қағидалары.....	21
5.4 Әсер ету сипаттамасы	24
6 Материалдардың сипаттамалары.....	29
7 Күю тереңдігі.....	32
7.1 Бұрыштық жұмырлану әсері есепке алынатын күю тереңдігі.....	32
7.2 Өрттің стандартты әсері кезінде ағаш конструкцияларының қаптамамен қорғалмаған беттері үшін күю тереңдігін анықтау	33
7.3 Өрт әсерінен конструктивті өртке қарсы қорғаныспен қорғалған (түрлі материалдардан жасалған қаптармен) арқалықтар мен бағаналардың күю тереңдігін анықтау	40
7.4 Күю жылдамдығы	45
7.5 Қаптамалардың күйе бастауының t_{ch} уақыты	46
7.6 Қаптамалардың қорғаныс әсерінің t_f уақыты	48
7.7 Қорғаныс қаптамалары ретінде қолданылатын гипс-картонды табактардың сипаттамалары	53
8 Кедергіні есептеу әдістері	62
8.1 Келтірілген көлденең қима әдісі	62
8.2 Келтірілген сипаттамалар әдісі	64
8.3 Конструкциялар мен конструктивті элементтерді есептеудің жеңілдетілген ережелері	65
8.4 Конструкциялардың механикалық қосылыстары	65
8.5 Есептеудің жалпы әдістері	66
8.6 Жылу-техникалық сипаттамалар	67
8.7 Механикалық сипаттамалар	69
9 Қабырғалар мен жабындарды есептеу әдістері.....	86
9.1 Қуыстары минерал мақтадан немесе шыны талшықтан жасалған жылу оқшаулағышпен толтырылған қаңқа элементтері	86
9.2 Гипс-картоннан жасалған қаптамалардың ағаштың күйіне әсер етуі	90
9.3 Шыны талшықтан жасалған жылу оқшаулағышы бар ағаш қаңқа қабырғаларды жобалау	90
10 Қосылыстар	99
11 Құрастыру	113

ҚР НТҚ 05-01-2.1-2012

12 От сынақтары	116
12.1 Ағаш конструкцияларын сынау.....	116
12.2 Қосылыстарды сынау	119
А қосымшасы (міндетті) Ағаштың беріктігінің, қаттылығының және тығыздығының сипаттамалық мәндері	120
Библиография	123

КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық құрал «Қазақ ғылыми-зерттеу және жобалау-эксперименталдық сейсмикаға төзімді құрылыс пен сәулет институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны («ҚазҒЗСТҚСИ» РМК) дайындаған.

Осы нормативтік-техникалық құралда келесілер келтірілген:

– ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 1-7-тарауларында мазмұндалған ағаш құрылыс конструкцияларының өрт кезінде өз функцияларын орындауын есепке ала отырып, жобалау кезінде оларды қолдану қағидалары мен ережелері;

– ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 1-7-тарауларында мазмұндалған қағидалар мен ережелерді дамытатын ережелер;

– жобалау тәжірибесінде ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 1-7-тарауларының ережелерін қолдануды суреттейтін мысалдар;

– ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 талаптарына қарсы келмейтін ағаш құрылыс конструкцияларының отқа төзімділігін есептеудің балама әдістері;

– ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 талаптарына қарсы келмейтін қуыстары минерал мақта мен шыны талшықтардан жасалған жылу оқшаулағышпен толтырылған қаңқа ағаш элементтердің тәртібі мен есептелуі жөніндегі қосымша деректер.

Осы нормативтік-техникалық құралды әзірлеу кезінде ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 ережелерімен қатар келесілер есепке алынған:

– ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 Ұлттық қосымшасының ережелері;

– «Құрылыс жобалау негіздері» ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 тиісті ережелері;

– Еурокод 1 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 тиісті ережелері. Көтергішконструкцияларына әсер ету. 1-2-бөлім. Жалпы әсерлер. Өрт кезінде конструкцияларға әсер ету;

– Ағаш конструкцияларын жобалау ҚР ҚН EN 1995-1-1:2008/2011 тиісті ережелері. 1-1-бөлім. Жалпы ережелер және тапсырмаларға арналған ережелер.

– ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 талаптарын толықтыратын және оларға қарсы келмейтін ғимараттардың, құрылыстардың, құрылыс конструкциялары мен материалдарының отқа төзімділігі теориясының кейбір көпшілікке танылған ережелері;

– зерттеулердің ағаш құрылыс конструкциялары мен материалдарының отқа төзімділігі саласында маманданған шетелдік ғылыми ұйымдар алған мақұлданған нәтижелері.

Осы нормативтік-техникалық құрал жобалау ұйымдарының инженер-техник қызметкерлеріне, ғылыми қызметкерлерге, жоба өнімдеріне тапсырыс берушілерге, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналған.

Қазақстан Республикасында ерікті түрде нормативті құжат ретінде қолдану үшін қолданысқа енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҒАШ КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ЖОБАЛАУ. КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ӨРТТІҢ
ӘСЕР ЕТУІНІҢ ЕСЕБІМЕН ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ДЕРЕВЯННЫХ КОНСТРУКЦИЙ. ЧАСТЬ. ОБЩИЕ
ПРАВИЛА ПРОЕКТИРОВАНИЯ КОНСТРУКЦИЙ С УЧЕТОМ ВОЗДЕЙСТВИЯ
ПОЖАРА

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 «Ағаш конструкцияларын жобалау. Өрт әсерін ескере отырып конструкцияларды жобалаудың жалпы ережелері бөлімі» құралы (ары қарай - құрал) ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 ережелеріне сәйкес әзірленген және ағаш конструкцияларына өрттің әсерін ескере отырып, оларды жобалауға таралады. Құралда ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 және ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 қағидалары мен ережелеріне сәйкес өрт болған жағдайлардағы әсер ету түрлері, өрт кезіндегі конструкциялардың көтергіш және қоршау қабілетінің есептеулері нақтыланады және түсіндіріледі.

1.2 Әзірленген құрал өзара механикалық немесе желім көмегімен байланысқан және мақсатына сай келетін өрт жүктемелері бар ғимараттарда қолданылатын ағаштан (бүтін ағаш, кесілген ағаш, сүргіленген немесе дөңгелек ағаш, жұқа тақтай, талшықтары параллель орналасқан қабыршақтың бірнеше қабатынан тұратын желімденген ағаш (LVL)) немесе ағаш тақталарынан жасалған ағаш конструкцияларын жобалауға таралады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құралды қолдану үшін келесі сілтеме құжаттар қажет. Мерзімі көрсетілген сілтемелер үшін сілтеме құжаттың аталған басылымы ғана қолданылады, мерзімі көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтеме құжаттың соңғы басылымы (барлық өзгертулерін қоса) қолданылады:

ҚР СТ 1.9–2007 Қазақстан Республикасында халықаралық, өңірлік және шетелдік мемлекеттердің ұлттық стандарттарын, стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері.

ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 Күш түсетін конструкцияларға әсер ету. 1-1 бөлімі. Өзіндік салмағы, ғимаратқа түсетін тұрақты және уақытша жүктемелер.

ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 Күш түсетін конструкцияларға әсер ету. 1-2 бөлімі. Жалпы әсер ету. Конструкцияға өрт кезінде әсер ету.

ҚР ҚН EN 1993-1-2:2005/2011 Болат конструкцияларын жобалау. 1-2-бөлім. Жалпы ережелер. Конструкцияларды өрттің әсер етуінің есебімен жобалау.

ҚР ҚН EN 1995-1-1:2004+A1:2008/2011 Ағаш конструкцияларды жобалау. 1-1 бөлімі. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер

ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 Ағаш конструкцияларды жобалау. 1-2 бөлімі. Конструкцияларды өрттің әсер етуінің есебімен жобалаудың жалпы ережелері.

ҚР СТ EN 316 Ағаш-талшықты тақталар. Анықтамалар, жіктеулер және белгілер.

ҚР СТ EN 520 Гипс-картонды табақтар. Техникалық шарттар. Сынау әдістері.

ҚР СТ ENV 13381-7 Құрылыс конструкцияларының отқа төзімділігіне әсер ететін факторларды анықтауға арналған сынау әдістері. 7-бөлім. Ағаш конструкцияларын қорғау.

ҚР СТ EN 14080 Ағаш конструкциялары. Желімденген ағаш. Талаптар.

ҚР СТ EN 14374 Ағаш конструкциялары. Конструктивті қабатты жұқа тақтайлы кесілген материал. Техникалық шарттар.

EN 300* Oriented strand boards (OSB). Definitions, classification and specifications (Ағаш-талшықты тақталар (бағытталған-жоңқалы) (OSB). Анықтамалар, жіктеулер және талаптар).

EN 301* Adhesives, phenolic and aminoplastic, for loading bearing timber structures. Classification and performance requirements (Көтіргіш ағаш конструкцияларға арналған желімдер. Фенопласттар және аминопласттар. Жіктеу және талаптар).

EN 309* Particleboards. Definition and classification (Ағаш-жаңқалы тақталар. Анықтамалар және Жіктеу).

EN 313-1* Plywood. Classification and terminology. Plywood. Classification and terminology. Classification (Жұқа тақтай. Жіктеу және терминология. 1-бөлім. Жіктеу).

EN 314-2* Plywood. Bonding quality. Test methods (Жұқа тақтай. Желімдеу сапасы. 2-бөлім. Талаптар).

EN 338* Structural timber. Strength classes (Конструктивті ағаш. Беріктік кластары).

EN 912* Timber fasteners. Specifications for connectors for timbers (Ағашқа арналған бекітпе бұйымдар. Ағашқа арналған біріктіру элементтеріне қойылатын техникалық талаптар).

EN 1363-1* Fire resistance tests. General requirements (Отқа төзімділікке сынау. 1-бөлім. Жалпы талаптар).

EN 13162* Thermal insulation products for buildings. Factory made mineral wool (MW) products. Specification (Ғимараттарға арналған жылуды окшаулайтын материалдар. Минерал мақтадан (ММ) жасалған бұйымдар. Техникалық шарттар).

ISO 6707-1* Building and civil engineering – Vocabulary – Part 1: General terms (Ғимараттар құрылысы және азаматтық құрылыс. Сөздік. 1-бөлім. Жалпы терминдер).

Ескертпе – Осы мемлекеттік нормативті қолданған кезде сілтеме жасалатын құжаттардың әрекетін жыл сайын ағымдағы жыл жағдайына құрастырылатын ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы архитектура, қала құрылысы және құрылыс салаларындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар көрсеткіші» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті

*ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

қолданған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылмай өзгертілген болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлімде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құралда тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1 Құрылым (construction works): Салынып жатқан немесе құрылыс жұмыстарының нәтижесі болып табылатындардың барлығы.

Ескертпе – ISO 6707-1 бойынша анықтама. Осы термин ғимаратты, сондайақ инженерлік құрылыстарды білдіреді. Термин конструктивті (көтергіш), конструктивті емес (көтергіш емес), сонымен қатар геотехникалық элементтерден тұратын аяқталған құрылымға жатады.

3.2 Ғимараттың немесе инженерлік құрылыстың типі (type of building or civil engineering works): Тұрғын үй, тіреуіш қабырға, өнеркәсіптік ғимарат, жол көпірі сияқты ғимараттың немесе құрылыстың функционалдық мақсатына байланысты анықталады.

Ескертпе – Құрылым түрі қосымша есептеулерсіз конструкцияларға түсірілетін күш және температура (өрт) жүктемелерін анықтау үшін қолданылуы мүмкін.

3.3 Конструкция типі (type of construction): Конструкцияны дайындау үшін қолданылатын материал түріне байланысты анықталады, мысалы, темірбетон конструкциясы, болат конструкциясы, ағаш конструкциясы, тас конструкциясы, болатбетонды құрама конструкциясы.

Ескертпе – Осы құралда тек ағаш құрылыс конструкциялары ғана қарастырылады.

3.4 Конструкция (құрылыс) (structure): Жүктемелерді қабылдауға және барабар қаттылықты қамтамасыз етуге арналған өзара байланысқан конструктивті элементтердің көзделген комбинациясы

3.5 Конструктивті элемент (structural member): Конструкцияның физикалық ерекшеленетін бөлігі, мысалы, бағана, арқалық, плита, іргетас қадасы.

3.6 Жеке конструкция(member): Конструктивті жүйенің шекаралық шарттарды және тіреу схемасын есепке ала отырып, жеке-жеке қарастыруға болатын негізгі элементі (мысалы, арқалық, бағана, сонымен қатар ферма, рама және т.б. сияқты жиналмалы конструкциялар).

3.7 Көтергішқұрылыс бұйымы (structural element): Көтергішқұрылыс бұйымдарына іргетас, бағана, көпірлерде - тіреу, жол төсемінің тақтасы және көтергішэлементтері, мысалы, арқандар жатады.

3.8 Көтергішемес құрылыс бұйымы (non structural element): Көтергіш емесқұрылыс бұйымдарына жол жабындары мен қоршауларын қоса алғанда көтергішбұйымдарымен байланыстырылатын қосымша өңдеулер, сонымен қатар көтергішбұйымдарымен стационарлы байланысқан жабдықтар мен механикалық құрылғылар жатады.

3.9 Конструктивті жүйе (structural system): Ғимараттың немесе инженерлік құрылыстың бірлесіп жұмыс жасау үшін белгілі бір тәсілмен біріктірілген көтергіш элементтері.

3.10 Конструктивті жүйенің бір бөлігі (part of structure): Тиісті шекаралық шарттары мен тіреу сызбасы бар конструктивті жүйенің жеке бөлігі.

3.11 Құрылыс моделі (structural model): Құрылыстың жобалау кезінде есептеулерде және есептік тексерулерде қолданылатын дәріптелген сызбасы.

Ескертпе – Құрылыс моделі дәлдікті жоғалтпай есептеу процедурасын ықшамдауға арналған геометрияны жеңіл қабылдауды білдіреді – мысалы, есептеулерде тақталар арқалықтар түрінде, ал бағаналар стерженьдер түрінде ұсынылады.

3.12 Есептеу критерийі (design criteria): Әр шекті күй үшін орындалуы тиіс жағдайларды сипаттайтын сандық көрсеткіштер.

Ескертпе – Отқа төзімділікті есептеу тұрғысынан критерийлер ретінде негізінен конструкциялардың бұзылуын немесе шекті температураға жетуді қабылдайды.

3.13 Есептік жағдайлар (design situations): Есептеулер тиісті шекті күйлерден асып кетпегендігін көрсетуі тиіс белгілі бір уақыт аралығында кездесетін шынайы жағдайларды модельдейтін физикалық жағдайлар жиынтығы.

Ескертпе – Өртті апаттық есептік жағдайларға жатқызады.

3.14 Ауыспалы есептік жағдай (transient design situation): Ұзақтығы бойынша құрылысты пайдалану кезеңіне қарағанда біршама аз және пайда болудың жоғары ықтималдығына ие уақыт аралығы ішінде іске асырылатын жағдай.

Ескертпе – Ауыспалы есептік жағдай пайдаланудың немесе тіреу конструкциясына әсер етудің уақытша шарттарына жатады, мысалы, құрылыс кезінде немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында.

3.15 Тұрақты есептік жағдай (persistent design situation): Құрылысты пайдалану кезеңі ішінде анықтаушы болып табылатын жағдай.

Ескертпе

1 Ереже бойынша тұрақты есептік жағдай пайдаланудың қалыпты жағдайларына жатады. Аталған жағдай отқа төзімділікті есептеуде бастапқы деректер – жүктеме, кернеу ретінде қолданылуы мүмкін.

2 Өрт кезінде тұрақты есептік жағдай үшін анықталатын әсер етуші жүктемелердің тек белгілі бір бөлігі ғана әсер етеді деп саналады. Өрт біршама сирек кездесетін оқиғалар қатарына жататын болғандықтан, конструкцияның шамадан тыс жүктеу сәті моментінің өрттің туындау моментімен сәйкес келу ықтималдығы өте төмен.

3.16 Апаттық есептік жағдай (accidental design situation): Құрылыс үшін ерекше шарттарды немесе әсерлерді, мысалы, өртті, жарылысты, соққыны немесе жергілікті бұзылуды есепке алатын жағдай.

3.17 Өртке қарсы жобалық шаралар (fire design): Конструкцияларды жобалау кезінде өрт туындаған жағдайларда олардың жұмыс жасау қабілетін сақтап қалуға арналған шаралар.

Ескертпе – Отқа төзімділікті өртке қарсы жобалық шараларға жатқызады. Отқа төзімділіктің талап етілетін мәні ұлттық нормалармен (мысалы, «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті) бекітіледі. Еурокодтар отқа төзімділіктің нақты параметрлерін ғана анықтауға (есептеуге) мүмкіндік береді.

3.18 Қауіптілік (hazard): Әдеттегіден тыс және маңызды оқиға, мысалы, қоршаған ортаның болжанбаған әсері немесе ықпалы, беріктіктің немесе көтергішқабілетінің жеткіліксіздігі, не болмаса қарастырылған өлшемдерден рұқсат етілмейтін ауытқу.

3.19 Шекті күйлер (limit states): Асып кеткен кезде құрылыс конструкциялары жобалау нормасының талаптарына сай келмейтін күй.

3.20 Шектікшекті күй (ultimate limit states): Конструкцияның (құрылыстың) бұзылуына немесе істен шығуының басқа да формаларына байланысты күй.

Ескертпе – Ереже бойынша, олар конструкцияның немесе оның элементінің максималды көтергішқабілетіне сәйкес келеді, соның ішінде өрт әсері кезінде де.

3.21 Көтергішқабілеті (кедергі) (resistance): Конструктивті элементтің немесе оның бойлық қимасының механикалық бұзылуларсыз әсерлерге қарсы тұру қабілеті, мысалы, майысуға кедергі, тұрақтылықты жоғалтуға кедергі, созылуға кедергі.

3.22 Беріктік (strength): Материалдың әсерлерге қарсы тұру қабілетін сипаттайтын және әдетте механикалық кернеу бірлігімен өрнектелетін механикалық қасиеті.

3.23 Сенімділік (reliability): Құрылыстың немесе оның конструктивті элементінің пайдаланудың есептік мерзімі ішінде бекітілген талаптарға сәйкес келуінің қабілеті. Ереже бойынша, сенімділік ықтимал мәндермен өрнектеледі.

Ескертпе – Сенімділік түсінігі құрылыстың қауіпсіздігіне, пайдалануға жарамдылығына және төзімділігіне таратылады.

3.24 Номиналды мән (nominal value): Статистикалық талдау нәтижелері бойынша емес, тәжірибелік деректер немесе физикалық шарттар негізінде қабылданған мән.

Ескертпе – Номиналды мәндер статистикалық талдау жасау мүмкін емес болған жағдайларда қолданылады.

3.25 Әсер (F)(action (F)):

- a) Құрылысқа әсер ететін (тікелей әсер) күштер (жүктемелер) тобы;
- b) Температураның немесе ылғалдықтың өзгерістерінен, негіздердің біркелкі емес шөгуінен немесе жер сілкінісінен (жанама әсер) туындаған деформациялардың немесе ауытқулардың тобы.

Ескертпе – Өрт b) әсер ету нұсқасына жатады және конструкциялар бағытындағы стационарлы емес (уақыт бойынша ауыспалы) жылу ағынын білдіреді.

3.26 Әсер ету салдары (E)(effect of action (E)): Конструкция элементтеріне әсер ету нәтижесі (мысалы, ішкі күштер, моменттер, кернеу, деформация) немесе әсер етуден туындаған құрылыс реакциясы (мысалы, майысу, айналу).

3.27 Тұрақты әсер ету (G)(permanent action (G)): Пайдаланудың барлық мерзіміндегі әсер, оның шамасының уақытша өзгерісі орташа мәнмен салыстырғанда елеусіз немесе

белгілі бір шектік мәнге жеткенге дейін өзгерісі әрдайым бір сарынды және бір бағытта жүретін шаманың уақытша өзгерісі.

3.28 Айнымалы әсер (Q)(variable action (Q)): Уақыт бойынша шамасын өзгерту елеусіз де және бір сарында да емес әсер.

3.29 Апаттық әсер (A)(accidental action (A)): Әсер, ереже бойынша қысқа мерзімді, бірақ құрылысты пайдаланудың есептік мерзімі ішінде туындауының аз ғана ықтималдығына ие елеулі шама.

Ескертпе

1 Егер тиісті шаралар қабылданбайтын болса, апаттық әсер елеулі салдарға ие болуы мүмкін. Мысалы, өрт – апаттық әсер (қауіптілік) – конструкцияның (ғимараттың, құрылыстың) бұзылуына алып келуі мүмкін.

2 Сокқы, қар, жел және сейсмика әсері олардың статистикалық таралуына қатысты қолда бар ақпараттарға байланысты айнымалы немесе апаттық болуы мүмкін.

3.30 Белгіленген әсер (fixed action): Конструкцияға немесе конструктивті элементке қатысты тұрақты таратуға және күйге ие әсер, осының нәтижесінде егер оның шамасы мен бағыты конструкцияның немесе конструктивті элементтің бір нүктесі үшін анықталған болса, осы әсер шамасы мен бағыты конструкция немесе конструктивті элемент үшін бір мәнді анықталады.

Ескертпе – Отқа төзімділікті есептеу үшін белгіленген күш әсері (жүктеме) ғана есепке алынады. Өрт кезінде конструкцияның деформациясы жағдайларында жүктерді тасымалдау ескерілмейді. Өрт кезінде жүктердің өртенуі де ескерілмейді. Отқа төзімділікті есептеу кезінде өрттің жылу ағынының әсерінен қар массасының еруі салдарынан оң әсер ретінде есепке алынуы мүмкін қар жүктемесі ғана ерекшелік болып табылады.

3.31 Еркін әсер (free action): Конструкцияларға қатысы бойынша түрлі кеңістіктік таралымдарға ие болуы мүмкін әсер.

3.32 Статикалық әсер (static action): Конструкцияның немесе конструктивті элементтің елеулі ауытқуына алып келмейін әсер.

Ескертпе – Статикалық әсер – бұл қарастырылатын уақыт аралығы үшін қабылдануы мүмкін әсер. Отқа төзімділікті есептеу үшін тек статикалық күш әсерлері (жүктемелер) ғана есепке алынады.

3.33 Динамикалық әсер (dynamic action): Конструкцияның немесе конструктивті элементтің елеулі ауытқуына алып келетін әсер

3.34 Әсердің сипаттамалық мәні (F_k) (characteristic value of an action (F_k)): Әсердің анықтаушы репрезентативті мәні.

Ескертпе – Егер сипаттамалық мәнінің статистикалық орнатылуы мүмкін болса, онда оны «уақыттың референтті кезеңінің» ішінде осы мәнен асып кету орын алмайтын тағайындалған ықтималдықпен анықтайды; бұл ретте құрылысты пайдаланудың есептік мерзімі және есептік жағдай ұзақтығы есепке алынады.

3.35 Айнымалы әсердің комбинациялық мәні ($\psi_0 Q_k$) (combination value of a variable action ($\psi_0 Q_k$)): Мүмкіндігінше әсерлер комбинациясынан туындаған салдардан асып кету ықтималдығы жеке әсердің сипаттамалық мәнінен асып кету ықтималдығымен

шамамен бірдей болатындай тәсілмен статистикалық негізде анықталған айнымалы әсер мәні. Комбинациялық мән айнымалы әсердің сипаттамалық мәнін білдіреді және сипаттамалық мәнді $\psi_0 \leq 1$ коэффициентіне көбейту арқылы анықталуы мүмкін.

3.36 Айнымалы әсердің жеке мәні ($\psi_1 Q_k$) (frequent value of a variable action ($\psi_1 Q_k$)): Мүмкіндігінше осы мәннен асып кеткен кезде референтті кезең шегінде оның әсерінің қосынды уақыты референтті кезеңнің аз бөлігі болып табылатындай, не болмаса осы жоғарылау жиілігі белгіленген мәндермен шектелетіндей тәсілмен статистикалық негізде анықталған айнымалы әсер мәні. Жеке мән айнымалы әсердің сипаттамалық мәнінің бір бөлігін ұсынады және сипаттамалық мәнді $\psi_1 \leq 1$ коэффициентіне көбейту арқылы анықталуы мүмкін.

Ескертпе – Айнымалы әсердің жеке мәні уақытша ұзақ уақыт бойы әсер ететін, бірақ статистикалық негізде қабылданған жүктеме ретінде де белгі. Өрт қайталануы бойынша сиректер қатарына жататындықтан, онда отқа төзімділігін есептеу үшін айнымалы әсердің жеке мәнін қолдануға болады.

3.37 Ілеспе айнымалы әсердің мәні (ψQ_k) (accompanying value of a variable action (ψQ_k)): Әсерлер комбинациясындағы басым әсерді ілестіретін айнымалы әсер мәні.

Ескертпе – Ілеспе айнымалы әсердің мәні комбинациялық, жеке немесе квазитұрақты мәні болуы мүмкін. Айнымалы әсерлер қатысу уақыты, әсер ету шамасы тұрғысынан әр түрлі болғандықтан, уақыттың кез келген сәтінде (референтті кезең) олардың дәл мәнін (мысалы, өрттің туындауына сай келетін) есептеу мүмкін емес. Сондықтан есептік жағдайдың түріне байланысты (яғни, оның қатысуының ұзақтығы) $\psi \leq 1$ комбинациялық коэффициенті қолданылады.

3.38 Әсердің репрезентативті мәні (F_{rep}) (representative value of an action (F_{rep})): Шекті күйлер бойынша есептеу кезінде қолданылатын мән. Репрезентативті мән ретінде сипаттамалық мән (F_k) немесе ілеспе мән (ψF_k) қабылдануы мүмкін.

Ескертпе

1 Есептік мән өзіне тән мәnniң туындысы және қауіпсіздіктің жеке коэффициенті түрінде де белгіленуі мүмкін γ_F ; ($\gamma_F = \gamma_{sd}\gamma_f$).

2 Әсердің репрезентативті мәні әсердің «сипаттамалық» мәні ретінде де белгілі. Тұрақты күш әсерлері үшін отқа төзімділікті есептеу кезінде сипаттамалық мәнді, ал айнымалылар үшін әсердің ілеспе мәндерін қабылдайды.

3.39 Әсердің есептік мәні (F_d) (design value of an action (F_d)): Репрезентативті мәнді γ жеке коэффициентке γ көбейту арқылы алынған әсер мәні.

Ескертпе

1 Есептік мән өзіне тән мәnniң туындысы және қауіпсіздіктің жеке коэффициенті түрінде де белгіленуі мүмкін γ_F ; ($\gamma_F = \gamma_{sd}\gamma_f$).

2 Апаттық есептік жағдайлар (өрт) үшін γ_f коэффициент 1,0 тең етіп қабылданады.

3.40 Әсерлер комбинациясы (combination of actions): Түрлі әсерлер бір уақытта әсер еткен кезде кейбір шекті күйлер бойынша құрылыс сенімділігін тексеру кезінде қолданылатын әсерлердің есептік мәндерінің жиынтығы.

3.41 Сипаттамалық мәндер (X_k немесе R_k) (characteristic value (X_k or R_k)): Болжамды түрде сынақтардың шектелмейтін саны кезіндегі асырмаудың белгілі бір ықтималдығына

ие материалдың немесе бұйымның қасиетін сипаттайтын мән. Сипаттамалық мән әдетте қарастырылатын материалдың немесе бұйымның қабылданған статистикалық таралуының анықталған квантиліне сәйкес келеді. Кейбір жағдайларда номиналды мән сипаттамалық ретінде қолданылады.

Ескертпе

1 Ағаш беріктігі, мысалы, статистикалық тарату квантильдің 5% деңгейін тең етіп қабылданады. Бұл сыналған 100 бірдей үлгінің ең төменгі беріктікті көрсеткен 5 үлгісінің бракқа шығарылатындығын және материал беріктігі қалған 95 үлгінің ең азы бойынша қабылданатындығын білдіреді.

2 Ағаш үшін беріктіктің, қаттылықтың және тығыздықтың сипаттамалық мәндері оның беріктілік класына байланысты EN 338 сәйкес қабылданады және А қосымшасында берілген.

3.42 Материал мен бұйым қасиеттерінің есептік мәндері (X_d немесе R_d) (design value of a material or product property (X_d or R_d)): X_k материал мен бұйым қасиеттері көрсеткішінің сипаттамалық мәнін немесе R_k конструктивті элемент қасиетінің көрсеткішін γ_m немесе γ_M жеке коэффициентіне бөлу нәтижесінде алынатын немесе ерекше жағдайларда, тікелей анықталатын мән.

Ескертпе – Апаттық есептік жағдайлар (өрт) үшін γ_m немесе $\gamma_{M,fi}$ коэффициенттері 1,0 тең етіп қабылданады немесе ұлттық қосымшаларға сәйкес белгіленеді.

3.43 Материал мен бұйым қасиеттерінің номиналды мәндері (X_{nom} немесе R_{nom}) (nominal value of a material or product property (X_{nom} or R_{nom})): Әдетте тиісті құжатта, мысалы, Еуропа немесе алдын-ала стандартта анықталған сипаттамалық мән ретінде қолданылатын мән.

3.44 Геометриялық шаманың сипаттамалық мәні (a_k) (characteristic value of a geometrical property (a_k)): Әдетте жобалау кезінде қабылданған номиналды өлшеміне сәйкес келетін мән. Қажет болған кезде геометриялық өлшемдер мәні статистикалық таратудың белгіленген квантильдеріне сәйкес келуі мүмкін.

3.45 Геометриялық шаманың есептік мәні (a_d) (design value of a geometrical property (a_d)): Ереже бойынша – бұл номиналды мән. Қажет болған кезде геометриялық өлшемдердің мәндері статистикалық таратудың белгіленген квантильдеріне сәйкес келуі мүмкін.

Ескертпе – Ауытқулар геометриялық көрсеткіш мәні шекті күй үшін анықтаушы болып табылған кезде туындайды, мысалы, геометриялық ақаулардың бойлық иілуге әсері кезінде. Мұндай жағдайларда есептік мән тікелей өлшеу стандарттарында көрсетіледі. Қажет болған кезде есептік мән сипаттамалық мәnnің квантилінен асып кететін квантильді қолданатын (яғни, біршама сирек мән) статистикалық бағалаулар негізінде анықталуы мүмкін.

3.46 Конструкцияны есептеу (structural analysis): Конструкцияның кез келген нүктесіндегі әсер ету салдарын (күш, момент, кернеу, деформация) анықтау процедурасы немесе алгоритмі.

Ескертпе – Есепті түрлі үлгілерді қолдана отырып, үш деңгейде жүргізуге болады: жалпы есеп, жекелеген конструктивті элементтер есебі, локальды (жергілікті) есеп.

3.47 Жалпы есеп (global analysis): Конструкциядағы көтергішконструкциясына әсер етуде тепе-теңдікте тұрған және геометриялық өлшемдерге, конструктивті шешімдерге

және материалдардың қасиеттеріне тәуелді, өзара келісілген күш, момент және күш салу шамаларын анықтау.

Ескертпе – Жалпы есеп – бұл барлық конструктивті жүйенің есебі. Жалпы есеп әдетте автоматтандырылған жобалау жүйелерін қолдана отырып жүргізіледі.

3.48 Өрт кезінде конструктивті жүйені жалпы талдау (global structural analysis (for fire)): Өрт бүтіндей, толығымен немесе ішінара әсер еткен конструктивті жүйені талдау.

Ескертпе – Өрттің тікелей емес әсері барлық конструктивті жүйе үшін есепке алынады.

3.49 Өрттің тікелей емес әсері (indirect fire actions): Температуралық кеңеюден туындаған күштер.

3.50 Өрт кезінде жекелеген конструкцияны талдау (member analysis (for fire)): Конструкцияның өрт әсері жағдайларында тиісті шекаралық жағдайлармен және тіреу сызбасымен жеке қарастырылатын жылу-техникалық және статикалық есептері.

Ескертпе – Жекелеген конструкцияларды талдау кезінде температураның төмендеуінен туындаған әсерлерді қоспағанда, өрттің тікелей емес әсерлері қарастырылмайды.

3.51 Қалыпты температура кезіндегі есеп (normal temperature design): Қоршаған орта температурасындағы конструкция есебі.

3.52 Жылу-техникалық есеп (temperature analysis): Жылу әсерлерін (жылу ағынын), конструкция материалдарының жылу-техникалық қасиеттерін және қажет болған жағдайда, қорғайтын беттердің қасиеттерін есепке ала отырып, конструкциялардағы температураның жоғарылауын анықтау әдістері.

Ескертпе – Ағаш құрылыс конструкцияларының жылу-техникалық есебінің мәні күйдің түрлі жылдамдығын және қорғаныс қаптамасының бар-жоғын есепке ала отырып, бойлық қиманың күйі тереңдігінен өзгеруін (азаюын) анықтауға негізделген.

3.53 Отқа төзімділік (fire resistance): Конструктивті жүйенің, оның бір бөлігінің немесе жеке конструкцияның жүктеменің деңгейін тағайындай отырып, реттелетін өрттің белгіленген ұзақтығы барысында талап етілетін функцияларды (көтергіш және/немесе қоршау) орындау қабілеті.

3.54 Стандартты отқа төзімділік, отқа төзімділік шегі (standard fire resistance): Конструктивті жүйенің, оның бір бөлігінің немесе әдетте тек жеке конструкцияның стандартты температуралық тәртіппен анықталатын жылу әсері жағдайларында белгіленген уақыт ішінде әсердің регламенттелген әсері барысында талап етілетін көтергіш және/немесе қоршау функцияларын орындау қабілеті.

3.55 Бүтіндік (integrity) **Е**: Қоршау конструкциясының өрттің бір жақты әсері кезінде жалын мен жану өнімдерінің қыздырылмайтын беттерге өтіп кетуінің алдын алу қабілеті.

3.56 Жылу оқшаулау қабілеті (insulation) **І**: Қоршау конструкциясының өрттің бір жақты әсері кезінде қыздырылмайтын беттердегі температураның белгіленген деңгейден жоғарылауын шектеу қабілеті.

3.57 Көтергіш қабілеті (функция) (load bearing function) **R**: Конструктивті жүйенің немесе жекелеген конструкцияның өрт кезінде тағайындалған параметрлерге сәйкес белгіленген әсерлерге шыдау қабілеті.

3.58 Қоршау қабілеті (функция) (separating function): Қоршау конструкциясының регламенттелген өрттің таралуының немесе қыздырылмайтын беттің тұтануының алдын алу қабілеті (бүтіндікті **(E)**) және жылу оқшаулау қабілетін (**I**) қамтиды).

3.59 Өрт секциясы (бөлік) (fire compartment): Регламенттелген өрттің ғимарат шегінен шығып кетуіне кедергі келтіретін қоршау конструкцияларымен бөлінген бір немесе бірнеше қабат шегіндегі ғимараттардағы тұйық кеңістік.

3.60 Өртке қарсы қабырға (fire wall): Жапсарлас орналасқан конструкциялардың бір жақты қирауы кезіндегі ықтимал горизонталь жүктемелер әсерін есепке ала отырып, қажетті отқа төзімділікке және конструктивті тұрақтылыққа ие ғимараттың екі бөлігі (екі ғимарат) арасындағы қабырға.

Ескертпе – Әдетте бұл өзінің іргетасына сүйенетін кірпіш өзі-өзі көтеретін қабырға.

3.61 Қоршау конструкциясы (separating element): Өрт бөлімі қоршауының бір бөлігін құрайтын көтергіш немесе көтергіш емес конструкция (қабырға).

3.62 Есептік өрт (design fire): Жобалау кезінде қабылданған өрттің даму сызбасы.

Ескертпе – Отқа төзімділікті есептеу үшін стандартты температуралық тәртіпке сәйкес келетін басымдыққа ие есептік өрт қолданылады. Бұл ең алдымен ұлттық нормаларда қабылданған отқа төзімділіктің талап етілетін мәндерінің стандартты температуралық тәртібі уақытының бірлігімен өрнектелгендігіне негізделген.

3.63 Өрттің туындау тәуекелі (fire activation risk): Өрттің туындау ықтималдығын есепке алатын және өрт бөлігі алаңының функциясы және бөлме мақсаты болып табылатын параметр.

Ескертпе – Өрттің туындау тәуекелі бұл өрттің туындау ықтималдығының (қорғаныс жүйелерінің істен шығу ықтималдығы) осы ықтимал өрт алып келуі мүмкін залал сомасына көбейтіндісі ретінде анықталатын шама. Залал тікелей жанғыш материалдарды орналастыру алаңына байланысты болғандықтан, тәжірибеде залал бөлменің мақсатын есепке ала отырып, өрт бөлігінің ауданына (өрт еркін тарала алатын шектегі кеңістік) параметрлік өзгертіледі.

3.64 Өрт сценарийі (fire scenario): Осы өртті сипаттайтын және оны басқа мүмкін болатын өрттерден ерекшелейтін негізгі оқиғаларға арналған уақытта көрсете отырып, өрт ағынының сапалы сипаттамасы.

Ескертпе – Әдетте сценарий ғимараттың жабдықталуымен және өрттің өршуіне әсер ететін жүйелерімен өзара байланыстағы өрттің тұтану және даму процестерімен, оның толығымен даму және сөну сатыларымен сипатталады. «Өрт сценарийі» түсінігі өрттің жалпы және параметрлік үлгілеріне ғана тән.

3.65 Жылу әсерлері (thermal actions): Конструкцияларға жылу ағынының көмегімен сипатталатын конструктивті жүйеге әсер.

3.66 Температуралық тәртіптер (temperature-time curves): Конструкция бетін қоршап тұрған орта температурасының уақытқа тәуелділігі. Ол келесілерге бөлінеді:

– номиналды: отқа төзімділікті жіктеу және растау үшін бейімделген, жалпы қабылданған тәуелділіктер (орнатылғандары: стандартты температуралық тәртіп, сыртқы өрттің температуралық тәртібі және көмірсутек өртінің температуралық тәртібі);

– параметрлік: өрт моделі және өрт кезінде бөлмелердегі жадағайларды анықтайтын арнайы физикалық параметрлер базасында анықталған тәуелділіктер.

3.67 Стандартты температуралық тәртіп (standard temperature-time curve): Бөлмедегі өршіген өрт моделінің сипаттамасына арналған номиналды температура-уақыт тәуелділігі.

3.68 Өрттің эквивалентті ұзақтығы (equivalent time of fire exposure): Шынайы өрттегі сияқты дәл осындай жылулық әсері болжанатын стандартты температуралық тәртіппен сипатталатын өрттің ұзақтығы.

3.69 Оттан қорғайтын материал (fire protection material): Конструктивті элементтің отқа төзімділігін жоғарылату мақсатында оған қолданылатын кез келген материалдар не болмаса олардың үйлесімдігі.

3.70 Күю сызығы (char-line): Күйген қабат пен қалдық көлденең қима арасындағы шекаралық сызығы.

3.71 Тиімді көлденең қима (effective cross-section): Келтірілген көлденең қима әдісіне негізделген өртке қарсы қорғаныс параметрлерін есептеу кезіндегі конструкция қимасы. Ол беріктігі мен қаттылығы нөлге тең етіп қабылданатын қима бөліктерін алып тастау арқылы қалдық көлденең қимадан анықталады.

3.72 Қалдық көлденең қима (residual cross-section): Жеке конструкцияның күю тереңдігіне азайтылған көлденең қимасы.

3.73 Қорғайтын әсер уақыты (failure time of protection): Конструкцияны өрттің тікелей әсерінен қорғау ұзақтығы (мысалы, оттан қорғайтын жабын немесе қорғаныстың басқа түрі конструкция бетінен бөлініп қалған кезде, немесе алдын ала қорғалған конструктивті элемент қирау салдарынан бөлініп қалған немесе оттан қорғау шектен тыс деформация салдарынан басқа конструктивті элементтермен бұзылған кезде).

Ескертпе – Қорғайтын әсер уақыты қаптамалар мен жылудан оқшаулайтын материалдардың әр түрі үшін анықталады (оларды қаңқа конструкцияларда қолданған кезде).

3.74 Оттан қорғайтын материал (fire protection material): Конструктивті элементтің отқа төзімділігін жоғарылату мақсатында оған қолданылатын кез келген материалдар не болмаса олардың үйлесімдігі.

Ескертпе – Осы терминнен түрлі қаптамалар (гипс-картонды табақтар, ағаш-жаңқалы және ағашталшықты тақталар) және жылудан оқшаулайтын материалдар (көбінесе минералды және шынымақталар) түріндегі конструктивті өртке қарсы қорғанысты қолдануды түсінеміз.

3.75 Қабатты жұқа тақтайлы кесілген материал (laminated veneer lumber) **LVL**: Негізінен бір бағытта тұрғызылған талшықтары бар өзара желімденген ағаш жұқа тақтай табақтардан тұратын қабатты материал.

Ескертпе – Осы анықтама ирек-ирек талшықтары бар жұқа тақтай табақтарынан тұратын қабатты жұқа тақтайлы кесілген материалдарды да қамтуы мүмкін.

3.76 Ағаш талшықты тақталар (бағытталған-жаңқалы) (orient strand board) OSB:

Белгілі бір формаға және қалыңдыққа ие және өзара біріктіргіштермен байланысқан ағаш жаңқасынан жасалған көп қабатты тақталар.

Ескертпе – OSB тақталарында сыртқы қабаттағы жоңқа тақта ұзындығы немесе ені бағытында бағытталған, ал орталық қабаттағы жоңқа әдетте сыртқы қабат жоңқасына перпендикуляр бағытталған.

3.77 Гипс-картонды табақ (gypsum plasterboard): Гипстен жасалған өзектен және кедергі жасауға қабілетті желімденген тығыз картоннан жасалған қабықтан тұратын тік бұрышты бұйым.

Ескертпе

1 Картондардың беттері табақтардың әр типін қолдану облысына байланысты әр түрлі болуы мүмкін, ал гипстен жасалған өзек табаққа қосымша қасиеттер беретін қоспалардан тұрады.

2 Табақтың бойлық жиектері картонмен жабылған және оларды қолдану мақсатына сәйкес профильдерге ие.

3.78 Гипс-картонды табақтың бойлық жиегі (axial edges of side gypsum plasterboard): Табақтың бойлық бағытындағы картонмен қапталған жиегі.

3.79 Гипс-картонды табақтың көлденең жиегі (cross edges of side gypsum plasterboard): Көлденең жиекке перпендикуляр, гипстен жасалған өзегі көрініп тұратын жиек.

3.80 Гипс-картонды табақтың алдыңғы беті (front side of gypsum plasterboard): Табақтың беті және бойлық жиектері картонмен жабылған беті.

3.81 Гипс-картонды табақтың сыртқы беті (backside of gypsum plasterboard): Табақтың алдыңғы бетке қарама-қарсы беті.

3.82 А типті гипс-картонды табақтар (gypsum plasterboard of type A): Алдыңғы бетіне гипс тегістеме немесе сәндік жабын жағылуы мүмкін табақтар.

Ескертпе – Таңбалау мақсатында табақтарды келесі түрде белгілейді: «А типі».

3.83 H типті гипс-картонды табақтар (су сіңіру қабілеті төмен табақтар) (gypsum plasterboard of type H): Гипстен жасалған өзегі табақтардың су сіңіру қабілетін төмендететін қоспалардан тұратын табақтар.

Ескертпе

1 Табақтарды су сіңіру қабілетінің төмен болуы талап етілетін жағдайларда қолданады.

2 Таңбалау мақсатында табақтардың су сіңіру қабілетіне байланысты оларды келесі түрде белгілейді: «Н1 типі», «Н2 типі» және «Н3 типі».

3.84 E типті гипс-картонды табақтар (gypsum plasterboard of type E): Әдетте сыртқы қабырға элементтерінің қаптамасы ретінде қолданылатын табақтар.

Ескертпе

1 Табақтарға сәндік жабын жағу қарастырылмаған.

2 Табақтар сыртқы климаттық жағдайлардың ұзақ уақыт бойы әсер етуіне есептелмеген. Табақтарға су сіңіру қабілетінің төмендігі және минималды өткізгіштік тән.

3 Таңбалау мақсатында табақтарды келесі түрде белгілейді: «E типі».

3.85 F типті гипс-картонды табақтар (жоғары температура кезінде гипстен жасалған өзегінің отқа төзімділігі жоғары табақтар) (gypsum plasterboard of type *F*): Алдыңғы бетіне тегістегіш немесе сәндік жабын жағылуы мүмкін табақтар.

Ескертпе

1 Жоғары температура кезінде құрылымды жақсарту және беріктікті жоғарылату үшін табақтардың гипстен жасалған өзегі минералды талшықтардан және/немесе басқа да қоспалардан тұруы мүмкін.

2 Таңбалау мақсатында табақтарды келесі түрде белгілейді: «*F* типі».

3.86 P типті гипс-картонды табақтар (gypsum plasterboard of type *P*): Алдыңғы беті гипсті тегістегіш жағуға немесе гипс-картонды табақтар және тақта материалдар сияқты материалдарды жабыстыруға арналған табақтар.

Ескертпе

1 Гипс тегістеме жағу қарастырылған табақтардың жиегінің формасы тік бұрышты немесе дөңес болуы керек.

2 Таңбалау мақсатында табақтарды келесі түрде белгілейді: «*P* типі».

3.87 D типті гипс-картонды табақтар (тағайындалған бақыланатын тығыздыққа ие табақтар) (gypsum plasterboard of type *D*): Алдыңғы бетіне гипсті тегістегіш немесе сәндік жабын жағылуы мүмкін, тығыздығы бақыланатын табақтар.

Ескертпе

1 Табақтардың гипстен жасалған өзегі қолданудың белгілі бір жағдайларында табақтардың оңтайлы қасиеттерін қамтамасыз ететін белгілі бір тығыздыққа ие болуы мүмкін.

2 Таңбалау мақсатында табақтарды келесі түрде белгілейді: «*D* типі».

3.88 R типті гипс-картонды табақтар (беріктігі жоғары табақтар) (gypsum plasterboard of type *R*): Алдыңғы бетіне гипсті тегістегіш немесе сәндік жабын жағылуы мүмкін табақтар.

Ескертпе

1 Көлденең және бойлық бағыттарда жарылуға жоғары беріктік талап етілетін жағдайларда қолдануға арналған табақтар.

2 Таңбалау мақсатында табақтарды келесі түрде белгілейді: «*R* типі».

3.89 I типті гипс-картонды табақтар (бетінің қаттылығы жоғары табақтар) (gypsum plasterboard of type *I*): Табақтарға бетінің қаттылығының жоғары болуы талаптары қойылатын жағдайларда қолдануға арналған табақтар.

Ескертпе

1 Табақтардың алдыңғы бетіне гипс тегістеме немесе сәндік жабын жағылуы мүмкін.

2 Таңбалау мақсатында табақтарды келесі түрде белгілейді: «*I* типі».

3.90 Біріктіру элементі (connector): Әдетте бір конструкцияның екінші конструкцияға түсіретін жүктемесіне шыдайтын байланыстырғыш болттармен бірге бекітілген екі конструкцияның жанасып тұрған беттерінің біріне жартылай салынған пластинадан, тісті пластинадан немесе сақиналы пластинадан тұратын элемент.

3.91 Пластинамен біріктіру (plate connector): Пластинаның бір бетінің параметрі бойынша шентемірі бар дөңгелек пластинадан жасалған бір жақты біріктіру элементі.

3.92 Тісті-сақиналы кілтекті біріктіру (toothed-plate connector): Жиектерінде тік бұрышты тістері немесе істіктері бар пластинадан жасалған бір жақты біріктіру элементі.

Ескертпе – Тісті пластинасы бар байланыстыру элементі екі жақты және бір жақты болуы мүмкін.

4 БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құралда келесі белгілеулер қабылданған:

4.1 Латын алфавитінің бас әріптері

A – ағаш конструкциясы көлденең қимасының қалыпты температура кезінде анықталған минималды алаңы;

A_r – қалдық көлденең қиманың ауданы;

A_t – күйген көлденең қиманың ауданы;

E_d – әсерлердің есептік нәтижесі;

$E_{d,fi}$ – өрт кезіндегі ағаш серпімділігінің есептік модулі;

$E_{fi,d,t}$ – серпімділіктің есептік модулі; өрт кезіндегі әсерлердің есептік нәтижесі;

F_{Rk} – ылғалдық пен жүктеме әсерінің ұзақтығын есепке алмағанда қалыпты температура кезіндегі қосылыстың сипаттамалық кедергісі ($k_{mod} = 1$);

$G_{fi,d}$ – өрт кезіндегі ығысу модулінің есептік мәні;

G_k – тұрақты әсердің сипаттамалық мәні;

I – инерция моменті;

K_{fi} – өрт кезіндегі сырғанау модулі;

K_u – қалыпты температура кезіндегі бірінші топтың шекті күйіне арналған сырғанау модулі;

M_d – есептік момент;

N – осьтік күшею;

$Q_{k,1}$ – басым түсетін айнымалы әсердің сипаттамалық мәні, 1 (жетекші әсер);

$R_{fi,d,t}$ – өрт кезіндегі уақыт моментіндегі, t , элементтің есептік кедергісі;

R_{20} – жүктеме мен ылғал әсерінің ұзақтығы есепке алынбайтын әдеттегі температура кезіндегі кедергінің 20 % квантили;

R_k – жүктеме мен ылғал әсерінің ұзақтығы есепке алынбайтын қалыпты температура кезіндегі қосылыс кедергісінің сипаттамалық мәні;

S_{05} – қалыпты температура кезіндегі қаттылықтың (серпімділік модулі немесе ығысу модулі) 5 % квантили;

S_{20} – қалыпты температура кезіндегі қаттылықтың (серпімділік модулі немесе ығысу модулі) 20 % квантили;

$S_{fi,d}$ – өрт кезіндегі қаттылықтың (серпімділік модулі немесе ығысу модулі) есептік мәні;

W_{ef} – тиімді көлденең қима кедергісінің моменті;

W_r – қалдық көлденең қима кедергісінің моменті.

4.2 Латын алфавитінің кіші әріптері

a_0 — параметр;
 a_1 — параметр;
 a_2 — қашықтық;
 a_3 — қашықтық;
 a_{fi} — қосылыс кедергісінің жоғары болуы үшін құрылыс элементінің қосымша қалыңдығы;
 b_{min} — көлденең қиманың бастапты минималды ені;
 d — бекітпе бұйымның диаметрі;
 d_0 — күй сызығынан тыс қабат тереңдігі, бұл ретте беріктік пен қаттылық нөлге тең етіп қабылданады;
 $d_{char,0}$ — өрттің бір жақты әсері кезіндегі күй тереңдігі;
 $d_{char,n}$ — шартты күй тереңдігі;
 d_{ef} — тиімді күй тереңдігі;
 d_g — саңылау тереңдігі;
 d_{Θ} — күй сызығынан тыс қабат тереңдігі, мұнда өрт әсері кезінде температура жоғарылайды;
 f_{20} — қалыпты температура кезіндегі беріктіктің 20 % квантили;
 $f_{c,0,d}$ — талшықтарды бойлай сығуға есептік кедергі;
 $f_{d,fi}$ — өрт кезінде ағаш беріктігінің есептік мәні;
 f_k — ағаш беріктігінің сипаттамалық мәні;
 f_{vk} — ығысуға беріктіктің сипаттамалық мәні;
 $f_{m,d}$ — ағаштың иілуге есептік кедергі;
 $f_{m,k}$ — ағаштың иілуге сипаттамалық кедергісі;
 $f_{t,0,d}$ — талшықтарды бойлай созылуға есептік кедергі;
 h_{ins} — оқшаулағыш қалыңдығы;
 h_p — оттан қорғайтын қаптама қалыңдығы;
 $h_{p,tot}$ — гипс-картонның бірнеше қабатын қолданған жағдайда қаптаманың жалпы қалыңдығы;
 i — инерция радиусі;
 k — параметр;
 k_p — өртке қарсы қаптама тиімділігін есепке алатын коэффициент;
 k_0 — коэффициент;
 k_2 — оқшаулағышты қолдану коэффициенті;
 k_3 — қалдық қорғаныс коэффициенті;
 k_{fi} — беріктіктің сипаттамалық мәнінің 5% квантильден 20% квантильге аудару коэффициенті;
 k_{flux} — бекітпе бұйымдардың жылулық ағынын есепке алатын коэффициент;
 k_h — өртке қарсы қаптама қалыңдығын есепке алатын коэффициент;
 k_j — ағаш конструкцияларына бекітілмеген қаптамаларға арналған қосылыс коэффициенті;
 k_{mod} — жүктеме әсерінің ұзақтығын және ылғал мөлшерін есепке алатын модификация коэффициенті;

$k_{\text{mod,fi}}$ – өрт кезіндегі жүктеме әсерінің ұзақтығын және ылғал мөлшерін есепке алатын модификация коэффициенті;

k_n – симметриялық емес кішірейтілген көлденең қиманы шартты, тік бұрышты көлденең қимаға аудару коэффициенті;

k_θ – температураға тәуелді және беріктіктің немесе қаттылықтың сипаттамаларын есепке алатын беріктік және деформация сипаттамаларын төмендету коэффициенті;

k_j – ағаш конструкцияларына бекітілмеген қаптамаларға арналған қосылыс коэффициенті;

k_s – көлденең қима коэффициенті;

l_a – элементтің бекітпе бұйымының жанбаған ағашқа қысылуының тереңдігі;

$l_{a,\text{min}}$ – бекітпе бұйымның қысылып қалған бөлігінің минималды тереңдігі;

l_f – біріктіру элементінің ұзындығы;

$l_{f,\text{req}}$ – бекітпе бұйымдардың талап етілетін тереңдігі;

l_p – панельдерді орналастыру қадамы;

p – өрт кезіндегі қалдық көлденең қиманың периметрі;

r – күйе кезінде жұмыр қабырғаның радиусі;

q – конструкцияға түсірілетін жүктеме;

t – өрт әсерінің ұзақтығы;

t_0 – күйдің тұрақты жылдамдығына ие уақыт аралығы;

t_1 – бүйір элементінің қалыңдығы;

t_{ch} – қорғалған конструкция күйе бастағанға дейінгі уақыт;

$t_{\text{fi,d}}$ – отқа төзімділіктің есептік (нақты) шегі;

$t_{\text{fi,req}}$ – отқа төзімділіктің талап етілетін шегі;

t_f – өртке қарсы қамтаманың қорғау әсерінің уақыты;

t_{ins} – конструкцияның жылытылмайтын бетіндегі температураны жоғарылату уақыты;

$t_{\text{ins},0,i}$ – оқшаулағыштың i қабатының негізі мәні;

$t_{p,\text{min}}$ – панельдің минималды қалыңдығы;

t_R – тіреу қабілетін жоғалту бойынша отқа төзімділік шегі;

t_{sf} – болат швеллерлердің қорғау әсерінің уақыты;

t_s – болат швеллерлердің қалыңдығы;

w – майыстыру шамасы;

$v_{\text{rec,gw}}$ – жылу оқшаулағыш енінің азаю жылдамдығы;

y – координата;

z – координата.

4.3 Грек алфавитінің бас әріптері

Θ – температура;

Θ_d – материалдың есептік температурасы;

$\Theta_{\text{cr,d}}$ – материалдың есептік шектік температурасы.

4.4 Грек алфавитінің кіші әріптері

- β_0 – өрттің стандартты әсері кезінде күйдің бір жақты жылдамдығының есептік мәні;
 β_n – өрттің стандартты әсері кезінде күйдің шартты жылдамдығының есептік мәні;
 η_{fi} – өрт кезіндегі жүктеменің есептік деңгейінің коэффициенті;
 η_f – сырғанау модулінің ауыстыру коэффициенті;
 γ_G – тұрақты әсерлерге арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
 γ_{GA} – апаттық жағдайлардағы тұрақты әсерлерге арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
 γ_M – модель қателігін және шаманың ауытқуын есепке алатын құрылыс элементі қауіпсіздігінің жеке коэффициенті;
 $\gamma_{M,fi}$ – өрт кезіндегі ағаш қауіпсіздігінің жеке коэффициенті;
 $\gamma_{Q,1}$ – басым түсетін айнымалы әсерге арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;
 λ – элементтің иілгіштігі;
 ρ_k – сипаттамалық тығыздығы;
 ρ_{ins} – жылу оқшаулағыш материалдың тығыздығы;
 ω – ылғалдылығы;
 τ_d – ығысудың есептік мәні;
 $\psi_{1,1}$ – айнымалы әсердің жеке мәніне коэффициент;
 $\psi_{2,1}$ – айнымалы әсердің квазитұрақты мәніне коэффициент;
 ψ_{fi} – айнымалы немесе жеке әсердің квазитұрақты мәніне коэффициент.

5 ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Көтергішконструкцияларын пайдаланудың жобалық кезеңі ішінде ықтимал ықпалдар мен әсерлерге қажетті сенімділікпен және үнемділіктен шыдайтындай және отқа төзімділігін сақтап қалатындай тәсілмен жобалау және салу қажет. Өрт туындаған жағдайда өрттің талап етілетін ұзақтығына көтергіш қабілетінің жеткілікті резерві қамтамасыз етілуі тиіс (отқа төзімділіктің талап етілетін мәні).

Ескертпе – «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентіне (4 және 5 қосымшалар) сәйкес өрт кезіндегі көтергіш қабілеті конструкцияның стандартты от әсері кезінде көрсетілетін отқа төзімділіктің талап етілетін мәндеріне (отқа төзімділіктің талап етілетін мәндеріне) сәйкес келуімен қамтамасыз етіледі.

5.1.2 R өрт кезіндегі көтергіш қабілеті қиманы азайту (күйдіру) есебінен конструкцияға от әсері кезінде таусылатын құрылыс конструкциясының көтергіш қабілетінің резервін білдіреді. Өрттің стандартты әсері үшін өрт кезіндегі көтергіш қабілеті де «отқа төзімділік шегі» деп аталуы және отқа төзімділіктің нормаланатын критерийлеріне (шектеу күйлеріне) жеткенге дейінгі уақытпен (минутпен) анықталуы мүмкін (мысалы – $R30$, $R60$, $R150$).

5.1.3 Көтергішконструкциясын өрт (жарылыс), соққы немесе механикалық істен шығу сияқты оқиғалар орын алған кезде әр түрлі салдар туындамайтындай тәсілмен

жобалаған және салған жөн. Әр түрлі салдар жеке өрт тәуекелінің нормаланатын мәнінен асып кетумен және олардың алдын алуға кеткен шығындармен салыстырғанда салдардың экономикалық шығындарының асып кетуімен анықталады.

Өрт (жарылыс), соққы немесе механикалық істен шығу сияқты оқиғалардың туындау ықтималдығының аз екендігін есепке ала отырып оларды бір уақытта іске асыруды есепке алмаған дұрыс.

5.1.4 Ықтимал бұзылуды тиісті шараларды немесе келесі шаралар кешенін өткізу арқылы шектеген немесе алдын алған жөн:

- көтергішконструкциясына әсер етуі мүмкін қауіптердің алдын алу, болдырмау немесе азайту (конструкцияға жақын жерлерде өрттің туындау ықтималдығын азайту не болмаса жанғыш заттар мен материалдарды азайту (болдырмау));

- конструкцияның жекелеген элементтерінің істен шығуы немесе бұзылу салдарынан көтергішконструкциясының бір бөлігінің шектелуі барлық көтергішконструкциясының істен шығуына алып келмейтін тіреу жүйесінің түрін және оның құрылыстық орындалымын қолдану (бұзылу салдарынан статикалық анықталатындарға айналған кезде әсер етуші жүктемелерді қабылдауға қабілетті статикалық анықталмаған элементтерді қолдану);

- басталып жатқан бұзылудың алдын ала белгілерісіз толығымен істен шығуы мүмкін көтергіш жүйелерін мүмкіндігінше қолданбау (конструкцияның бір бөлігінің күюі кезінде бір қалыпты бұзылу мүмкіндігімен жобалау, сонымен қатар өрт әсер ететін тараптар санын азайту);

- көтергіш элементтерін сенімді біріктіру, сонымен қатар ағаш конструкциялардағы металл қосылыстарды сенімді қорғау.

5.1.5 Егер жарылу ықтималдығы бар болса, көтергішконструкцияларына әсер етуі мүмкін қауіптердің алдын алуға, болдырмауға немесе азайтуға келесі шараларды қолдану арқылы қол жеткізіледі:

- бөлмеде түзілетін шаң, газ немесе бу массасын болдырмау не болмаса шектеу;

- ауадағы шаңның, газдың немесе будың пайыздық мөлшерін тұтанудың концентрациялық шектерінен азайту;

- тұтану көзін болдырмау не болмаса шектеу;

- жарылыс әсеріне төзімді қоршау өлшемін, формасын және төзімділігін жобалау;

- қысымды түсіру үшін ойықтарды немесе клапандарды қолдану.

5.1.6 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 сәйкес негізін қалаушы талаптарға сәйкес келу келесілер арқылы қамтамасыз етіледі:

- сапалы құрылыс материалдарын қолдану;

- мақсатқа сай жобалау және есептеу, сонымен қатар тиісті құрылыс орындалымы;

- жоба ерекшеліктеріне байланысты жобалау, дайындау, құрылыс және пайдалану кезеңдерінде бақылау жүргізу.

5.1.7 Осы құралда мазмұндалған талаптар техниканың дамуының заманауи деңгейіне және жобалау тәжірибесіне сәйкес жобалау мен есептеулерді орындауды қарастырады.

5.1.8 Жобалау талаптары мен рұқсаттарына сәйкес келетін көтергішконструкцияларын жасау үшін сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тиісті шараларды жүргізген жөн.

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 сәйкес осы шаралар келесілерден тұрады:

- сенімділікке қойылатын талаптарды анықтау;
- ұйымдастыру шаралары;
- жобалау, жұмыстар жүргізу кезеңінде, пайдалану және техникалық қызмет көрсету процесінде бақылау.

5.2 Отқа төзімділікті есептеу әдістері

5.2.1 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 сәйкес отқа төзімділікті есептеу келесі кезеңдерден тұрады:

- өрттің ықтимал есептік сценарийлерін таңдау;
- тиісті есептік өртті анықтау;
- конструкциялардағы температураның жоғарылауын есептеу (жылу-техникалық есеп);
- өрт кезінде конструкциялардың механикалық сипаттамаларын есептеу (статикалық есеп).

Ескертпе – Конструкциялардың механикалық сипаттамаларын анықтау кезінде механикалық әсерлердің тікелей нәтижелерін, жылулық әсерлерін және оған байланысты материалдардың сипаттамаларының өзгеруін, сонымен қатар тікелей емес механикалық әсерлерді есепке алған жөн.

5.2.2 Отқа төзімділікті есептеу жылу-техникалық және статикалық есептеулер үшін әсерлерді қолданудан тұрады.

5.2.3 Апаттық есептік жағдайды, өрттің ықтимал сценарийлерін және олармен байланысты есептік өрттерді белгілеу ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 және ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 мазмұндалған әдістерге сәйкес өрт тәуекелдерін талдау негізінде жүргізіледі. Егер конструкциялар үшін басқа да апаттық әсерлер салдарынан ерекше өрт тәуекелдері туындаса, онда бұл тәуекелдер қауіпсіздіктің жалпы концепциясын жасау кезінде есепке алынады.

5.2.4 Өрт секциясындағы (бөлігіндегі) оның әр сценарийі үшін есептік өрт ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 3-тарауына сәйкес бағалануы және егер есептік өрт сценарийінде басқасы қарастырылмаған болса, осымен бір уақытта тек бір ғана өрт секциясын (бөлігін) қамтуы тиіс.

5.2.5 Егер конструкция үшін ұлттық нормалар («Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті) отқа төзімділік жөніндегі талаптарды белгілесе (уақыт мәніндегі отқа төзімділік шектері), егер басқасы белгіленбеген болса, есептік ретінде стандартты өрт қабылданады.

5.2.6 Жекелеген конструкцияның жылу-техникалық есептеуін орындау кезінде оған қатысты есептік өрттің күйі көрсетілуі керек. Дәл мәліметтер болмаған жағдайда өрт әсерін конструкцияның барлық тарабынан қабылдауға рұқсат етіледі.

5.2.7 Сыртқы конструкциялар үшін қасбеттер мен жабындардағы (қақпақтардағы) ойықтар арқылы өрт әсерін есепке алу қажет. Сыртқы қоршап тұрған қабырғалар үшін іштен (тиісті өрт секциясы/бөлігі үшін) және балама ретінде сырттан (басқа өрт секциясынан) әсер ететін өртті есепке алу қажет.

5.2.8 Тандалған есептік өртке байланысты ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 2.4-тармағына сәйкес келесі әдістер қолданылады:

– номиналды (стандартты) температуралық тәртіпті қолдану кезінде жекелеген конструкциялардың жылу-техникалық есебі салқындату фазасын есепке алмай, уақыттың белгіленген кезеңі үшін жүргізіледі;

– өртті модельдеу кезінде жекелеген конструкциялардың жылу-техникалық есебі салқындату фазасын қоса алғанда өрттің толық ұзақтығы үшін жүргізіледі.

Ескертпе – Белгіленген уақыт аралығы (отқа төзімділіктің талап етілетін шегі) ұлттық нормалармен бекітіледі немесе осы құралға сәйкес негізделеді.

5.2.9 Жылу-техникалық және статикалық есептеулер бірдей уақыт аралықтары үшін жүргізілуі тиіс.

5.2.10 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (2.1)-(2.3) формулаларына сәйкес отқа төзімділік келесі шарттарды орындау арқылы расталады:

– уақыт параметрлерінде:

$$t_{fi,d} \geq t_{fi,requ}; \quad (5.1)$$

– беріктік параметрлерінде:

$$R_{fi,d,t} \geq E_{fi,d,t}; \quad (5.2)$$

– температуралық параметрлерде:

$$\Theta_d < \Theta_{cr,d}, \quad (5.3)$$

мұнда $t_{fi,d}$ – отқа төзімділіктің есептік шегі;

$t_{fi,requ}$ – отқа төзімділіктің талап етілетін шегі;

$R_{fi,d,t}$ – өрт кезіндегі элементтің есептік кедергісі, t уақыт моментінде;

$E_{fi,d,t}$ – өрт кезіндегі әсердің есептік нәтижесі, t уақыт моментінде;

Θ_d – материалдың есептік температурасы;

$\Theta_{cr,d}$ – материалдың есептік критикалық температурасы.

МЫСАЛ Ағаш конструкциялар үшін жоғарыда аталған үш шарты бір уақытта қолдануға болады. Мысалы, ағаш арқалық үшін отқа төзімділіктің талап етілетін шегі R_{45} құрайды. Отқа төзімділіктің нақты шегі (есептеу бойынша) көрсетілген мәннен кем болмауы тиіс, мысалы, R_{60} . Мұның (5.1) формулаға сәйкес келетіндігі айқын. Сонымен қатар, есептеуді жеңілдету мақсатында (5.2) формуласын қолданған және арқалықтың беріктігін стандартты от әсерінің тағайындалған уақытында (45 минут) ғана бағалау ыңғайлы. Ағаш конструкциялар үшін өрт кезіндегі төзімділікті критикалық температура әдісімен (көп жағдайда – 300 °C) бағалау ыңғайлы. Арқалық бетіндегі температура тағайындалған уақыт моментінде (45 минут) критикалық мәнге жетпесе, (5.3), (5.2) және (5.1) формулалары ретімен есептелетіндігі айқын.

5.3 Шекті күйлер бойынша есептеудің негізгі қағидалары

5.3.1 Көтергіш конструкцияларды жобалау кезінде көтергіш қабілетінің шекті күйлері және пайдалануға жарамдылықтың шекті күйлері бойынша талаптарға бөлінеді.

Ескертпе

1 Осы талаптар бастапқыда пайдаланудың қалыпты жағдайлары үшін әзірленген. Отқа төзімділік тұрғысынан R көтергіш қабілеті негізінен тіреу қабілетінің шекті күйіне (шекті күйлердің 1-тобы) қойылатын талаптар бойынша анықталады, дегенмен әсер ету мен материалдардың сипаттамаларына қойылатын талаптар көбінесе пайдалануға жарамдылықтың шекі күйіне (шекті күйлердің 2-тобы) арналғандар ретінде қабылданады. Кейбір жағдайларда (мысалы, сертификатталған от сынақтары кезінде) өрт кезіндегі көтергіш қабілетін бағалау пайдалануға жарамдылықтың шекті күйіне ұқсас жүргізіледі – конструкцияның шекті деформациясын есептеу жолымен.

2 Қолданыстағы нормативтік құжаттарда және олардан кейінгі құжаттарда (құралдарда) «отқа төзімділік бойынша шекті күй» түсінігі (R , E , I белгілерінің жалпы атауы ретінде) кеңінен қолданылады. Еурокодтар шегінде бұл түсініктер функциялар ретінде анықталған: R – конструкцияның көтергіш қабілетінің функциясы (күшті не болмаса өрттің әсерінің уақыт бойынша моментін қабылдау қабілеті); EI – отқа тосқауыл болу қабілетінің функциясы (конструкцияның қыздырылмайтын бетіндегі материалдардың жануы үшін жеткілікті конструкция қалыңдығының өрттің әсер ету уақытына тәуелділігі). Сондықтан осы құралда «шекті күй» түсінігі көтергіш қабілетін бағалауға қойылатын талаптарды белгілеу үшін ғана қолданылады (өрт кезінде).

5.3.2 Егер жеткілікті мәліметтер олардың басқа шекті күйлер бойынша есептеулерден асып түсетіндігін дәлелдесе, аталған күйлердің бірі бойынша есептерді жасамауға болады.

5.3.3 Шекті күйлерді есептік жағдайларды есепке ала отырып есептейді. Көтергішконструкцияларының отқа төзімділігін жобалау және есептеу кезінде 5.3.5-тармаққа сәйкес тұрақты, уақытша және апаттық есептік жағдайлар деп бөлінеді.

Ескертпе – Өрт апаттық есептік жағдайларға (апаттық әсерлерге) жатады.

5.3.4 Негізгі есептік жағдайларды (есептік өрт) көтергішконструкциясы өз функцияларын орындауы тиіс шарттарды есепке ала отырып анықтаған жөн. Қолданылатын есептік жағдайлар жеткілікті көлемде көтергішконструкциясын пайдалану барысында болжауға болатын барлық шарттардан тұруы тиіс. Барынша толық мәліметтер болмаған кезде стандартты өрт әсерін қолдануға рұқсат етіледі.

5.3.5 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 3.2-тармағына сәйкес есептік жағдайларды келесілерге бөледі:

- көтергішконструкциясының әдеттегі шарттарына сай келетін тұрақты жағдайлар;
- көтергішконструкциясының уақыт бойынша шектелген күйіне қатысты уақытша жағдайлар, мысалы, құрылыс немесе жөндеу;
- көтергішконструкциясы үшін апаттық шарттарға жататын апаттық жағдайлар, мысалы, өрт, жарылыс, соққы немесе локальды істен шығу салдары;
- көтергішконструкциясына сейсмикалық әсер кезіндегі жағдайлар.

5.3.6 Өрт кезінде көтергішконструкцияларының апаттарының алдын алу есебінен адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шекті күйлер көтергіш қабілетінің шекті күйлері ретінде жіктеледі. Көтергіш қабілеті бойынша шекті күйлердің келесі түрлері бар (сондайақ 5.3.1-тармаққа Ескертпені қараңыз):

- қатты жүйе немесе оның бір бөлігі ретінде қарастырылатын көтергішконструкциясының тұрақтылығын жоғалту;
- шектен тыс деформация немесе құрылыстың немесе оның бөліктерінің кинематикалық күйге, бұзылу күйіне немесе тұрақсыз күйге ауысуы салдарынан істен шығу.

Ескертпе – Шектен тыс деформация салдарынан істен шығу механикалық төзімділікті жоғалтуға байланысты іске шығу ретінде қарастырылады. Бұл әдетте пластик топса түзілімінде және конструкцияның кинематикалық күйге – бұзылуға ауысуында көрінеді.

5.3.7 Көтергішконструкциясының немесе оның бөліктерінің бірінің функцияларын немесе пайдаланушылардың өздерін жақсы сезінуін немесе құрылыстың сыртқы түрін қамтамасыз ететін шекті күйлерді пайдалануға жарамдылықтың шекті күйлері ретінде жіктейді. Пайдалануға жарамдылық бойынша шекті күйлер келесі түрлерге бөлінеді (сондайақ 5.3.1-тармақтың Ескертпесін қараңыз):

а) көтергішконструкциясының функциясына әсер ететін немесе конструкцияның оттан қорғайтын қаптардың, жабындардың немесе көтергіш оттан қорғайтын элементтердің бұзылуына алып келетін деформация және ығысу;

б) көтергішконструкциясының функционалдық қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін бұзылулар.

Ескертпе – Егер қоршау конструкциялары үшін қолданылатын қорғау тәсілдері немесе жобалау критерийлері талап етсе, тіреу конструкциясының деформациясын есептеу жүргізіледі. Көтергіш конструкциясының деформациясын есепке алу келесі жағдайларда талап етілмейді:

- қорғаныс тәсілдерінің тиімділігі осы құралға сәйкес анықталған;
- қоршау конструкциялары өрт кезіндегі номиналды әсерлерді есепке ала отырып жобаланған.

5.3.8 Есептеуді тиісті шекті күйлер үшін қолданылатын көтергіш жүйесі (конструкция) мен жүктемеге (әсер) арналған модельдер көмегімен жүргізген жөн. Бұл ретте есеппен құрылыс материалдарының әсерлері, көрсеткіштері немесе бұйымдар мен конструкция элементтерінің көрсеткіштері, сонымен қатар осы үлгілердегі геометриялық өлшемдерге арналған тиісті есептеу мәндерін қолдану кезінде шекті күйден асып кетудің орын алмайтындығын растаған жөн.

5.3.9 Есептеуді барлық негізгі есептік жағдайлар және жүктеменің есептік жағдайлары үшін жүргізген жөн.

5.3.10 Қолданылатын есептік жағдайлар үшін әсердің есептік комбинацияларын (өрттің есептік әсері) анықтаған жөн.

5.3.11 Жүктемелердің есептік комбинациялары қосымша сызбасының тиісті есептеулері үшін негізгі болып табылатын, тұрақты жүктемелермен және локальды айнымалы жүктемелермен бір уақытта қолданылатын жүктемелерден, ақаулардан және деформациялардан тұруы тиіс.

5.3.12 Жобалау кезінде бағыттың ықтимал ауытқуларын немесе жүктеме түсіру күйінің ауытқуларын есепке алған жөн.

5.3.13 Көтергішконструкциясы мен жүктеменің модельдері шынайы физикалық модель немесе виртуалды математикалық модель болуы мүмкін.

5.4 Әсер ету сипаттамасы

5.4.1 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 4.1.1-тармағына сәйкес әсер ету уақыты бойынша әсерлер келесілерге бөлінеді:

– *G* тұрақты әсерлер, мысалы, көтергіш конструкциясының, кірістірілген жабдықтардың немесе жол жабындарының өз салмағы немесе отыру және біркелкі емес шөгу салдарынан жанама әсерлер;

– *Q* айнымалы әсерлер, мысалы, жабындарға, арқалықтарға немесе шатырларға уақытша жүктемелер, қар және жел жүктемелері;

– *A* апаттық әсерлері, мысалы, жарылыс немесе көлік құралының соқтығысуы.

Ескертпе – Қалдық деформацияның жанама әсерлері тұрақты немесе айнымалы әсерлер ретінде есепке алынуы мүмкін.

5.4.2 ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 4.1.1-тармағына сәйкес әсер ету келесілер бойынша да бөлінеді:

– пайда болуы – тікелей немесе жанама;

– олардың кеңістіктік таралымының өзгеруі – стационарлы немесе еркін;

– олардың табиғаты немесе құрылыс реакциясы – статикалық немесе динамикалық.

Ескертпе – Отқа төзімділікті есептеу үшін тек статикалық тік және жанама әсерлерді ғана қолданған жөн.

5.4.3 Тұрақты әсерлерге келесілерді жатқызған жөн (ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 5.1-тармағы):

а) құрылыс бөліктерінің салмағы (ғимараттың өз салмағы), соның ішінде көтергіш және көтергіш емес бұйымдардың салмағы. Көтергіш емес бұйымдарына келесілер жатады:

– шатыр жабыны;

– беттердің жабындары және қорғайтын (оттан қорғайтын) жабындар;

– аралық қабырғалар мен футеровка;

– таяныштардың тұтқалары, жиекқабырғалар, қоршаулар және қоршау элементтері;

– қасбеттер және қабырға қаптамалары;

– аспалы төбелер;

– оқшаулау;

– жабдықтардың астындағы құйма және бетон құйма, тірек бөліктері.

б) коммуникация мен стационарлы жабдық салмағы:

– аппараттар, моторлар, ыдыстар, ленталы транспортерлер, конвейерлер, арқандары мен бағыттағыштары бар тұрақты көтеру машиналары;

– лифттерге немесе эскалаторларға арналған жабдықтар;

– жылыту, желдету және кондиционерлеу жүйелері;

– электр жабдықтар;

– жасырын коммуникациялар, арматурасы бар құбырлар;

– электр сымы.

в) топырақтың (үйінділердің, сеппелердің) салмағы және қысымы, тау қысымы;

г) балласт ретінде әрекет ететін материалдар түсіретін жүктеме;

д) конструкцияда немесе негізде сақталатын алдын ала кернеуден түсетін күш (арматурадан туындайтын алдын ала кернеу немесе тіректердің ығысуынан туындайтын алдын ала кернеу).

5.4.4 Айнымалы күш әсерлеріне (уақытша жүктемелерге) келесілерді жатқызуға болады (ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 5.1-тармағы):

- а) уақытша аралық қабырғалардың салмағы;
- б) жабдықты толтырып тұрған сұйықтықтар мен қатты денелердің салмағы;
- в) ыдыстар мен құбырлардағы газдардың, сұйықтықтардың және сусымалы денелердің қысымы, шахталарды желдету кезінде туындайтын артық қысым және ауаның сұйылуы;
- г) жиналатын материалдардың және қойма бөлмелеріндегі, тоңазытқыштардағы, астық қоймаларындағы, кітап қоймаларындағы, мұрағаттардағы және осы сияқты бөлмелердегі сөре жабдықтардың жабынға түсіретін жүктемесі;
- д) сумен толтырылған жазық жабындардағы су қабатының салмағы;
- е) егер өндірістік шаңның жиналуын тиісті шараларды қолданумен алдын алмаған болса, олардың шөгінділерінің салмағы;
- ж) тұрғын-үй, қоғамдық және ауыл шаруашылық ғимараттарының жабындарындағы адамдардан, жануарлардан, жабдықтардан (жиһаздардан) түсетін жүктеме;
- з) қар жүктемесі;
- и) жел жүктемесі;
- к) көк тайғақ жүктемесі.

5.4.5 Апаттық әсерлерге келесілерді жатқызған жөн:

- а) сейсмикалық әсерлер;
- б) жарылыс әсерлері;
- с) технологиялық процестің күрт бұзылуынан, жабдықтағы уақытша ақаулықтардан немесе оның сынуынан туындаған жүктемелер;
- д) топырақ құрылымының түбірімен өзгеруіне (отырған топырақты сулау кезінде) немесе оның тау-кен қазбалары аудандары мен карсттарда шөгуіне алып келетін, негіз деформациясына негізделген әсерлер.
- е) өрт кезінде конструкциялардың жылулық кеңеюінен туындаған әсерлер.

5.4.6 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 4.2.1-тармағына сәйкес қар жүктемесін бағалау кезінде қардың еруін есепке алу мүмкіндігі әр жағдай үшін жеке-жеке бекітілуі тиіс. Бұл ретте қардың еру уақыты мен су бұру уақыты өрттің есептік ұзақтығынан аспауы тиіс.

5.4.7 Әсерлер модель арқылы сипатталады, бұл ретте оның шамасы көп жағдайда түрлі өзіне тән шамаларды қабылдауы мүмкін сандық мәндермен өрнектеледі.

Ескертпе – Өрт те әсер ету түрлеріне жатады. Ол өрт моделі арқылы сипатталады – бұл әдетте математикалық температура-уақыт тәуелділігі.

5.4.8 F_k әсерінің сипаттамалық мәні маңызды сипаттамалық мән ретінде келесі тәсілмен орнатылуы тиіс:

- орташа мән ретінде, жоғарғы немесе төменгі мән ретінде немесе номиналды мән ретінде (яғни, статистикалық тарату негізінде емес);
- жобалау құжаттамасына сәйкес.

5.4.9 Көтергішконструкциясының G_k жеке салмағы жалғыз ғана сипаттамалық мәнмен өрнектелуі және нормативтік өлшемдер және орташа шекті салмақ негізінде анықталуы мүмкін.

5.4.10 Q_k айнымалы әсерлердің сипаттамалық мәндерін олар:

– немесе уақыттың белгілі бір бастапқы кезеңі үшін жоғарғы мән ретінде берілген ықтималдықтан аспайтындай немесе төменгі мән ретінде берілген ықтималдыққа жететіндей;

– немесе статистикалық тарату белгісіз болған кезде номиналды мән ретінде көрсетілетіндей тәсілмен орнатқан жөн.

5.4.11 Айнымалы әсердің басқа да сипаттамалық мәндері ретінде ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 4.1.3-тармағына сәйкес келесілерді қарастырған жөн:

а) $\psi_0 Q_k$ көбейтіндісін білдіретін және қайтымсыз әсерге ие шекті күйлер үшін көтергіш қабілетін және пайдалану жарамдылығын растау үшін қолданылатын жалпы мән;

б) $\psi_1 Q_k$ көбейтіндісін білдіретін және апаттық жүктемелері бар көтергіш қабілетінің қорын растау және қайтымды әсерге ие шекті күйлер үшін пайдалануға жарамдылықты растау үшін қолданылатын жеке мән.

в) $\psi_2 Q_k$ көбейтіндісін білдіретін және апаттық әсерлерді есепке ала отырып, көтергіш қабілетін есептеу және қайтымды шекті күйге ие пайдалануға жарамдылықты есептеу үшін қолданылатын тәжірибелік тұрақты мән. Тәжірибелік тұрақты мәндер ұзақ уақыт бойы әсерлерді есептеу үшін де қолданылады.

5.4.12 Конструкциялардың құрылыс материалдарының (топырақ пен жартас жыныстарын қоса), құрылыс бұйымдары мен элементтерінің көрсеткіштері сипаттамалық мәндер ретінде көрсетілуі тиіс.

5.4.13 Егер шекті күй есептері конструкциялардың құрылыс материалдарының, бұйымдардың және элементтердің параметрлеріне айтарлықтай тәуелді болса, көрсеткіштердің жоғарғы және төменгі сипаттамалық мәндерін қабылдаған жөн. Егер басқасы орнатылмаған болса, келесі мәндер жарамды:

- төменгі сипаттамалық мән үшін – 5 %-дық квантиль;
- жоғарғы сипаттамалық мән үшін – 95 %-дық квантиль.

Сипаттамалық немесе есептік мәндерді анықтау үшін статистикалық мәндердің жеткілікті мөлшері болмаған жағдайда номиналды мәндерді қолдануға рұқсат етіледі.

5.4.14 Қаттылық параметрлері (мысалы, серпімділік модулі, жылжу коэффициенттері) және жылулық кеңею коэффициенттері үшін орташа мәндерді қолданған жөн. Жүктемелер әсері ұзақтығының ықпалын есептеу үшін басқа тиісті мәндерді қолданған жөн.

5.4.15 Геометриялық өлшемдерді олардың сипаттамалық мәндеріне тең етіп немесе тиісті қабылдағыштық кезінде (мысалы, ақаулар кезінде) тікелей есептік мән ретінде қабылдаған жөн. Көтергішконструкцияларын жобалау кезінде (сызбаларда) қолданылатын өлшемдер үшін сипаттамалық мәндерді көрсетуге рұқсат етіледі. Конструкцияның түрлі құрылыс материалдарынан жасалған элементтерінің тоғысқан жерлерінде өлшем шектерін есепке алған жөн.

5.4.16 Өрт кезіндегі әсер ету нәтижелерін ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (4.1) формуласына сәйкес қалыпты температуралар кезінде алынған нәтижелерді қолданып, келесі формула бойынша анықтауға рұқсат етіледі:

$$E_{fi,d} = \eta_{fi} E_d, \quad (5.4)$$

мұнда E_d – негізгі тіркестерден алынған әсерлердің тиісті есептік нәтижесі;

$E_{fi,d}$ – өрт кезіндегі әсер ету нәтижесінің тиісті тұрақты есептік мәні;

η_{fi} – өрт кезіндегі жүктеменің есептік деңгейінің коэффициенті (көтергіш қабілетін қолдану коэффициенті).

5.4.17 Әсерлер комбинациясы үшін η_{fi} көтергіш қабілетін қолдану коэффициенті ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (2.9) формуласы бойынша:

$$\eta_{fi} = \frac{G_k + \psi_{fi} \cdot Q_{k,1}}{\gamma_G \cdot G_k + \gamma_{Q,1} \cdot Q_{k,1}}, \quad (5.5)$$

немесе әсерлер комбинациясы үшін (5.6a) және (5.6b) алынған минималды мән ретінде ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (2.9a, 2.9b) формулалар бойынша анықталады:

$$\eta_{fi} = \frac{G_k + \psi_{fi} \cdot Q_{k,1}}{\gamma_G \cdot G_k + \gamma_{Q,1} \cdot Q_{k,1}}, \quad (5.6a)$$

$$\eta_{fi} = \frac{G_k + \psi_{fi} \cdot Q_{k,1}}{\xi \gamma_G \cdot G_k + \gamma_{Q,1} \cdot Q_{k,1}}, \quad (5.6b)$$


мұнда $Q_{k,1}$ – басым түсетін айнымалы әсер;

G_k – тұрақты әсердің сипаттамалық мәні;

γ_G – тұрақты әсер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\gamma_{Q,1}$ – басым түсетін айнымалы әсер үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

ψ_{fi} – $\psi_{1,1}$, немесе $\psi_{1,2}$ түрінде берілген жеке немесе квазитұрақты мәндерге арналған үйлесімдік коэффициенті.



5.1-сурет – η_{fi} коэффициентінің $Q_{k,1}/G_k$ жүктемелер қатынасына тәуелділігі

Ескертпе

1 (5.5) формула бойынша анықталатын η_{fi} коэффициентінің $\psi_{1,1}$ түрлі мәндеріне ие $Q_{k,1}/G_k$ жүктемелер қатынасына тәуелділігі 5.1-суретте берілген, келесі шектері бар: $\gamma_{GA} = 1$, $\gamma_G = 1,35$ және $1,5$. (5.6a) және (5.6b) формулалар бойынша η_{fi} коэффициентін есептеу біршама жоғары мәндер береді.

2 ҚР ҚН EN 1991-1-2:2002/2011 (қабылдау аймақтарын қоса алғанда, өнімдерді жинауға арналған алаңдар) бойынша ұсынылатын мәні $\eta_{fi} = 0,7$ құрайтын E жүктемелер категориясына сәйкес уақытша жүктемелерді қоспағанда, $\eta_{fi} = 0,6$ тең η_{fi} мәнін қолдануға рұқсат етіледі

МЫСАЛ Тұрғын-үй ғимаратында қолданылатын ағаш қаңқа жабынның η_{fi} тіреу қабілетін қолдану коэффициентінің мәнін анықтау. Жабынның көтергіш қабілеті 3,0 м қадаммен және 6,0 м аралықпен орнатылған ағаш арқалықтармен қамтамасыз етілген.

ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 5-1-тармағына сәйкес G_k тұрақты әсер жабынның арқалығы мен төсемінің өз салмағына тең етіп қабылданады – 7 кН. ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 6.2-кестесінде сәйкес өлшемдері $6,0 \times 3,0$ м жабындарға арналған айнымалы әсер 18 кН құрайды. ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 A1.1-кестесіне сәйкес тұрғын-үй ғимараттарына арналған ψ_1 айнымалы әсерлердің жеке мәндеріне арналған коэффициент 0,5 тең. ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 A1.2(B)-кестесіне сәйкес қалыпты жағдайларға арналған қауіпсіздіктің жеке коэффициенттері сәйкесінше $\gamma_G = 1,35$; $\gamma_Q = 1,50$ тең. Осылайша, әсерлер комбинациясына арналған η_{fi} коэффициенті (5.5) формуласына сәйкес төмендегіні құрайды:

$$\eta_{fi} = \frac{G_k + \psi_{fi} \cdot Q_{k,1}}{\gamma_G \cdot G_k + \gamma_{Q,1} \cdot Q_{k,1}} = \frac{7 + 0,5 \times 18}{1,35 \times 7 + 1,50 \times 18} = 0,44.$$

Жүктемелер үйлесімдігіне арналған $\eta_{fi} = 0,44$ дәл осы коэффициентті $Q_{k,1}/G_k = 18/7 = 2,5$ қатынасына және 0,5 тең ψ_1 айнымалы әсердің жеке мәндеріне арналған коэффициент үшін 5.1-сурет бойынша анықтауға болады.

Қорытынды: Ағаш қаңқа жабынның η_{fi} тіреу қабілетін қолдану коэффициентінің мәні $\eta_{fi} = 0,44$ құрайды.

6 МАТЕРИАЛДАРДЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

6.1 Көлденең қиманың негізгі параметрлерін анықтау үшін көтергіш қабілетін есептеу, яғни беріктік пен қаттылықты анықтау екі балама әдіс бойынша жүргізіледі: материалдардың келтірілген көлденең қима әдісі және келтірілген сипаттамалар әдісі.

6.2 Беріктік пен қаттылықты есептеу үшін келтірілген көлденең қима әдісін қолдану кезінде осы құралдың (6.1) және (6.2) формулалары қолданылады, бұл ретте модификация коэффициентінің мәні $k_{mod,fi} = 1$ тең етіп қабылданады. Аталған әдіске сәйкес беріктік пен қаттылықты төмендету көлденең қиманы күйген қабат шамасына, сонымен қатар күйу сызығынан тыс орналасқан қалыңдығы 7 мм қабат шамасына азайту есебінен жүргізіледі. Көлденең қима параметрлерін есептеуде бұрыштық жұмырлықтарды міндетті түрде есепке ала отырып, $d_{char,0}$ өрттің бір тарапты әсері кезіндегі күйу тереңдігінің мәні қолданылуы мүмкін, сонымен қатар есепті жеңілдету ретінде $d_{char,n}$ күйудің шартты тереңдігінің мәнін қолдануға рұқсат етіледі, бұл ретте кішірейтілген көлденең қима тік бұрышты формаға ие.

6.3 Балама ретінде арқалықтар мен бағаналар үшін келтірілген сипаттамалар әдісі қолданылады. Аталған әдісті қолдану кезінде ағаш конструкциялардың қалдық бойлық қимасын анықтау күйу сызығынан тыс 7 мм қабат қалыңдығын есепке алмай жүргізіледі,

бірақ бұл ретте $k_{\text{mod,fi}}$ модификация коэффициенті төмендеткіш болады және оның мәнін осы құралдың (8.2) – (8.4) формулалары бойынша есептеу қажет.

6.4 Тиімді көлденең қима әдісін қолдану кезінде беріктігі нөлге тең күйген қабаттың қалыңдығы әсер еткен 20 минут ішінде сызықтық заң бойынша ұлғаяды, конструкцияның оттан қорғайтын қаптамасын қолданған жағдайда – күйу t_f қаптамасының қорғаныс әсерінің уақыты аяқталғаннан кейін басталады.

6.5 [2.3(1)P] Беріктік пен қаттылықтың есептік мәндері ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (2.1) және (2.2) формулаларына сәйкес анықталады:
– $f_{\text{d,fi}}$ өрт кезіндегі ағаш беріктігінің есептік мәні:

$$f_{\text{d,fi}} = k_{\text{mod,fi}} \cdot \frac{f_{20}}{\gamma_{\text{M,fi}}}, \quad (6.1)$$

– өрт кезіндегі ағаш қаттылығының есептік мәні ($E_{\text{fi,d}}$ серпімділік модулі немесе $G_{\text{fi,d}}$ ығысу модулі)

$$S_{\text{fi,d}} = k_{\text{mod,fi}} \cdot \frac{S_{20}}{\gamma_{\text{M,fi}}}, \quad (6.2)$$

мұнда f_{20} – қалыпты температура кезінде беріктіктің 20 % квантили;

S_{20} – қалыпты температура кезіндегі қаттылықтың 20 % квантили (серпімділік модулі немесе ығысу модулі);

$k_{\text{mod,fi}}$ – жүктеме әсерінің ұзақтығын және өрт кезіндегі ылғал құрамын есепке алатын модификация коэффициенті, $k_{\text{mod,fi}} = 1$ тең етіп қабылданады;

$\gamma_{\text{M,fi}}$ – өрт кезіндегі ағаш қауіпсіздігінің жеке коэффициенті, $\gamma_{\text{M,fi}} = 1,0$ тең етіп қабылданады.

Ескертпе

1 $k_{\text{mod,fi}}$ коэффициент мәні осы құралдың 8.2-тарауына сәйкес қабылданады.

2 Беріктік пен қаттылықтың есептік мәндері ұлттық нормативтік құжаттармен белгілене алады.

6.6 Бекітпе элементтерінің ығысуға кедергісінің есептік мәні $R_{\text{fi,d,t}}$ (шекті көтергіш қабілеті) ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (2.3) формуласы бойынша анықталады:

$$R_{\text{fi,d,t}} = \eta_{\text{fi}} \cdot \frac{R_{20}}{\gamma_{\text{M,fi}}}, \quad (6.3)$$

мұнда R_{20} – жүктеме мен ылғалдық әсерінің ұзақтығын есепке алмай, қалыпты температура кезіндегі кедергінің 20% квантили ($k_{\text{mod}} = 1$);

η_{fi} – өрт кезіндегі жүктеменің есептік деңгейінің коэффициенті;

$\gamma_{\text{M,fi}}$ – өрт кезінде ағаш қауіпсіздігінің жеке коэффициенті.

6.7 Беріктік пен қаттылықтың 20% квантилинің мәндері ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (2.4) – (2.5) формулалары бойынша есептеледі, сәйкесінше:

– f_{20} беріктік үшін

$$f_{20} = k_{fi} \cdot f_k \quad (6.6)$$

– S_{20} қаттылық үшін (серпімділік модулі немесе ығысу модулі)

$$S_{20} = k_{fi} \cdot S_{05} \quad (6.7)$$

мұнда S_{05} – қалыпты температура кезіндегі қаттылықтың (серпімділік модулі немесе ығысу модулі) 5 % квантили;

k_{fi} – беріктіктің сипаттамалық мәнін 5 % квантильден 20 % квантильге аудару коэффициенті. Бүтін ағаштан жасалған конструкция үшін k_{fi} коэффициент 1,25 тең, басқа материалдардан жасалған конструкциялар үшін осы коэффициенттің мәндері 6.1-кестеде берілген.

f_k – ағаш беріктігінің сипаттамалық мәні.

6.1-кесте – k_{fi} коэффициентінің мәні

Конструкция материалдары	k_{fi} коэффициент
Бүтін ағаш	1,25
Жабыстырылған ағаш	1,15
Ағаш тақталар	1,15
LVL	1,1
Ағаштан немесе ағаш тақталардан жасалған бүйірлік элементтердің қима қосылыстары	1,15
Болаттан жасалған бүйірлік элементтердің қима қосылыстары	1,05
Осьтік жүктемесі бар біріктіру элементтері	1,05

6.8 R_{20} бекітпе бұйымдар кедергісінің 20 % квантиль мәні
ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (2.6) формуласы бойынша есептелуі тиіс:

$$R_{20} = k_{fi} \cdot R_k \quad (6.8)$$

мұнда k_{fi} – 6.1-кесте бойынша қабылданатын коэффициент;

R_k – жүктеме мен ылғалдық әсерінің ұзақтығын есепке алмай, қалыпты температура кезіндегі қосылыс кедергісінің сипаттамалық мәндері ($k_{mod} = 1$).

МЫСАЛ Көлденең қима өлшемі 200×200 мм құрайтын, жапырақ тұқымды желімденген ағаштан жасалған ағаш бағанасының есептік мәнін анықтау. Талшықтарды бойлай сығуға беріктіктің сипаттамалық мәні $f_k = 16$ Н/мм² құрайды.

Өрт кезінде ағаш беріктігін есептеу үшін (6.6) формула бойынша беріктіктің 20 % квантиль мәні анықталады:

$$f_{20} = k_{fi} f_k = 1,15 \times 16 = 18,4 \text{ Н/мм}^2,$$

мұнда $k_{fi} = 1,15$ – 6.1-кесте бойынша анықталатын ауыстыру коэффициенті;
 $f_k = 16 \text{ Н/мм}^2$ – беріктіктің сипаттамалық мәні.

(6.1) формула бойынша беріктіктің есептік мәні анықталады:

$$f_{d,fi} = k_{mod,fi} \cdot \frac{f_{20}}{\gamma_{M,fi}} = 1 \times \frac{18,4}{1} = 18,4 \text{ Н/мм}^2,$$

мұнда $k_{mod,fi} = 1,0$ – жүктеме әсерінің ұзақтығы мен өрт кезіндегі ылғалдық мөлшерін есепке алатын модификация коэффициенті;

$\gamma_{M,fi} = 1,0$ – өрт кезіндегі ағаш қауіпсіздігінің жеке коэффициенті.

Қорытынды: бағананың желімденген ағашының өрт кезіндегі беріктігінің есептік мәні $f_{d,fi} = 18,4 \text{ Н/мм}^2$ құрайды.


7 КҮЮ ТЕРЕҢДІГІ

7.1 Бұрыштық жұмырлану әсері есепке алынатын күй тереңдігі

7.1.1 Күй тереңдігінен конструкцияның сыртқы беті мен күй сызығының күйі арасындағы қашықтықты түсінеміз. Ол өрттің әсер ету ұзақтығына және күйдің өзіне тән жылдамдығына байланысты есептеледі.

7.1.2 Ағаштың жапырақты және қылқан жапырақты түрлерінен жасалған көптеген ағаш конструкциялар үшін күй сызығының орналасуы 300°C температура кезінде қабылданады.

7.1.3 Күй тереңдігі ағаш пен ағаш панельдердің барлық беттері үшін есептеледі және мұнда ол өрт әсерінен тікелей бүлінген қорғалған беттер үшін қажет. Екі және одан да көп жағынан өрт әсер еткен ағаш конструкциялардың күйінің нақты тереңдігін есептеу кезінде r параметрінің көмегімен бұрыштық жұмырлануларды есепке алу қажет (7.1-сурет).



7.1-сурет – Өрт әсер еткен ағаш арқалықтың кішірейтілген көлденең қимасы

7.1.4 Өрт әсері нәтижесінде түпнұсқа көлденең қимадан азайтылатын қима ауданы келесі формула бойынша анықталады:


$$A = 0,215 \cdot r^2, \quad (7.1)$$

мұнда r – жұмырлану қабырғасының радиусі (күю тереңдігіне тең етіп қабылданады).

7.1.5 А қиманың ауырлық центрі конструкция шекарасының екі жағынан келесі формула бойынша анықталатын y қашықтықта орналасқан:

$$y = 0,223 \cdot r. \quad (7.2)$$

7.1.6 EN 14080 бойынша желімделген ағаш конструкциялар және EN 14374 бойынша қатпарлы жұқа тақтайлы кесілген материалдар (LVL) үшін қалдық көлденең қима ауданын есептеу кезінде бұрыштық жұмырланулар әр қабаттың түйіскен жерінде есепке алынуы тиіс (7.2-сурет).



а – өрт әсер еткенге дейінгі бастапқы қима;

б – өрт әсер еткен қима

7.2-сурет – Желімделген ағаш конструкциясының көлденең қимасы

7.1.7 Балама ретінде өрт екі және одан да көп жағынан әсер еткен кезде кішірейтілген бойлық қима β_n күюдің шартты жылдамдығы негізінде бұрыштық жұмырлануларсыз есептеле алады.

7.1.8 Өрттің стандартты әсері кезінде күю тереңдігін есептеуде β_n шартты күю жылдамдығы және ағаштың β_0 бір жақты күю жылдамдығы шамалық тұрақтымен қабылданады. Оларды келесі жағдайларда тұрақты шама ретінде қарастырмаған жөн:

- егер стандартты өрттен өзге өрт есепке алынатын болса, конструкцияның қаптамалармен қорғалмаған беттері үшін өрттің әсер ету ұзақтығының ішінде;
- күюі қаптама қорғаныс қасиеттерін жоғалтар алдында басталатын конструкцияның қаптамалармен қорғалмаған беттері үшін;
- қаптама қорғаныс қасиеттерін жоғалтқаннан кейін өрт әсер еткен конструкцияның қаптамалармен қорғалмаған беттері үшін.


7.2 Өрттің стандартты әсері кезінде ағаш конструкцияларының қаптамамен қорғалмаған беттері үшін күй тереңдігін анықтау

7.2.1 Өрт әсерінің ең нашар нұсқасы бір жақтан қабылданатын ағаш конструкциялар үшін (мысалы, егер аражабындар, жабындар және олардың қаптамалары қарастырылатын болса, 7.3-сурет) күй жылдамдығы уақыт бойынша тұрақты шама болып табылады, ал $d_{char,0}$ күй тереңдігінің есептік мәні ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.1) формуласы бойынша анықталады:

$$d_{char,0} = \beta_0 \cdot t, \quad (7.3)$$

мұнда β_0 – өрттің стандартты әсері кезінде бір жақты күй жылдамдығының есептік мәні;

t – өрт әсерінің ұзақтығы.



7.3-сурет – Өрттің бір жақты әсері кезінде ағаш конструкциясының күй тереңдігі


7.2.2 Өрт әсерінің ең нашар нұсқасы екі және одан да көп жақтан қабылданатын ағаш конструкциялар үшін (мысалы, сыртқы бөлігіндегі аркалықтар, бағаналар, сонымен қатар көп қабатты конструкциялар қарастырылатын болса, 7.4-сурет) күй тереңдігін есептеу кезінде бұрыштық жұмырланулар мен сызаттардың әсерін есепке алатын β_n күйдің шартты жылдамдығының мәні қабылданады.

7.2.3 Мұндай жағдайда күй тереңдігі $d_{char,n}$ күйдің шартты тереңдігі деп аталады және ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.2) формуласы бойынша есептеледі:

$$d_{char,n} = \beta_n \cdot t, \quad (7.4)$$

мұнда β_n – бұрыштық жұмырланулар мен сызаттардың әсерін есепке алатын күйдің шартты жылдамдығының есептік мәні;

t – өрт әсерінің ұзақтығы.



7.4-сурет – Ағаш конструкцияларының көлденең қимасының есептік $d_{char,0}$ және $d_{char,n}$ шартты күй тереңдігін анықтау мысалы

7.2.4 Қаптамалармен қорғалмаған ағаш конструкциялар үшін өрт әсер ететін уақыт ішінде жоғарыда аталған күй тереңдіктерін ($d_{char,0}$ және $d_{char,n}$) анықтау кезінде көп жағдайда 7.1-кестеде көрсетілген β_0 және β_n күй жылдамдықтарының есептік мәндерін қолдану қажет.

7.1-кесте – Ағаштың әр түріне арналған β_0 және β_n күй жылдамдығының есептік мәндері

Материал сипаттамасы	Күй жылдамдығының мәні	
	β_0 , мм/мин	β_n , мм/мин
а) Қылқан жапырақ тұқымды ағаш және шамшат		
$\rho_k \geq 290 \text{ кг/м}^3$ сипаттамалық тығыздыққа ие желімделген ағаш	0,65	0,7
$\rho_k \geq 290 \text{ кг/м}^3$ сипаттамалық тығыздыққа ие бүтін ағаш	0,65	0,8
б) Жапырақ тұқымды ағаш		
$\rho_k \geq 290 \text{ кг/м}^3$ сипаттамалық тығыздыққа ие бүтін ағаш және желімделген ағаш	0,65	0,7
$\rho_k \geq 450 \text{ кг/м}^3$ сипаттамалық тығыздыққа ие бүтін ағаш және желімделген ағаш	0,50	0,55
с) Қатпарлы жұқа тақтайлы кесілген материал (LVL)		
$\rho_k \geq 480 \text{ кг/м}^3$ сипаттамалық тығыздыққа ие	0,65	0,7
д) Тақталар		
Ағаш панельдер	0,9	— ¹
Желімделген жұқа тақтай	1,0	— ¹
Желімделген жұқа тақтайды қоспағанда, ағаш тақталар	0,9	— ¹

7.1-кесте – Ағаштың әр түріне арналған β_0 және β_n күйе жылдамдығының есептік мәндері (жалғасы)

Ескертпе

1 Аталған конструкциялар үшін күйеңің шартты жылдамдығының мәні орнатылмайды, өйткені оларға өрттің әсер етуінің ең нашар нұсқасы бір жақты болып табылады.


2 Күйе тереңдігін тақталардың сыртқы бөлігінен есептеген жағдайда, 7.1-кестеде берілген, көп қабатты конструкцияларда (қабаттар саны екі және одан да көп болған кезде) бұрыштық жұмырланулар әсерін есепке ала отырып, β_0 күйеңің бір жақты жылдамдығының мәнін қабылдау қажет.

3 Шамшаттан басқа, жапырақ тұқымды ағаштар үшін күйе жылдамдығының есептік мәндері 290 кг/м³ бастап 450 кг/м³ дейінгі аралығындағы сипаттамалық тығыздықпен 7.1-кестеде берілген мәндерді линиялық интерполяциялау арқылы анықталады.

4-Ескертпе – Шамшаттан жасалған конструкцияларға арналған күйе жылдамдығы қылқан жапырақ тұқымды ағаштан жасалған конструкциялар үшін де қолданылады.

5-Ескертпе – Жабыстыру сапасына қойылатын талаптар мен желімделген жұқа тақтай жіктелуі сәйкесінше EN 314-2 және EN 313-1 берілген.

7.2.5 Күйе тереңдігін есептеу кезінде β_0 немесе β_n жылдамдықты қолдану конструкцияның көлденең қимасының b_{min} бастапқы минималды еніне байланысты болады. Егер көлденең қиманың ені b_{min} кем болса, онда β_n күйеңің шартты жылдамдығының есептік мәнін қолдану қажет (7.5-сурет). Егер көлденең қиманың ені b_{min} артық болса, онда күйе тереңдігін есептеу кезінде күйеңің бір жақты жылдамдығының мәнін қолдану қажет.




7.5-сурет – $d_{char,0}$ күйе тереңдігінің b_{min} конструкцияның көлденең қимасының бастапқы минималды еніне тәуелділігінің графигі

7.2.6 β_0 күйеңің бір жақты жылдамдығының есептік мәнін қолданған жағдайда арқалықтар мен бағаналардың тік бұрышты қималары үшін (7.6-сурет) b_{min} көлденең

қиманың бастапқы минималды енінің мәні [8] сәйкес келесі формула бойынша анықталады:

$$b_{\min} = 2 \cdot (d_{\text{char},0} + d_{\Theta}), \quad (7.5)$$

мұнда d_{Θ} – өрт әсері кезінде температурасы жоғарылайтын күй сызығынан тыс қабаттың тереңдігі (7.6-сурет).



7.6-сурет – Күюдің бір жақты жылдамдығы кезінде көлденең қиманың минималды бастапқы енін анықтау

7.2.7 20 минуттық от әсері барысында 13 мм күй тереңдігін беретін күюдің бір жақты жылдамдығының $\beta_0=0,65$ мм/мин мәні кезінде, сонымен қатар 40 мм тең d_{Θ} қабат тереңдігін есепке ала отырып, (7.5) формула ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.3) формуласы бойынша келесі түрге ие болады (7.7-сурет):


$$d_{\text{char},0} \geq 13 \text{ мм кезінде } b_{\min} = 2 \cdot d_{\text{char},0} + 80 \quad (7.6)$$

7.2.8 Жеңілдету ретінде d_{Θ} шамасы 20 минут ішінде сызықтық жоғарылайды деп қабылдауға болады (0 мм-ден 40 мм аралығында), дегенмен 7.7-суреттен көріп отырғанымыздай өрт әсерінің басында күй біршама қарқынды жүреді. Осылайша, от әсерінің алғашқы жиырма минуты үшін (7.5) формула ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.3) формуласы бойынша келесі түрге ие болады:

$$d_{\text{char},0} < 13 \text{ мм кезінде } b_{\min} = 8,15 \cdot d_{\text{char},0} \quad (7.7)$$

7.2.9 ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 сәйкес бұрыштық жұмырлану радиусі $d_{\text{char},0} > 40$ мм кезінде $r=d_{\text{char},0}$ болған кезде (7.5) формула зерттеу деректері [1] бойынша келесі түрде иемденеді:

$$d_{\text{char},0} > 40 \text{ мм кезінде } b_{\text{min}} = 4,0 \cdot d_{\text{char},0} \quad (7.8)$$



7.7-сурет – Өрттің бір жақты әсері кезінде көлденең қиманың минималды бастапқы енінің күй тереңдігіне тәуелділігі

7.2.10 β_n және β_0 күй жылдамдықтарының 7.1-кестеде берілген мәндері көлденең қиманың келесі параметрлеріне ие ағаш конструкциялар үшін қолданылады:

– егер күй қалыңдық бағытында екі жақтан да жүретін болса, минималды қалдық қалыңдық 40 мм құрауы тиіс;

– егер күй қалыңдық бағытында бір жақтан жүретін болса, минималды қалыңдық 20 мм құрауы тиіс.

7.2.11 Ағаш тақталар мен ағаш қаптамаларға арналған күй жылдамдығының 7.1-кестеде берілген есептік мәндері ағаштың 450 кг/м^3 сипаттамалық тығыздығында және тақтаның (қаптаманың) 20 мм кем емес қалыңдығында қолданылады.

7.2.12 7.1-кестеде берілген мәндерден өзге ρ_k сипаттамалық тығыздық және h_p тақтаның 20 мм кем қалыңдығы кезінде бір жақты күй жылдамдығы ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.4) формула бойынша анықталады:

$$\beta_{0,p,t} = \beta_0 \cdot k_p \cdot k_h, \quad (7.9)$$

мұнда k_p – өртке қарсы қаптаманы қорғаудың тиімділігін есепке алатын коэффициент ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.5) формуласы бойынша анықталады:

$$k_p = \sqrt{\frac{450}{\rho_k}}, \quad (7.10)$$

ρ_k – сипаттамалық тығыздық, кг/м^3 .


Өртке қарсы қаптаманың қалыңдығын есепке алатын k_h коэффициент мәні ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.6) формуласы бойынша есептеледі:

$$k_h = \sqrt{\frac{20}{h_p}}, \quad (7.11)$$

h_p – тақта қалыңдығы, мм.

Ескертпе – Конструктивті өртке қарсы қорғанысы жоқ ағаш құраластырылымдар үшін k_p коэффициенті $k_p=1$ тең етіп қабылданады.

7.2.13 Ағаштың күйу жылдамдығының мәнін ағаштың дымқылдығына және тығыздығына байланысты 7.8-суретте көрсетілген номограмма бойынша анықтауға болады.



7.8-сурет – Ағаштың күйу жылдамдығының өзгеруінің тығыздыққа және дымқылдыққа тәуелділігі

7.2.14 7.1-кестеде аталмаған материалдардан жасалған ағаш конструкцияларды қолдану кезінде сипаттамалық тығыздыққа байланысты күйу жылдамдығы [1] сәйкес келесі формула бойынша есептелуі мүмкін:

$$\beta = 0,4 + (280/\rho_k)^2, \quad (7.12)$$

мұнда ρ_k – ағаштың сипаттамалық тығыздығы, кг/м³.

7.2.15 Күйу тереңдігін есептеу кезінде заттай от сынақтары негізінде алынған және [1] сәйкес 7.2-кестеде берілген күйу жылдамдығының мәнін қолдануға болады. Күйу жылдамдығының аталған мәндері 200 кг/м³ бастап 1000 кг/м³ дейінгі аралығындағы сипаттамалық тығыздыққа ие жапырақ тұқымды ағаштар үшін келтірілген. Сынақ кезінде өрттің әсер ету уақыты 60 минутты құрады.

7.2-кесте – Тығыздығы әртүрлі ағаш конструкцияларына арналған β күю жылдамдығының есептік мәндері

Тығыздық (кг/м ³) кезіндегі ағаштың күю жылдамдығы (мм/мин)						
ρ_k	200	290	450	600	800	1000
β	1,032	0,876	0,682	0,600	0,512	0,461
<p>Ескертпе</p> <p>1 7.2-кестеде ағаштың күюінің бір жақты жылдамдығының есептік мәндері (β_0) берілген.</p> <p>2 Өрт конструкцияларға екі және одан да көп жағынан әсер еткен кезде осы құралдың 7.1.3-тармағына сәйкес бұрыштық жұмырлану мен сызаттардың ықпалын есепке алу қажет.</p>						

7.3 Өрт әсерінен конструктивті өртке қарсы қорғаныспен қорғалған (түрлі материалдардан жасалған қаптармен) арқалықтар мен бағаналардың күю тереңдігін анықтау

7.3.1 Ағаш конструкциясының отқа төзімділігі шегінің мәнін анықтау кезінде көп жағдайда түпнұсқа көлденең қима күю тереңдігінің шамасына азаяды. Көтергішконструкциялары (арқалықтар, бағаналар, бағандар) үшін конструктивті өртке қарсы қорғанысты қолданған жағдайда күю жылдамдығы қаптаманың нақты түріне байланысты уақыт бойынша өзгереді.

7.3.2 Арқалықтардың және бағаналардың беттерін конструктивті өртке қарсы қорғау үшін өртке қарсы қаптарды (7.9-сурет), сонымен қатар басқа да оттан қорғайтын материалдарды немесе элементтерді қолданған кезде келесі шарттарды есепке алу қажет:

– күюдің басталуы t_{ch} уақытша кідіреді (өрттің әсері басталған сәттен өртке қарсы қаптаманың күюі басталғанға дейінгі уақыт);

– өртке қарсы қаптаманың күюі оның қорғаныс қасиеттерін жоғалтқанға дейін басталуы мүмкін, бірақ t_f істен шығу уақытына дейінгі күю жылдамдығы 7.1-кестеде көрсетілгеннен аз;

– өртке қарсы қаптаманың күюі оның қорғаныс қасиеттерін жоғалтқанға дейін басталуы мүмкін, бірақ $t_{f\text{уақыт}}$ моментінен t_a уақытмоментіне дейінгі жылдамдық мәні 7.2-кестеде көрсетілгеннен көп;

– өртке қарсы қаптаманың күюі оның қорғаныс қасиеттерін жоғалтқанға дейін басталуы мүмкін, бірақ t_a уақыт моментінен бастап күю жылдамдығы 7.1-кестеде көрсетілген мәндерді қайта қабылдайды (бұл жағдайда күю тереңдігінің мәні өртке қарсы қаптамасы жоқ ұқсас конструкцияның күю тереңдігінің минималды мәніне сәйкес келеді немесе 25 мм тең етіп қабылданады).


Оттан қорғаудың түрлі тәсілдері және күюдің оған сәйкес келетін жылдамдықтары 7.10-7.13-суреттерде көрсетілген (өрт әсері уақытынан күю тереңдігінің функциясы ретінде).

Ескертпе

1 Осы құралда түрлі типтегі қаптамалар түріндегі конструктивті өртке қарсы қорғаныс қана қарастырылады. Сондайақ ҚР СТ EN 13381-7 сәйкес ісінген жабындар мен сіңірмелер түріндегі белсенді өртке қарсы қорғаныс қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда жабыны бар конструкциялар заттай от сынағынан

өтуі және отқа төзімділік шегі не болмаса күй тереңдігі өткізілген сынақтардың нәтижелері негізінде қабылдануы тиіс.

2 Конструктивті оттан қорғаныс ретінде осы құралда аталмаған басқа элементтерді қолданған кезде конструктивті қорғаныс элементінің бүлінуі немесе бұзылуы себепті, сонымен қатар конструктивті қорғаныс элементінің шектен тыс деформациясы салдарынан шектелуі мүмкін.



1 – арқалық; 2 – бағана; 3 – жабын плитасы; 4 – баған; 5 – қаптама;
6 – оқшауланбаған тығыздық (куыс); 7 – қаптамаларды біріктіру

7.9-сурет – Құрылыс конструкциясын қорғау үшін қаптамаларды қолдану мысалы

7.3.3 Сынақ нәтижелері бойынша келесі келтірілген шамалардың мәндері белгіленеді:

- өрт әсері басталған сәттен бастап қорғалған құрылыс конструкциясының күйе бастағанға дейінгі уақыты – t_{ch} ;
- қаптаманың немесе басқа да оттан қорғайтын материалдардың өздерінің қорғаныс қасиеттерін жоғалту уақыты – t_f ;
- қаптама өзінің қорғаныс қасиеттерін жоғалтқанға дейінгі күй жылдамдығы, егер $t_f > t_{ch}$.

Ескертпе – Құрылыс конструкцияларын қаптамаларды қолданып сынау ENV 13381-7 сәйкес жүргізілуі тиіс.


7.3.4 Қаптамалармен қорғалған ағаш құрылыс конструкцияларының отқа төзімділігін бағалау кезінде ағаш конструкциясы мен қаптама арасында пайда болатын саңылаудың ені күй басталар алдында 2 мм аспауы тиіс.

7.3.5 Қаптамалармен қорғалмаған және қорғалған ағаш конструкцияларының күйін салыстырмалы талдау 7.10-суретте көрсетілген. Қорғалмаған беттер үшін күйдің басы оларға өрт әсер еткен кезде бірден басталады (7.10-суреттегі 1-сызық). Қорғалған беттер үшін күй процесі бірнеше фазада жүреді:

- *1-фаза* температураның 300°C аспайтын мәнге дейін температураның жоғарылауымен және қорғаныс қабатының болуы есебінен күйіктің болмауымен сипатталады;
- *2-фаза қорғаныс* деп аталады және t_f уақытқа жеткенге дейін жалғасады (қаптамалар өздерінің қорғаныс қасиеттерін жоғалтатын уақытпен);

– 3-фаза қаптама бұзылғаннан кейін ағаш конструкцияларды қорғау уақытымен сипатталады.

2-фаза өткен кезде күйу отқа қарсы қорғаныс әсерінің әлсіреуі есебінен жоғарылай бастайды (7.10-суреттегі 3a сызығы). 3-фаза t_a уақытқа жеткен кезде басталады. Уақыттың көрсетілген интервалына күйу тереңдігі 25 мм асып кеткеннен кейін ғана жетеді, ал күйу жылдамдығы 7.1-кестеде берілген мәнге дейін азаяды (7.10-суреттегі 3b сызығы).



1 – β_n (немесе β_0) күйу жылдамдығы кезінде қорғалмаған конструкциялар үшін күйу тереңдігінің өрттің әсер ету ұзақтығына тәуелділігі;

2 – қаптама қорғаныс қасиеттерін жоғалтқаннан кейін қорғалған конструкциялар үшін күйу тереңдігінің өрттің әсер ету ұзақтығына тәуелділігі;

3a – өртке қарсы қаптаманың әсері бәсеңдегеннен кейін күйу жылдамдығының жоғарылауы;

3b – күйу тереңдігі 25 мм асқаннан кейін 2-фазадағы күйу жылдамдығын 7.1-кестеде көрсетілген мәндерге дейін төмендету

7.10-сурет – Күйу тереңдігінің өрттің қорғалмаған және қорғалған құрылыс конструкцияларына әсер ету ұзақтығына тәуелділігі

7.3.6 Көлденең қимасының өлшемі үлкен емес конструкциялар (қаңқа элементтеріндегі бағаналар және арқалықтар) үшін t_a уақыт интервалына барлық ен бойынша қарқынды жылу әсері есебінен жете алмайды, сондықтан күйу басқа конструкциялармен салыстырғанда біршама жоғары жылдамдықпен жалғасады (7.10-суреттегі 3a сызығы).


7.3.7 7.10-суретте берілген тәуелділік $t_{ch} = t_f$ кезінде ақиқат, яғни өрт әсері басталған сәттен қорғалған құрылыс конструкциясы күйе бастағанға дейінгі уақыт қаптаманың өз қорғаныс қасиеттерін жоғалту уақытына сәйкес келеді және t_a уақыт моментіндегі күйу тереңдігі 25 мм артық болмайды.

7.3.8 Қаптама өзінің қорғаныс қасиеттерін жоғалтқаннан кейін қорғалған конструкцияның күйу жылдамдығының жоғарылау себебі келесілерге байланысты:

- қаптаманың жоғарғы қорғаныс қабатының күйу температурасы қаптамасы бар қорғалмаған ағаш конструкцияға қатынасы бойынша біршама жоғары болып табылады;
- қаптама өзінің қорғаныс қасиеттерін жоғалтқаннан кейін көрсетілген температура оның астындағы конструкцияға тікелей әсер етеді.


7.3.9 Қолданылатын қаптама конструкциясының күйу тереңдігі 25 мм мәніне жеткенге дейін қорғайды. Содан соң күйу жылдамдығы қорғалмаған беттердегі сияқты 7.1-кестеде берілген мәнге дейін азаяды. Жеңілдету үшін 25 мм критерийі бір жақты $d_{char,0}$, сондайақ шартты $d_{char,n}$ күйу тереңдігі үшін де қабылданған.

7.3.10 7.11-суретте [2] деректері бойынша өртке қарсы қаптама сынақтарының нәтижелері берілген, олар жеңілдету үшін күйу тереңдігінің 7.10-суретте көрсетілген өрт әсерінің ұзақтығына бисызықтық тәуелділігін қолдануға болатындығын көрсетеді.



7.11-сурет – Қаптама өзінің қорғаныс қасиеттерін жоғалтқаннан кейін күйу тереңдігінің өрттің әсер ету ұзақтығына тәуелділігі

7.3.11 Қаптаманың өзінің қорғаныс қасиеттерін жоғалтуының t_f уақыты және 25 мм күйу тереңдігіне жету t_a уақыты (7.14b) формула бойынша есептелген уақыттан аз болса, онда қорғалған конструкциялар үшін күйу тереңдігінің өрттің әсер ету ұзақтығына тәуелділігі 7.12-суретте берілген түрге ие болады.



- 1 – күю жылдамдығы 7.1-кестеде көрсетілген қорғалмаған конструкциялар үшін күю тереңдігінің өрттің әсер ету ұзақтығына тәуелділігі;
- 3 – қаптаманың өзінің қорғаныс қасиетін жоғалтуының t_f уақыты мен t_a уақыты (7.11b) формула бойынша есептелген уақытқа карағанда аз болатын қорғалған конструкциялар үшін күю тереңдігінің өрттің әсер ету ұзақтығына тәуелділігі


7.12-сурет – $t_{ch} = t_f$ кезінде және t уақыт моментіндегі күюдің 25 мм кем тереңдігі кезінде күю тереңдігінің өрттің әсер ету ұзақтығына тәуелділігі

7.3.12 Ағаштың күюдi бастауды t_{ch} уақытына дейiн кiдiртетiн қорғаныс қаптамасы қуыстарды жылу оқшаулағыш материалдармен толтыру салдарынан күю жылдамдығын азайту орын алатын бiршама ұзақ уақыт iшiнде конструкцияға бекiтiлген күйiнде қала беруi тиiс.

7.3.13 t_f уақыт моментiнде қаптама өзінің қорғаныс қасиеттерiн жоғалтқан жағдайда күю жылдамдығы жеткiлiктi қорғанысты қамтамасыз ететiн 25 мм күйген қабаттың болуы есебiнен t_a уақыт моментiне дейiн ұлғая бастайды (7.13-сурет).

7.3.14 2а сатысында күю жылдамдығының төмендеуi конструктивтi оттан қорғау ретiнде F типтi отқа төзiмдi гипс-картон табактарды қолдану есебiнен орын алады. Қаптамалардың механикалық қасиеттерiн жоғалтуы олардың термиялық ыдырауы салдарынан, сонымен қатар бекiтпе элементтердiң iстен шығуы салдарынан орын алады.

7.3.15 Баста типтi (F типiнен басқа) гипс-картон отқа төзiмдi гипс-картон сияқты термиялық қасиеттерге ие. Осылайша, күюдi бастауды кiдiрту уақытын есептеу және қорғалмаған ағаш конструкциялар үшiн күю жылдамдығын төмендету үшiн 7.13-суретте көрсетiлген параметрлер негiзiнен гипс-картон үшiн қолданылады.



- 1 – күю жылдамдығы β_n (немесе β_0) болатын қорғалмаған конструкциялар үшін күю тереңдігінің өрттің әсер ету ұзақтығына тәуелділігі;
- 2 – күюі қаптама өзінің қорғаныс қасиеттерін жоғалтар алдында басталатын қорғалған конструкциялар үшін күю тереңдігінің өрттің әсер ету ұзақтығына тәуелділігі;
- 2a – $0 < t_{ch} < t_f$ кезінде күюдің басталуы;
- 2b – қаптама қорғаныс қасиеттерін жоғалтқаннан кейін күю жылдамдығының жоғарылауы;
- 2c – күю тереңдігі 25 мм асқаннан кейін күю жылдамдығының 7.1-кестеде көрсетілген мәндерге дейін төмендеуі

7.13-сурет – $t_{ch} < t_f$ шартымен күю тереңдігінің өрттің әсер ету ұзақтығына тәуелділігі

7.4 Күю жылдамдығы

7.4.1 $t_{ch} \leq t \leq t_f$ теңсіздігі орындалған жағдайда, ағаш конструкциясының күю жылдамдығының 7.1-кестеде көрсетілген мәндері k_2 коэффициентіне (оқшаулағышты қолдану коэффициентіне) көбейтілуі тиіс.

7.4.2 Егер ағаш конструкциясы F типті гипс-картонды табақтан жасалған бір қабатты қаптамамен қорғалған болса, онда k_2 коэффициенті ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 сәйкес (3.7) формуласымен есептелуі:

$$k_2 = 1 - 0,018 \cdot h_p, \quad (7.13)$$

мұнда h_p – оттан қорғайтын қаптама қалыңдығы, мм.

7.4.3 Егер қаптама F типті гипс-картонды табақтың бірнеше қабатынан тұрса, онда оттан қорғайтын қаптама h_p қалыңдығы ретінде ішкі қабаттың қалыңдығын қабылдау қажет.

7.4.4 [3.4.3.2 (3)] Егер конструкция қалыңдығы 20 мм кем емес, тығыздығы 26 кг/м^3 кем емес және балқу температурасы $T \geq 1000^\circ \text{C}$ минерал мақтамен қорғалған болса, онда k_2 мәнін 7.3-кесте бойынша таңдау қажет. Минерал мақта тақтаның қалыңдығы 20 мм-ден

45 мм-ге дейінгі аралығында болған кезде k_2 коэффициентінің мәні сызықтық интерполяциямен анықталады.

7.3-кесте – Минерал мақта плиталармен қорғалған ағаш конструкциялар үшін k_2 мәні

h_{ins} ҚАЛЫҢДЫҒЫ, мм	k_2
20	1
≥ 45	0,6

7.4.5 $t_f \leq t \leq t_a$ теңсіздігі орындалған жағдайда, отқа қарсы қаптама істен шыққаннан кейін 7.1-кестеде көрсетілген күй жылдамдығының мәндері $k_3 = 2$ коэффициентіне көбейтілуі тиіс. Егер $t \geq t_a$ теңсіздігі орындалса, онда 7.1-кесте бойынша қолданылатын күй жылдамдығының мәндері k_3 коэффициентіне көбейтпей қолданылуы тиіс.

7.4.6 Егер $t_{\text{ch}} = t_f$ теңсіздігі орындалса, онда t_a уақыт (7.11, 7.12-сурет) ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.8) формуласы бойынша есептелуі тиіс:

$$t_a = \min \begin{cases} 2 \cdot t_f; & (a) \\ \frac{25}{k_3 \cdot \beta_n} + t_f, & (b) \end{cases} \quad (7.14)$$

7.4.7 Егер $t_{\text{ch}} < t_f$ теңсіздігі орындалса, онда t_a уақыт (7.10, 7.13-сурет) ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.9) формуласы бойынша есептелуі тиіс:

$$t_a = \frac{25 - (t_f - t_{\text{ch}}) \cdot k_2 \cdot \beta_n}{k_3 \cdot \beta_n} + t_f, \quad (7.15)$$

мұнда β_n – күйдің шартты жылдамдығының есептік мәні, мм/мин. (7.14) және (7.15) формулаларды да бір жақты күй кезінде қолдану қажет, β_n мәні β_0 мәнімен ауыстырылады.

7.5 Қаптамалардың күйе бастауының t_{ch} уақыты

7.5.1 [3.4.3.3(1)] Ағаш тақталардың немесе ағаш панельдердің бір немесе бірнеше қабатынан тұратын өртке қарсы қаптамалар үшін қорғалған конструкцияның күйе бастау t_{ch} уақыты ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.10) формуласы бойынша анықталады:

$$t_{\text{ch}} = \frac{h_p}{\beta_0}, \quad (7.16)$$

мұнда h_p – оттан қорғайтын тақтаның қалыңдығы, бірнеше қабаттан тұрған жағдайда – олардың жалпы қалыңдығы;

t_{ch} – күйдің басталу уақыты.

7.5.2 Жүргізілген заттай от сынақтарының негізінде [3–4] сәйкес қаптамалардың әр түрі үшін күюдің басталу уақытын есептеу бойынша эмпирикалық теңдеулер алынған. 7.4-кестеде көрсетілген теңдеулер әлемнің түрлі елдеріндегі (негізінен еуропалық) түрлі институттар өткізген 340 астам заттай сынақтардың жалпылыма деректерінің негізінде алынған. Деректердің барлығы EN 1363-1 сәйкес стандартты өрт жағдайлары үшін алынған.

7.4-кесте – Қабырға қаптамалары мен жабындардың күйе бастау уақытын анықтауға арналған есептік формулалар

Қаптама типі мен қабаттар саны	Есептік формула	Шарт
<i>A</i> немесе <i>F</i> типі бір қабат	$t_{ch} = 2,8 \cdot h_p - 14, \quad (7.17)$	$9 \text{ мм} \leq h_p \leq 18$
<i>A</i> немесе <i>F</i> типі екі қабат ($t_{f,1} > t_{ch,2}$)	$t_{ch} = 2,1 \cdot h_{p,tot} - 7, \quad (7.18)$	$25 \text{ мм} \leq h_{p,tot} \leq 31$
<i>F</i> типі екі қабат ($t_{f,1} < t_{ch,2}$)	$t_{ch} = t_{f,1}, \quad (7.19)$	$25 \text{ мм} \leq h_{p,tot} \leq 31$
<i>A</i> типі екі қабат ($t_{f,1} < t_{ch,2}$)	$t_{ch} = t_{f,1} + 11, \quad (7.20)$	$25 \text{ мм} \leq h_{p,tot} \leq 31$
<p>Ескертпе</p> <p>1 $h_{p,tot}$ – гипс-картонның бірнеше қабатын қолданған жағдайда қаптаманың жалпы қалыңдығы.</p> <p>2 $t_{f,1}$ қаптаманың бірінші қабатының қорғаныс қасиеттерінің істен шығу уақыты $t_{ch,2}$ екінші қабаттың күйе бастау уақытынан көп болған кезде (7.18) формуланы қолдану қажет. Аталған теңсіздік орындалмаған жағдайда <i>F</i> типті гипс-картонды қабат үшін (7.19) формуланы және <i>A</i> типті гипс-картонды қабат үшін (7.20) формуланы қолдану қажет.</p>		


7.5.3 7.14-суретте (7.17) формуланы қолданып алынған есептік деректермен жақсы келісетін гипс-картонды табақтардың күйе бастау уақытының мәндері берілген.

7.5.4 Ені 2 мм асатын ашық саңылаулары бар түйіскен жерлерде күйе бастау уақыты t_{ch} ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.12) формуласы бойынша анықталады:

$$t_{ch} = 2,8 \cdot h_p - 23, \quad (7.21)$$

мұнда h_p – оттан қорғайтын панель қалыңдығы, мм.

Ескертпе – *E*, *D*, *R* және *I* типті гипс-картонды табақтар EN 520 сәйкес *A* және *H* типінің табақтарына қарағанда тең мәнді немесе жақсартылған жылу-техникалық және механикалық сипаттамаларға ие.



- 1 – қаптама А немесе F типті гипс-картонның бір табағынан тұрады;
 2 – қаптама А немесе F типті гипс-картонның екі табағынан тұрады, бірінші қабат күйе бастағанға дейін бекітілген күйінде қалады

7.14-сурет – Гипс-картонның бір қабатынан тұратын қаптаманың күйе бастау уақыты

7.5.5 Минерал мақта тақталармен қорғалған арқалықтар мен бағаналар үшін күйе бастау уақыты ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.13) формуласы бойынша анықталатын:

$$t_{ch} = 0,07 \cdot (h_{ins} - 20) \cdot \sqrt{\rho_{ins}}, \quad (7.22)$$

мұнда t_{ch} – күйе бастау уақыты, мин;

h_{ins} – оқшаулағыш қалыңдығы, мм;

ρ_{ins} – жылу оқшаулағыш материалдың тығыздығы, кг/м³.

7.6 Қаптамалардың қорғаныс әсерінің t_f уақыты

7.6.1 [3.4.3.4(1)] Өртке қарсы қаптамалардың бұзылуы келесі себептерге байланысты орын алуы мүмкін:

- қаптама материалының күйеі немесе механикалық бұзылуы;
- күймеген ағашқа бекітпе бұйымдарды қыстыру тереңдігі жеткіліксіз;
- бекітпе бұйымдар арасындағы интервал және арақашықтық жеткіліксіз.

7.6.2 Арқалықтар мен бағаналарға бекітілген ағаш қаптамалар мен ағаш тақталар үшін қорғаныс әсерінің уақыты ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.14) формуласы бойынша есептеледі:

$$t_f = t_{ch}, \quad (7.23)$$

мұнда t_{ch} – осы құралдың 7.5-тарауы талаптарына сәйкес анықталады.

7.6.3 А және Н типті гипс-картонды табақтар үшін қорғаныс әсерінің уақыты ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.15) формуласы бойынша есептеледі:

$$t_f = t_{ch}, \quad (7.24)$$

Ескертпе – Жалпы алғанда механикалық тозу салдарынан өртке қарсы қаптаманың істен шығуы температураға, сонымен қатар оның орналасуына тәуелді.

7.6.4 Жабын тақталары мен қаңқа қабырғаларға жүргізілген заттай от сынақтары негізінде [3–4] сәйкес әр түрлі өртке қарсы қаптамалардың t_f қорғаныс әсерінің уақытын есептеу бойынша эмпирикалық теңдеулер берілген, олар 7.5-кестеде көрсетілген.

7.5-кесте – Қабырғалар мен аражабындарға арналған t_f уақыт интервалын анықтау бойынша есептік теңдеулер

Қаптам а типі	Қабырғалар		Жабындар	
	Есептік формула	Шарт	Есептік формула	Шарт
F типі бір қабат	$t_f = 4,5 \cdot h_p - 24$ (7.25)	$9 \text{ мм} \leq h_p \leq 18 \text{ мм}$	$t_f = h_{p,1} + 10$ (7.36)	$12,5 \text{ мм} \leq h_p \leq 16$
	$t_f = 57$ (7.26)	$h_p > 18 \text{ мм}$	$t_f = 26$ (7.37)	$h_p > 16$
F типі екі қабат	$t_f = 4 \cdot h_{p,\text{tot}} - 40$ (7.27)	$25 \text{ мм} \leq h_{p,\text{tot}} \leq 31 \text{ мм}$	$t_f = 2 \cdot h_{p,\text{tot}} - 3$ (7.38)	$25 \text{ мм} \leq h_{p,\text{tot}} \leq 31 \text{ мм}$
	$t_f = 84$ (7.28)	$h_{p,\text{tot}} > 31 \text{ мм}$	$t_f = 59$ (7.39)	$h_{p,\text{tot}} > 31 \text{ мм}$
F+ типі A ¹ типі	$t_f = 81$ (7.29)	$h_p > 15 \text{ мм}^2$	$t_f = 50$ (7.40)	$h_p > 15 \text{ мм}^2$
A типі бір қабат	$t_f = 1,9 \cdot h_p - 7$ (7.30)	$9 \text{ мм} \leq h_p \leq 15 \text{ мм}$	$t_f = 1,8 \cdot h_p - 7$ (7.41)	$12,5 \text{ мм} \leq h_p \leq 15 \text{ мм}$
	$t_f = 21,5$ (7.31)	$h_p > 15 \text{ мм}$	$t_f = 20$ (7.42)	$h_p > 15 \text{ мм}$
A типі екі қабат	$t_f = 2,1 \cdot h_{p,\text{tot}} - 14$ (7.32)	$25 \text{ мм} \leq h_{p,\text{tot}} \leq 30 \text{ мм}$	— ³	— ³
	$t_f = 49$ (7.33)	$h_{p,\text{tot}} > 30 \text{ мм}$	— ³	— ³
A типі үш қабат	$t_f = 55$ (7.34)	$h_{p,\text{tot}} > 37,5 \text{ мм}$	— ³	— ³
Гипсті ағаштал- шықты тақта бір қабат	$t_f = 2,4 \cdot h_p - 14$ (7.35)	$10 \text{ мм} \leq h_p \leq 12,5 \text{ мм}$	— ³	— ³
<p>Ескертпе</p> <p>1 Сыртқы қабат F типті гипс-картонды табақтардан тұрады, ішкі қабат A типті гипс-картонды табақтардан тұрады.</p> <p>2 F типті гипс-картонды табақтардың бірінші қабатының қалыңдығы.</p> <p>3 Сынақтар туралы деректер жоқ.</p>				


7.6.5 Қаптаманың бірінші қабаты ретінде қолданылатын A немесе F типті гипс-картонды табақтарға арналған $t_{f,1}$ уақыт интервалының мәнін [3] сәйкес 7.6-кестеде берілген шарттарға байланысты анықтау қажет.

7.6-кесте – $t_{f,1}$ уақыт интервалын анықтау жөніндегі есептік теңдеулер

Қаптама типi	Есептік формула		Шарт
	Қабырғалар	аражабындар	
F типі	$t_{f,1} = 3,5 \cdot h_{p,1} + 7$ (7.43)	$t_{f,1} = 4 \cdot h_{p,1} - 14$ (7.45)	$9 \text{ мм} \leq h_p \leq 18 \text{ мм}$
A типі	$t_{f,1} = 1,6 \cdot h_{p,1} + 2$ (7.44)	$t_{f,1} = 1,6 \cdot h_{p,1}$ (7.46)	$9 \text{ мм} \leq h_p \leq 18 \text{ мм}$


7.6.6 Қабырғалар мен жабындар түрі комбинациядағы A , F типті гипс-картонды табақтардан жасалған қаптамалармен қорғалған және олардың қалыңдығы 7.6-кестеде берілген мәннен асып кеткен жағдайда аталған қаптамалар үшін $t_{f,1}$ уақыт интервалын 7.5-кестеде берілген шарттарға байланысты анықтау қажет.

7.6.7 7.15-суретте гипс-картонның бір табағымен қапталған қаңқа қабырғаны сынау нәтижелері берілген. Суреттен көріп тұрғанымыздай EN 316 бойынша гипс ағаш-талшықты тақталардан жасалған қаптама F типті гипс-картонды табаққа қарағанда ерте бұзылады.




7.15-сурет – Қаңқа қабырғалардағы гипс ағаш-талшықты тақтадан жасалған өртке қарсы қаптаманың істен шығу уақыты

7.6.8 7.16-суретте қаптаманың істен шығу уақыты мен қаңқа қабырғалардың қаптамасы ретінде қолданылатын F типті гипс-картонды табақтың сипаттамалық тығыздығы арасындағы тәуелділік мысалы көрсетілген.



7.16-сурет – Қаңқа қабырғалардың F типті гипс-картонды табақтарынан жасалған бір қабатты қаптаманың сипаттамалық тығыздығы мен бұзылу уақыты арасындағы тәуелділік

7.6.9 7.17-суретте өрттің әсер температурасы мен оның қыздырылмайтын бетінде өлшенетін F типті гипс-картонды табақтардан жасалған қаптаманың бұзылу уақыты арасындағы тәуелділік көрсетілген.



7.17-сурет – Өрттің әсер ету температурасы мен F типті гипс-картонды табақтан жасалған қаптаманың бұзылу уақыты арасындағы тәуелділік

7.6.10 Ағаш конструкцияларды қаптамалармен қорғау кезінде бекітпе бұйымдарды күймеген ағашқа l_a қыстыру тереңдігі кемінде 10 мм құрауы тиіс. Бекітпе бұйымдардың $l_{f,req}$ талап етілетін тереңдігі ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.16) формуласы бойынша есептелуі тиіс:

$$l_{f,req} = h_p + d_{char,0} + l_a, \quad (7.47)$$

мұнда h_p – оттан қорғайтын панель қалыңдығы;

$d_{char,0}$ – ағаш конструкциясының күй тереңдігі;

l_a – бекітпе бұйымдарды күймеген ағашқа қыстырудың минималды тереңдігі.

7.6.11 Бекітпе бұйымдардың істен шығуын есепке алатын t_f қаптамалардың қорғаныс әсерінің уақытын ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 келесі (С.9) формуласы бойынша есептеген жөн:

$$t_f = t_{ch} + \frac{l_f - l_{a,min} - h_p}{k_s \cdot k_2 \cdot k_n \cdot k_j \cdot \beta_0}; \quad (7.48)$$

мұнда $k_j = 1,0$ – ағаш конструкциясына бекітілмеген қаптамаларға арналған қосылыс коэффициенті;

$k_j = 1,15$ түйіспелер өрт әсер еткен қаптаманың сыртқы қабатында орналасқан кездегі қосылыс коэффициенті;

l_f – бекітпе бұйымның ұзындығы;

$l_{a,min}$ – бекітпе бұйымдарды күймеген ағашқа қыстырудың минималды тереңдігі;

h_p – қаптаманың жалпы қалыңдығы;

k_s – көлденең қима коэффициенті;

k_2 – оқшаулағыш коэффициенті;

k_n – симметриялық емес кішірейтілген көлденең қиманы шартты, тік бұрышты көлденең қимаға аудару коэффициенті;

β_0 – өрттің стандартты әсері кезіндегі күйдің бір жақты жылдамдығының есептік мәні.

Күймеген ағашқа $l_{a,min}$ бекітпе бұйымдарды қыстырудың минималды тереңдігі 10 мм құрауы тиіс.

Қаптаманы конструкцияға бекіту үшін болат швеллерлерді қолдану кезінде осы швеллерлердің қорғаныс әсерінің уақыты (7.48) формула бойынша есептеледі, бұл ретте h_p қаптаманың жалпы қалыңдығы t_s болат швеллер қалыңдығына ауыстырылады және қосылыс коэффициенті $k_j = 1,0$ тең етіп қабылданады.

Қаптама қорғаныс әсерін жоғалтқаннан кейін болат швеллерлер қуыстарды жылу оқшаулауды қамтамасыз ету үшін қолданылған жағдайда швеллерлердің бекітпе бұйымдардың істен шығуына қатысты қорғаныс әсерінің уақыты ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (С.12) формуласы бойынша есептеледі:

$$t_{sf} = t_f + \frac{l_f - l_{a,min} - k_s \cdot k_2 \cdot k_n \cdot \beta_0 \cdot (t_f - t_{ch}) - t_s}{k_s \cdot k_3 \cdot k_n \cdot \beta_0}, \quad (7.49)$$

мұнда t_{sf} – болат швеллерлердің қорғаныс әсерінің уақыты;

t_s – болат швеллерлердің қалыңдығы;

k_3 – қалдық қорғаныс коэффициенті.

7.7 Қорғаныс қаптамалары ретінде қолданылатын гипс-картонды табақтардың сипаттамалары

7.7.1 Осы тарауда ағаш құрылыс конструкцияларының қорғаныс қаптамасы ретінде қолданылатын түрлі типтегі (*A, D, E, F, H, I, P*, және *R*) гипс-картонды табақтардың геометриялық сипаттамаларына қойылатын негізгі талаптар берілген. Гипс-картонды табақтың әр типінің көрсетілген белгісі EN 520 сәйкес олардың жалпы таңбалануына кіреді.

7.7.2 *P* типті гипс-картонды табақтардың номиналды ені 400, 600, 900 және 1200 мм құрайды, ал номиналды ұзындық: 1200, 1500, 1800 және 2000 мм. Номиналды еннен шекті ауытқу 0-ден 8 мм-ге дейін, ал номиналды ұзындықтан 0-ден 6 мм-ден аспауы тиіс. *P* типті гипс-картонды табақтардың қалыңдығы әдетте 9,5 және 12,5 мм құрайды, ал номиналды қалыңдықтан шекті ауытқу $\pm 0,6$ мм аспауы тиіс.

Ескертпе – *P* типті гипс-картонды табақтарды осы тарауда берілгеннен өзгеше геометриялық өлшемдермен дайындауға болады. Осындай табақтарды қолдану қажеттілігі әр нақты жағдайда негізделуі тиіс.

7.7.3 *A, H, D, E, F, I* және *R* типті гипс-картонды табақтар үшін олардың геометриялық сипаттамаларына және олардан шекті ауытқуларына қойылатын келесі талаптар бекітіледі:

- номиналды ені: 600, 625, 900, 1200 және 1250 мм (0 – 4 мм);
- номиналды ұзындық: 1200, 1500, 1800 және 2000 мм (0 – 5 мм);
- номиналды қалыңдық: 9,5, 12,5 және 15 мм.

Ескертпе

- 1 Аталған типтің табақтарының номиналды қалыңдығы 6,0 мм кем болмауы тиіс.
- 2 Табақтардың 18 мм дейінгі номиналды қалыңдығының шекті ауытқуы $\pm 0,5$ мм аспауы тиіс. Табақтардың 0,1 мм дейінгі дәлдікпен анықталған ≥ 18 мм номиналды қалыңдығынан шекті ауытқу $\pm 0,04$ болуы тиіс, миллиметрмен табақ қалыңдығына көбейтілген және 0,1 мм дейін дөңгелектелген.
- 3 *A, H, D, E, F, I* және *R* типті гипс-картонды табақтарды осы тарауда берілгеннен өзгеше геометриялық өлшемдермен дайындауға болады. Осындай табақтарды қолдану қажеттілігі әр нақты жағдайда негізделуі тиіс.

7.7.4 *A, P, D, R, F, I* типті гипс-картонды табақтар ғимаратты жылулық қорғау жөніндегі қолданыстағы ережелерге сәйкес құрғақ және қалыпты дымқылдық тәртіптеріне ие ғимараттар мен бөлмелерде қолданылады.

7.7.5 *H* типті гипс-картонды табақтар ғимараттарды жылулық қорғау жөніндегі қолданыстағы ережелерге сәйкес құрғақ, қалыпты және дымқыл дымқылдықты тәртіптерге ие ғимараттар мен бөлмелерде қолданылады. Дымқыл тәртіпке ие ғимараттар мен бөлмелерде *H* типті табақтарды қолдану кезінде олар алдыңғы бетінен гидро оқшаулағышпен, суға төзімді топырақтармен, керамикалық тақталармен қорғалады.

7.7.6 *F* типті гипс-картонды табақтар өртену қауіптілігі жоғары бөлмелерде олардың отқа төзімділік шегін жоғарылату мақсатында конструкцияларды қаптау үшін қолданылады. Сондайақ осы типтің гипс-картонды табақтары сыртқы қабырға элементтерін қаптау үшін қолданылады.

7.7.7 Аталған типтердің гипс-картонды табактарын сынау EN 13823 сәйкес жүргізіледі. Сынақ нәтижелері бойынша өрт-техникалық көрсеткіштерді бекіту EN 13501-2 сәйкес жүзеге асырылады.

1-МЫСАЛ

Берілгені: 45 минут бойы өрт әсер еткен желімделген ағаш бағана. Бағана өлшемі 400×400 мм өлшемді тік бұрышты қимаға ие, сипаттамалық тығыздығы 550 кг/м^3 құрайтын ағаштың жапырақ тұқымдастарынан жасалған.

Талап етіледі: Аталған бағананың қалдық көлденең қимасының ауданын анықтау.

Есептеу:

Бұрыштық жұмырлануларды есепке ала отырып есептеу

Құралдың 7.1-кестесі бойынша ағаштың бір жақты күйу жылдамдығы $\beta_0 = 0,65 \text{ мм/мин}$ анықталады. (7.3) формула бойынша анықталатын күйу тереңдігі келесіні құрайды:

$$d_{\text{char},0} = \beta_0 \cdot t = 0,65 \times 45 = 29,25 \text{ мм},$$

мұнда $t = 45$ мин – өрттің әсер ету уақыты.

Күйу тереңдігін және өрттің әсер ету уақытын есепке ала отырып, конструкцияның көлденең қимасының параметрлері анықталады:

– көлденең қиманың ені мен биіктігі

$$b = B - 2 \cdot d_{\text{char},0} = 400 - 2 \times (29,25 + 0,07) = 341,36 \text{ мм};$$

Бұрыштық жұмырлануларды есепке ала отырып (7.1) формула бойынша анықталатын көлденең қима ауданы келесіні құрайды:

$$A_r = b^2 - 4 \times 0,215 \cdot r^2 = 341,36^2 - 4 \times 0,215 \times 29,25^2 = 115790,8 \text{ мм}^2 = 0,116 \text{ м}^2,$$

мұнда $r = d_{\text{char},0} = 29,25 \text{ мм}$ – бұрыштық жұмырлану радиусі (осы құралдың 7.1.4-тармағына сәйкес қабылданады).

Бұрыштық жұмырлануларды есепке алмай есептеу

7.1-кесте бойынша ағаштың шартты күйу жылдамдығы $\beta_n = 0,70 \text{ мм/мин}$ анықталады. (7.4) формула бойынша анықталатын шартты күйу тереңдігі келесіні құрайды:

$$d_{\text{char},n} = \beta_n \cdot t = 0,70 \times 45 = 31,5 \text{ мм},$$

мұнда $t = 45$ мин – өрттің әсер ету уақыты.

Күйу тереңдігін және өрттің әсер ету уақытын есепке ала отырып, конструкцияның көлденең қимасының параметрлері анықталады:

– көлденең қиманың ені мен биіктігі

$$b = B - 2 \cdot d_{\text{char},0} = 400 - 2 \times (31,5 + 0,07) = 336,86 \text{ мм};$$

Аталған конструкцияның көлденең қимасының ауданы келесіні құрайды:

$$A_r' = b^2 = 336,86^2 = 113474,8 \text{ мм}^2 = 0,113 \text{ м}^2,$$

Ескертпе – Аталған мысалда бағаны қыздырудың ең нашар нұсқасы қолданылады – төрт жағынан.

Қорытынды: Бұрыштық жұмырлануы есепке алынған ағаш желімденген бағананың қалдық көлденең қимасының ауданы $A_r = 0,116 \text{ м}^2$, бұрыштық жұмырлануын есепке алмағанда – $A_r' = 0,113 \text{ м}^2$.

2-МЫСАЛ

Берілгені: сипаттамалық тығыздығы 300 кг/м^3 құрайтын жапырақ тұқымды бүтін ағаштан жасалған жабынның ағаш арқалығы. Отқа төзімділіктің шекті 15 минутты құрайды.

Талап етіледі: көлденең қиманың минималды енін анықтау b_{\min} .

Есептеу:

Осы құралдың 7.1-кестесіне сәйкес күйдің бір жақты жылдамдығының мәні $\beta_0 = 0,65 \text{ мм/мин}$.

(7.3) формула бойынша бір жақты күй тереңдігі келесіні құрайды:

$$d_{\text{char},0} = \beta_0 \cdot t = 0,65 \times 15 = 9,75 \text{ мм},$$

мұнда $t = 15 \text{ мин}$ – өрттің әсер ету уақыты.

Өрттің бір жақты әсері кезінде күй тереңдігінің мәні 13 мм ($d_{\text{char},0} < 13 \text{ мм}$) кем болатындықтан, арқалықтың минималды ені b_{\min} осы құралдың (7.7) формуласы бойынша есептеледі:

$$b_{\min} = 8,15 \cdot d_{\text{char},0} = 8,15 \times 9,75 = 79,46 \text{ мм}.$$

Қорытынды: арқалықтың минималды ені $b_{\min} = 79,46 \text{ мм}$ құрауы тиіс.

3-МЫСАЛ

Берілгені: EN 300 сәйкес ағаш конструкцияларының қорғаныс қаптамалары ретінде қолданылатын екі OSB панель. Бірінші панельдің қалыңдығы $h_p = 12 \text{ мм}$, ал екіншісі $h_p = 20 \text{ мм}$ құрайды. Сипаттамалық тығыздығы 700 кг/м^3 .

Талап етіледі: Аталған OSB панельдерінің күй жылдамдығын анықтау.

Есептеу: OSB панельдердің сипаттамалық тығыздығы 7.1-кестеде көрсетілген мәндерден асып кететін болғандықтан, күй жылдамдығы (7.9) формула бойынша анықталады. Аталған панельдердің k_p коэффициентінің мәні сипаттамалық тығыздыққа байланысты (7.10) формула бойынша анықталады:

$$k_p = \sqrt{\frac{450}{\rho_k}} = \sqrt{\frac{450}{700}} = 0,8.$$

(7.11) формула бойынша k_h коэффициентін есептеу жүргізіледі және тақта қалыңдығына байланысты келесілерді құрайды:

$h_p = 12 \text{ мм}$ кезінде

$$k_h = \sqrt{\frac{20}{h_p}} = \sqrt{\frac{20}{12}} = 1,29;$$

$h_p = 20 \text{ мм}$ кезінде

$$k_h = \sqrt{\frac{20}{h_p}} = \sqrt{\frac{20}{20}} = 1,00;$$

Онда (7.9) формула бойынша анықталған күй жылдамдығы әр тақта үшін келесіні құрайды:

$$h_p = 12 \text{ мм кезінде} \quad \beta_{0,p,t} = \beta_0 \cdot k_p \cdot k_h = 0,9 \times 0,8 \times 1,29 = 0,93 \text{ мм/мин};$$

$$h_p = 20 \text{ мм кезінде} \quad \beta_{0,p,t} = \beta_0 \cdot k_p \cdot k_h = 0,9 \times 0,8 \times 1,00 = 0,72 \text{ мм/мин},$$

мұнда $\beta_0 = 0,9$ мм/мин – 7.1-кесте бойынша қабылданатын күй жылдамдығының мәні.

Қорытынды: OSB панельдің бір жақты күй жылдамдығының есептік мәні $h_p = 12$ мм қалыңдық кезінде $\beta_{0,p,t} = 0,93$ мм/мин, $h_p = 20$ мм қалыңдық кезінде $\beta_{0,p,t} = 0,72$ мм/мин құрайды.

4-МЫСАЛ

Берілгені: С22 класының жапырақ тұқымдас бүтін ағаштан жасалған ағаш арқалық, сипаттамалық тығыздығы 340 кг/м^3 құрайды, көлденең қима өлшемі 75×250 мм, аралық шамасы 4,5 м құрайды, арқалықтың вертикаль конструкцияларға сүйеніп тұрған жерінде ол 83 мм биіктіктегі қимаға ие. Арқалықтың әр аралығына әсер ететін айнымалы жүктеме 2,5 кПа құрайды, тұрақты жүктеме 0,2 кН/мм дең. Арқалықтардың осьтері арасындағы қашықтық 600 мм құрайды және оларға үш жағынан өрт әсер етеді.

Талап етіледі: ағаш арқалықтың стандартты өрттің 30 минут бойы әсерінен кейін аталған жүктемеге шыдай алатындығын анықтау.

Есептеу:

Осы құралдың А қосымшасына сәйкес ағаштың қасиеттері анықталады:

- серпімділік модулі $E_0 = 10,0$ ГПа;
- төзімділік (иілу) класы $f_{m,k} \sigma_k = 7,7$ МПа;
- ығысу кезіндегі төзімділік шегі $f_{v,k} = 0,71$ МПа.

Аталған конструкциялардың отқа төзімділігінің шегін есептеу екі кезеңмен жүргізіледі. Бірінші кезеңде бұрыштық жұмырлану ықпалы еленбейді, ал екінші кезеңде олар есепке алынады.

Осы құралдың 7.1-кестесі бойынша ағаштың шартты күй жылдамдығы $\beta_n = 0,70$ мм/мин анықталады. (7.4) формула бойынша есептелетін шартты күй тереңдігі келесіні құрайды:

$$d_{\text{char}} = \beta_n \cdot t = 0,70 \times 30 = 21,0 \text{ мм},$$

мұнда $t=30$ мин – стандартты өрттің әсер ету уақыты (шарт бойынша).

Бұрыштық жұмырлануларды есепке алмай есептеу

Көлденең қиманың азайтылған параметрлері есептеледі:

$$\text{– көлденең қиманың ені } b = B - 2 \cdot d_{\text{char}} = 75 - 2 \times 21,0 = 33,0 \text{ мм};$$

$$\text{– көлденең қиманың биіктігі } d = D - d_{\text{char}} = 250 - 21,0 = 229,0 \text{ мм}.$$

Иілу моменті

Серпімділік модулі анықталады:

$$E_d = \frac{b \cdot d^2}{6} = \frac{33 \times 229^2}{6} = 288 \times 10^3 \text{ мм}^3.$$

Иілу моменті анықталады:

$$M = \frac{q \cdot l^2}{8} = \frac{(2,5 \times 0,6 + 0,2) \times 4,5^2}{8} = 4,3 \text{ кН},$$

мұнда q – тұрақты және айнымалы жүктеме сомасы ретінде анықталатын конструкцияларға жүктеме.

Иілуге кернеу келесі формула бойынша есептеледі (иілу кезіндегі біршама созылған талшықтағы кернеу):

$$\sigma_m = \frac{M}{E_d} = \frac{4300}{288} = 14,9 \text{ МПа}.$$

Бастапқы көлденең қимасының ені 70 мм асатын конструкциялар үшін иілудің шекті кернеуі беріктілік класына қарағанда 2,25 есе жоғары (бастапқы көлденең қимасының ені 70 мм жетпейтін конструкциялар үшін иілу кернеуі беріктілік класынан 2,0 есе асып кетеді, бұл көлденең қима центріндегі температураның жоғарылауы салдарынан аздаған шығындарға жол береді).

Осылайша, иілуге шекті кернеу келесіні құрайды:

$$f_m = 2,25 \cdot f_{m,k} = 2,25 \times 7,7 = 17,33 \text{ МПа}.$$

Иілуге нақты кернеу шекті рұқсат етілетін мәндерден аспайтын болғандықтан, сәйкесінше Арқалықтың көлденең қимасы аталған шекті күйді қанағаттандырады.

Ығысу

Ығысуға кедергі ауданы A_r 36 мм тең азайтылған енге 167 мм тең тіреу орнындағы ойық үстіндегі түпнұсқа биіктіктің туындысы ретінде анықталады.

Конструкция тіреулеріндегі ығысу моменті келесі формула бойынша есептеледі:

$$M_d = \frac{q \cdot l}{2} = \frac{(2,5 \times 0,6 + 0,2) \times 4,5}{2} = 3,83 \text{ кН}.$$

Осылайша, арқалықтың қимасын және күйе шамасына азайтылған биіктікті есепке ала отырып, тіректегі ығысу кернеуі келесі тәсілмен есептеледі:

$$\tau_d = \frac{1,5 \cdot M_d}{A_r} = \frac{1,5 \times 3,83 \times 10^3}{(167 \times 33)} = 1,0 \text{ МПа}.$$

Ығысудың шекті рұқсат етілетін кернеуі келесіні құрайды:

$$\tau_{d,c} = 2,25 \cdot f_{v,k} \cdot \frac{d'}{d} = 2,25 \times 0,71 \times \frac{167}{229} = 1,16 \text{ МПа}.$$

Келтірілген деректерден ығысу кернеуінің нақты мәні шекті рұқсат етілетін мәннен аспайтындығы көрініп тұр, сәйкесінше арқалықтың көлденең қимасы аталған шекті күйді қанағаттандырады.

Майысу

Инерция моменті келесі тәсілмен анықталады:

$$I = \frac{b \cdot d^3}{12} = \frac{35 \times 230^3}{12} = 35,5 \times 10^6 \text{ мм}^4.$$

Майысу шамасы келесіні құрайды:

$$w_b = \frac{5 \cdot q \cdot L^4}{384 \cdot E \cdot I} = \frac{5 \times (2,5 \times 0,6) \times 4,5^4}{384 \times 10,0 \times 10^{-6} \times 35,5 \times 10^6} = 0,025 \text{ м.}$$

Ығысу кезіндегі майысуды анықтау барысында ығысу модулі $E/16$ ретінде қабылданады:

$$w_s = \frac{k \cdot M}{A \cdot G} = \frac{1,2 \times 4,3}{229 \times 33 \times \left(\frac{10 \times 10^6}{16} \right)} = 0,001 \text{ м.}$$

Соңғы майысу шамасы келесі тәсілмен анықталады:

$$w_{fin} = w_b + w_s = 0,025 + 0,001 = 0,026 \text{ м.}$$

Майысудың шекті рұқсат етілетін мәні келесіні құрайды:

$$w_c = \frac{1}{20} = \frac{4,5}{20} = 0,225 \text{ м.}$$

Осылайша, аталған арқалық шекті рұқсат етілетін майысу шартын қанағаттандырады, өйткені аталған параметрдің нақты мәні талап етілгеннен аспайды.

Өрт кезіндегі бұрыштық жұмырланулардың әсерін есепке ала отырып, арқалықты есептеу

Осы құралдың 7.1-кестесі бойынша ағаштың бір жақты күйу жылдамдығы $\beta_0 = 0,65$ мм/мин анықталады. (7.3) формула бойынша есептелетін күйу тереңдігі келесіні құрайды:

$$d_{char} = \beta_0 \cdot t = 0,65 \times 30 = 19,5 \text{ мм,}$$

мұнда $t = 30$ мин – стандартты өрттің әсер ету уақыты (шарт бойынша).

Көлденең қиманың азайтылған параметрлері келесілерді құрайды:

- көлденең қиманың ені $b = B - 2 \cdot d_{char} = 75 - 2 \times 19,5 = 36,0$ мм;
- көлденең қиманың биіктігі $d = D - d_{char} = 250 - 19,5 = 230,5$ мм.

Осы құралдың (7.1) формуласы бойынша анықталатын бұрыштық жұмырлануларды есепке ала отырып, көлденең қима ауданы келесіні құрайды:

$$A = b \cdot d - 2 \cdot 0,215 r^2 = 36 \times 230,5 - 2 \times 0,215 \times 21^2 = 8108 \text{ мм}^2,$$

мұнда $r = d_{char}$ – бұрыштық жұмырлану радиусі (осы құралдың 7.1.4-тармағына сәйкес қабылданады).

Жұмырлану бұрышын есепке ала отырып, қиманың ауырлық центрінің орналасуы осы құралдың 7.1.5-тармағын назарға алған кезде келесі формула бойынша анықталады:

$$x_n = \frac{\left(\frac{b \cdot d^2}{2} - 2 \times 0,215 \cdot r^2 \cdot 0,223 \cdot r \right)}{A} = \frac{\left(\frac{36 \times 230,5^2}{2} - 2 \times 0,215 \times 19,5^2 \times 0,223 \times 19,5 \right)}{8108} = 117,8 \text{ мм.}$$

Инерция моменті келесі Формула бойынша есептеледі:

$$\begin{aligned}
 I &= \frac{b \cdot d^3}{12} + b \cdot d \left(\frac{d}{2} - x_n \right)^2 - 2 \times 0,08 \cdot r^4 - 2 \times 0,215 \cdot r^2 (x_n - 0,223 \cdot r)^2 = \\
 &= \frac{36 \times 230,5^2}{12} + 36 \times 230,5 \left(\frac{230,5}{2} - 117,8 \right)^2 - 2 \times 0,008 \times 19,5^4 - 2 \times 0,215 \times 19,5^2 \times \\
 &\times (117,8 - 0,223 \times 19,5)^2 = 34 \times 10^6 \text{ мм}^4.
 \end{aligned}$$

Серпімділік модулі келесіні құрайды:

$$E_d = \frac{I}{x_n} = \frac{34 \times 10^6}{117,8} = 289 \times 10^3 \text{ мм}^3.$$

Иілу моменті

Иілу моментінің мәні алдыңғы кезеңдегі сияқты ені келесіні құрайды:

$$M = \frac{q \cdot l^2}{8} = \frac{(2,5 \times 0,6 + 0,2) \times 4,5^2}{8} = 4,3 \text{ кН},$$

Иілуге кернеу келесі формула бойынша есептеледі:

$$f_m = \frac{M}{E_d} = \frac{4300}{289} = 14,9 \text{ МПа}.$$

Иілуге кернеудің шекті рұқсат етілетін мәні 17,33 МПа құрайды. Иілуге нақты кернеу шекті рұқсат етілетін мәннен аспайтын болғандықтан, Арқалықтың көлденең қимасы аталған шектелген күйді қанағаттандырады.

Ығысу

Конструкция тіреулеріндегі ығысу моменті $V = 3,83 \text{ кН}$ тең. Ығысуға кедергі ауданы $A_v 36 \text{ мм}$ тең азайтылған енге 167 мм тең тіреу орнындағы ойық үстіндегі түпнұсқа биіктіктің туындысы ретінде анықталады:

$$A_r = d' \cdot b = 167 \times 36 = 6012 \text{ мм}^2.$$

Осылайша, арқалықтың қимасын және күйеу шамасына азайтылған биіктікті есепке ала отырып, тіректегі ығысу кернеуі келесіні құрайды:

$$\tau_d = \frac{1,5 \cdot M_d}{A_r} = \frac{1,5 \times 3,83 \times 10^3}{6012} = 0,96 \text{ МПа}.$$

Ығысудың шекті рұқсат етілген кернеуі $1,16 \text{ МПа}$ құрайды, сәйкесінше арқалықтың көлденең қимасы аталған шекті күйді қанағаттандырады.

Майысу

Майысу шамасы келесіні құрайды:

$$w_b = \frac{5 \cdot q \cdot L^4}{384 \cdot E \cdot I} = \frac{5 \times (2,5 \times 0,6) \times 4,5^4}{384 \times 10,0 \times 10^{-6} \times 34,0 \times 10^6} = 0,024 \text{ м}.$$

Ығысу кезіндегі майысуды анықтау барысында ығысу модулі $E/16$ ретінде қабылданады:

$$w_s = \frac{k \cdot M}{A \cdot G} = \frac{1,2 \times 4,3}{8108 \times \left(\frac{10 \times 10^6}{16} \right)} = 0,001 \text{ м.}$$

Соңғы майысу шамасы келесі тәсілмен анықталады:

$$w_{\text{fin}} = w_b + w_s = 0,024 + 0,001 = 0,025 \text{ м.}$$

Майысудың шекті рұқсат етілетін шамасы келесіні құрайды:

$$w_c = \frac{1}{20} = \frac{4,5}{20} = 0,225 \text{ м.}$$

Осылайша, аталған арқалық шекті рұқсат етілетін майысу шартын қанағаттандырады, өйткені аталған параметрдің нақты мәні талап етілгеннен аспайды.

Қорытынды: Жасалған есептеу нәтижесінде сипаттамалары көрсетілген аражабынның арқалығы өрттің 30 минут бойы әсерінен кейін отқа төзімділіктің талап етілетін шегін қамтамасыз етеді.

5-МЫСАЛ

Берілгені: бағана С22 класының қылқан жапырақ тұқымды ағашынан жасалған. Бағана биіктігі 3,0 м, квадрат кима ($D \times B$) 150×150 мм. Осьтік жұмыс жүктемесі 30 кН құрайды, ал осьтік рұқсат етілетін жүктеме 45 кН. Өрт кезіндегі ағаш төзімділігінің есептік мәні $f_{d,fi} = 14,81$ МПа құрайды, серпімділіктің есептік модулі $E_{d,fi} = 8250$ МПа.

Талап етіледі: ағаш бағананың көтергіш қабілетінің 30 минут бойы өрт әсеріне шыдай алатындығын анықтау.

Есептеу:

Осы құралдың 7.1-кестесіне сәйкес аталған конструкцияның шартты күй жылдамдығы $\beta_n = 0,80$ мм/мин құрайды.

Күй тереңдігі (7.4) формула бойынша есептеледі:

$$d_{\text{char}} = \beta_n \cdot t = 0,80 \times 30 = 24 \text{ мм}$$

Күй сызығынан тыс қабаттың тереңдігі осы құралдың 10-тармағына сәйкес $d_0 = 7$ мм тең етіп қабылданады.

Кішірейтілген көлденең қиманың өлшемдері анықталады:

$$d = D - 2 \cdot d_{\text{char}} = 150 - 2 \times (24 + 7) = 88 \text{ мм.}$$

Инерция радиусінің мәні келесіні құрайды:

$$i = \frac{d}{2\sqrt{3}} = \frac{88}{2\sqrt{3}} = 25,4 \text{ мм.}$$

Элементтің иілгіштігі есептеледі:

$$\lambda = \frac{L_e}{i} = \frac{3000}{25,4} = 118.$$

Шектік кернеу мәні анықталады:

$$\sigma_e = \frac{\pi^2 \cdot E_{d,fi}}{\lambda^2} = \frac{3,14^2 \times 8250}{118^2} = 5,85 \text{ МПа}.$$

$$\frac{f_{kd,fi}}{f_{d,fi}} = 0,286 \text{ қатынасын анықталады, онда } f_{kd,fi} = 0,286 \times 14,81 = 4,23 \text{ МПа}.$$

Күю тереңдігін есепке алатын қалдық көлденең қиманың ауданы келесіні құрайды:

$$A_r = d^2 = 88^2 = 7744 \text{ мм}^2.$$

Конструкцияға түсірілетін шекті рұқсат етілетін жүктеме келесіні құрайды:

$$N_{fi,r} = A_r \cdot f_{kd,fi} = (7744 \times 4,23)/1000 = 32,8 \text{ кН}.$$

Өрт кезіндегі конструкцияға түсірілетін кернеуді есептейді:

$$N_{fi,d} = \eta_{fi} \cdot N_{sd} = 0,6 \times 45 = 27 \text{ кН}.$$

Қорытынды: Өрт кезіндегі конструкцияға түсірілетін кернеу шекті рұқсат етілетін мәндерден аспайтын болғандықтан, аталған бағана 30 минутқа созылатын өрт әсері кезінде отқа төзімділіктің талап етілетін шегін қамтамасыз етеді.

8 КЕДЕРГІНІ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ

8.1 Келтірілген көлденең қима әдісі

8.1.1 Аталған әдісті қолданған кезде тиімді көлденең қима ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (4.1) формуласы бойынша анықталатын d_{ef} күйдің тиімді тереңдігіне (8.1-сурет) азайтылған бастапқы көлденең қиманы есепке ала отырып есептеледі:


$$d_{ef} = d_{char,n} + k_0 \cdot d_0, \quad (8.1)$$

мұнда d_0 – күйсызығынан тыс қабат тереңдігі, бұл ретте беріктік пен қаттылық нөлге тең етіп қабылданады ($d_0=7$ мм қабылдауға болады);

$d_{char,n}$ – (7.4) формула бойынша анықталатын шартты күй тереңдігі;

k_0 – 8.1-кесте бойынша анықталатын коэффициент.

Ескертпе – Келтірілген көлденең қима әдісін қолдану кезінде өрт әсері кезіндегі конструкция кедергісін есептеуде келесі шектер қолданылады: қабат қалыңдығы k_0 және d_0 күй сызығынан тыс материалдың беріктігі мен қаттылығы нөлге тең болады, ал бұл ретте қалдық көлденең қиманың беріктігі мен қаттылығының сипаттамалары өзгеріссіз қалады.



1 – конструкцияның сыртқы беті; 2 – қалдық көлденең қиманың шекарасы;
3 – тиімді көлденең қиманың шекарасы

8.1-сурет – Қалдық және тиімді көлденең қиманы анықтау



8.1.2 [4.2.2(2)] Ағаш құрылыс конструкцияларының қорғалмаған беттері үшін k_0 коэффициентінің мәні 8.1-кестеде берілген.

8.1-кесте – t уақыт моментіндегі ағаш құрылыс конструкцияларының қорғалмаған беттеріне арналған k_0 коэффициентінің мәні, мин (7.10-сурет)

Өрттің әсер ету уақыты	k_0 коэффициентінің мәні
$t < 20$ мин	$t/20$
$t \geq 20$ мин	1,0

8.1.3 Конструкциялар қаптамалармен қапталған және осы конструкцияның күйе бастағанға дейінгі уақыты 20 мин ($t_{ch} > 20$ мин) асып кеткен жағдайда, k_0 коэффициенті $t = 0 - t = t_{ch}$ аралығындағы уақыт ішінде 0-ден 1-ге дейін сызықтық жоғарылайды деп болжанады (8.2-сурет).

Конструкциялар қаптамалармен қапталған және осы конструкцияның күйе бастағанға дейінгі уақыты 20 мин ($t_{ch} \leq 20$ мин) аспайтын болса, онда k_0 коэффициентін анықтау үшін 8.1-кестені қолдану қажет.



a - $t_{ch} \leq 20$ мин кезінде қорғалмаған және қорғалған конструкциялар үшін

b - $t_{ch} > 20$ мин кезінде қорғалған конструкциялар үшін

8.2-сурет – Өрттің әсер ету уақытына байланысты k_0 коэффициентін өзгерту

8.1.4 Қуыстары толтырылмаған (мысалы, қаңқа қабырғалар мен жабындардағы бағаналар немесе арқалықтар арасындағы кеңістік) ағаш конструкциялар үшін келесі талаптарды есепке алу қажет:

– егер өртке қарсы қаптама A типті гипс-картонды табактардың бір немесе бірнеше қабатынан, ағаш панельдерден немесе ағаш такталардан тұрса, онда k_0 коэффициенті t_f конструкцияның бұзылу уақытының моментінде 0,3 тең қабылдануы тиіс. Содан соң кейінгі 15 минутта k_0 коэффициенті 1,0 мәніне дейін сызықтық жоғарылайды деп қабылданады;

– егер өртке қарсы қаптама F типті гипс-картонды табактардың бір немесе бірнеше қабатынан тұратын болса, онда күйе бастау уақытының сәтінде k_0 коэффициенті 1,0 тең қабылдануы тиіс. $t < t_{ch}$ кезінде k_0 коэффициентін анықтау үшін сызықтық интерполяцияны қолдану қажет (8.2b-сурет).

8.1.5 Тиімді көлденең қиманың беріктік пен қаттылық параметрлерінің есептік мәндері $k_{mod,fi} = 1,0$ тең модификация коэффициентін есепке ала отырып есептелуі керек.

8.2 Келтірілген сипаттамалар әдісі

8.2.1 Келтірілген сипаттамалар әдісі үш немесе төрт жағынан өрт әсер еткен, тік бұрышты көлденең қиманың ағаш қылқан жапырақты тұқымдарынан жасалған конструкцияларды, сонымен қатар барлық периметрі бойынша өрт әсер еткен дөңгелек ағаш конструкцияларды жобалау кезінде қолданылады.

8.2.2 Қалдық көлденең қиманың сипаттамалары мен өлшемдері осы құралдың 7-тарауына сәйкес анықталады.

Өрттің әсер ету ұзақтығы $t \geq 20$ мин болған кезде $k_{mod,fi}$ модификация коэффициенті ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (4.2) – (4.4) формулалары бойынша есептеледі (8.3-сурет):

– иілу беріктігі үшін

$$k_{mod,fi} = 1,0 - \frac{1}{200} \cdot \frac{p}{A_r}; \quad (8.2)$$

– сығу беріктігі үшін


$$k_{mod,fi} = 1,0 - \frac{1}{125} \cdot \frac{p}{A_r}; \quad (8.3)$$

– созылу беріктігі және серпімділік модулі үшін

$$k_{\text{mod,fi}} = 1,0 - \frac{1}{330} \cdot \frac{p}{A_r}, \quad (8.4)$$

мұнда p – өрт әсер еткен қалдық көлденең қиманың периметрі, м;
 A_r – қалдық көлденең қиманың ауданы, м².

8.2.3 [4.2.3(3)] $t = 0$ уақыт моментіндегі қорғалмаған және қорғалған конструкциялар үшін модификация коэффициенті $k_{\text{mod,fi}} = 1$ тең қабылдануы тиіс. $0 \leq t \leq 20$ мин уақыт моментіндегі қорғалмаған конструкциялар үшін модификация коэффициенті сызықтық интерполяция көмегімен анықталады.



1 – созылуға беріктік, серпімділік модулі; 2 – иілуге беріктік;
 3 – сығуға беріктік

8.3-сурет – Тәуелділіктің графикалық түрі (8.2) – (8.4)

8.3 Конструкциялар мен конструктивті элементтерді есептеудің жеңілдетілген ережелері

8.3.1 Осы ережелерді қолдану кезінде келесі шектер енгізіледі:

- ағаш талшықтарына перпендикуляр қысым еленбейді;
- тік бұрышты және дөңгелек қималардағы ығысу жүктемесі еленбейді.

8.3.2 Саңылаулары бар арқалықтар үшін [4.3.1(2)] сәйкес төмендегі формула бойынша келесі шарттарды орындауға тексеру жүргізіледі:

$$A_r \geq 0,6 \cdot A, \quad (8.5)$$

мұнда A_r – қалдық көлденең қиманың ауданы;

A – ағаш конструкциясының көлденең қимасының минимальды ауданы, қалыпты температурасы кезінде анықталған.

8.4 Конструкциялардың механикалық қосылыстары

8.4.1 Механикалық байланысқан конструкциялар үшін өрт кезіндегі жылжудың моделінің азаюы есепке алынуы тиіс.

8.4.2 Өрт кезіндегі K_{fi} жылжу модулі ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (4.5) формуласы бойынша есептеледі:

$$K_{fi} = K_u \cdot \eta_f, \quad (8.6)$$

мұнда K_{fi} – өрт кезіндегі жылжу модулі, Н/мм;

K_u – қалыпты температура кезіндегі тіреу қабілетін жоғалту жөніндегі шекті күйге арналған жылжу модулі (ҚР ҚН EN 1995-1-1:2008/2011 сәйкес анықталады), Н/мм;

η_f – 8.2-кесте бойынша анықталатын аудару коэффициенті.

8.2-кесте – η_f аудару коэффициенті

Бекітпе бұйымдар	η_f
Шегелер мен бұрамалар	0,2
Бұрандалар, сыналар, қысқыш сақиналар қолданылған қосылыстар, пластинкалы кілттер, тісті біріктіру элементтері	0,67

8.5 Есептеудің жалпы әдістері

8.5.1 Есептеудің жалпы әдістері өрт кезіндегі конструктивті жүйелердің реалистік талдануын қамтамасыз етуі тиіс. Олар өрт кезінде тиісті конструктивті элементтің күтілетін жұмысы туралы біршама дәл деректер алуға алып келетін негізді физикалық көріністерге негізделуі тиіс.

8.5.2 Есептеудің жалпы әдістері жекелеген конструктивті элементтер, сондайақ конструкция бөліктері үшін немесе бүтін конструкциялар үшін қолданылады.

8.5.3 Есептеудің жалпы әдістерін келесі жағдайларда қолдану қажет:

- күй тереңдігін анықтау кезінде;
- конструкциялардағы температураның жоғарылауын және таралуын анықтау үшін (жылу-техникалық есеп);
- конструктивті жүйенің немесе оның кез келген бөлігінің механикалық жұмысын анықтау үшін (статистикалық есеп).

8.5.4 Есептеулер жүргізу кезінде сыртқы ауа температурасы 20°C тең етіп қабылданады.

8.5.5 Конструкциялардың жылу сипаттамаларын есептеу әдістері жылу беру теориясына негізделуі тиіс.

8.5.6 Жылу-техникалық есеп температураға байланысты материалдардың жылу сипаттамаларының өзгеруін есепке алады.

Ескертпе – Егер жылу-техникалық есептік модель масса алмастыру салдарынан жылу берудің жоғары болуының деректерін, мысалы, сұйықтықтың булануы кезінде не болмаса сызаттардың пайда болуы салдарынан (конвекцияның және/немесе сәулеленудің жылу беруі), есепке алмайтын болса, жылу-техникалық сипаттамаларды, ереже бойынша, эксперименттік деректермен салыстырылатын нәтижелер алу үшін өзгерту қажет.

8.5.7 Ағашта және гипс-картонды табақтан жасалған қорғаныс қаптамаларында ылғалдық әсері есепке алынуы тиіс.

8.5.8 Есептеудің жалпы әдістері температура мен ылғалдыққа байланысты механикалық сипаттамалардың өзгеруін есепке алуы тиіс.

8.5.9 Конструкцияларды талдау кезінде температураның өзгергіштігін есепке алу қажет. Ағаштан және ағаш тақталардан жасалған бұйымдар үшін айнымалы ылғалдықты есепке алу ерекше маңызды.

Ескертпе – Осы құралда аталған ағаштан жасалған механикалық материалдардың сипаттамалары температураның өзгергіштігін және ылғалдық айнымалысын есепке алады.

8.5.10 Ағаштан және ағаш тақталардан жасалған материалдарды қоспағанда, материалдар үшін температурадағы айырмашылықтар салдарынан туындайтын термиялық созылулар мен кернеулердің әсері есепке алынуы тиіс.

8.5.11 Статикалық есеп материалдардың сызықтық емес сипаттамаларының ықпалын есепке алуы тиіс.


8.6 Жылу-техникалық сипаттамалар

8.6.1 Өрттің стандартты әсері кезіндегі қылқан жапырақ тұқымдас ағаштың жылу өткізгіштік, жылу сыйымдылық және салыстырмалы тығыздық мәндері 8.4 – 8.6-суреттерде және 8.3 – 8.4-кестелерде көрсетілген.

Ескертпе

1 Күйген қабаттың жылу өткізгіштігінің мәндері өлшеу жолымен алынған ағаш көміріне арналған мәндерге қарағанда біршама басым болып табылады. Осы мәндер 500 °C жоғары температура кезіндегі отыру сызаттарының салдарынан жоғары жылу өткізгіштік әсерін және 1000 °C жоғары температура кезіндегі күйген қабаттың ыдырауын есепке алу үшін қолданылады. Ағаш көміріндегі сызаттар сәулелену және конвекция салдарынан жылу алмасуды жоғарылатады. Қолданылатын компьютерлік модельдер бұл құбылыстарды есепке алмайды.


2 Қолданылатын есептік модельге байланысты материалдардың аталған жылу-техникалық сипаттамаларын өзгерту талап етілуі мүмкін.




8.4-сурет – Ағаш үшін жылу өткізгіштік коэффициентінің күй сызығы температурасына тәуелділігі

8.3-кесте – Ағаш үшін жылу өткізгіштік коэффициентінің күй сызығы температурасына тәуелділігі

Температура, °C	Жылу өткізгіштік коэффициенті (λ), Вт·м ⁻¹ ·К ⁻¹
20	0,12
200	0,15
350	0,07
500	0,09
800	0,35
1200	1,50



8.5-сурет – Ағаш және ағаш көмірі үшін жылу сыйымдылықтың температураға тәуелділігі



8.6-сурет – 12 % ылғалдыққа ие қылқан жапырақты ағаш үшін салыстырмалы тығыздықтың температураға тәуелділігі

8.4-кесте – Қолданудың 1 класы үшін құрғақ күйдегі қылқан жапырақты ағаштың шекті жылу сыйымдылығы мен салыстырмалы тығыздығы

Температура, °C	Шекті жылу сыйымдылығы, $\text{кДж} \cdot \text{кг}^{-1} \cdot \text{K}^{-1}$	Тығыздықтар қатынасы ¹
20	1,53	$1 + \omega$
99	1,77	$1 + \omega$
99	13,60	$1 + \omega$
120	13,50	1,00
120	2,12	1,00
200	2,00	1,00
250	1,62	0,93
300	0,71	0,76
350	0,85	0,52
400	1,00	0,38
600	1,40	0,28
800	1,65	0,26
1200	1,65	0

¹ ω – ылғал мөлшері


8.7 Механикалық сипаттамалар

8.7.1 Қылқан жапырақты ағаштың беріктікі мен серпімділік модулінің локальды мәндері 8.7 және 8.8-суреттерде көрсетілген температураға тәуелді төмендету коэффициентіне көбейтілуі тиіс.


Ескертпе – Көрсетілген тәуелділіктер ағаштың орнатылған сырғанағыштығының әсерін есепке алады.

8.7.2 Талшықтарды көлденеңінен сығу кезінде талшықтарды параллель сығу үшін қолданылған беріктіктің төмендету коэффициентін қолдану қажет.

8.7.3 Талшықтарды көлденеңінен екі ығыстыратын күшпен жылжыту кезінде (ширатылатын ығысу) талшықтарды параллель сығу үшін қолданылған азайту коэффициентін қолдану қажет.



8.7-сурет – Параллель талшықтар әсері кезіндегі қылқан жапырақты ағаш беріктігінің төмендету коэффициенті



8.8-сурет – Параллель талшықтар әсері кезінде температураның қылқан жапырақты ағаш серпімділігінің модуліне әсері

1-МЫСАЛ

Берілгені: көлденең қимасының өлшемі 250×75 мм және ұзындығы 4,5 м ағаш арқалық. Арқалық сипаттамалық тығыздығы 400 кг/м^3 қылқан жапырақ тұқымдас ағаштан жасалған. Аталған арқалықтың отқа төзімділігінің талап етілген шегі R30 құрайды.

Талап етіледі: аталған ағаш арқалық үшін жүктеме әсерінің ұзақтығын және өрт кезінде ылғал мөлшерін $k_{\text{mod,fi}}$ есепке алатын модификация коэффициентінің мәнін анықтау.

Есептеу:

$k_{\text{mod,fi}}$ коэффициентінің мәнін екі тәсілмен анықтауға рұқсат етіледі: 1) (8.2)–(8.4) есептік тәуелділіктерді қолданып; 2) 8.3-суретте берілген номограмманы қолданып, графикалық.

$k_{\text{mod,fi}}$ коэффициентін есептік анықтау

Осы құралдың 7.1-кестесі бойынша ағаштың шартты күй жылдамдығы $\beta_n = 0,80$ мм/мин анықталады. Сонда (7.3) формула бойынша есептелетін шартты күй тереңдігі келесіні құрайды:

$$d_{\text{char}} = \beta_n \cdot t = 0,80 \times 30 = 24,0 \text{ мм},$$

мұнда $t = 30$ мин – стандартты өрттің әсер ету уақыты (шарт бойынша).

Көлденең қиманың азайтылған параметрлері есепке алынады:

– көлденең қиманың ені $b = B - 2 \cdot d_{\text{char}} = 75 - 2 \times 24,0 = 27,0 \text{ мм};$

– көлденең қиманың биіктігі $d = D - d_{\text{char}} = 250 - 24,0 = 226,0 \text{ мм}.$

Кішірейтілген көлденең қиманың ауданы келесіні құрайды:

$$A_r = b \cdot d = 27,0 \times 226,0 = 6102 \text{ мм}^2.$$

Өрт әсер еткен жақтардың көлденең қимасының периметрі келесіні құрайды:

$$p = 2 \cdot d + b = 2 \times 226,0 + 27,0 = 479 \text{ мм.}$$

$k_{\text{mod,fi}}$ коэффициентінің мәні осы Құралдың (8.2) формуласы бойынша анықталады:

$$k_{\text{mod,fi}} = 1,0 - \frac{1}{200} \cdot \frac{p}{A_t} = 1,0 - \frac{1}{200} \times 78 = 0,61;$$

мұнда
$$\frac{p}{A_t} = \frac{479}{6102} = 0,079 \text{ мм}^{-1} = 78 \text{ м}^{-1}.$$

$k_{\text{mod,fi}}$ коэффициентін графикалық анықтау

Өрт әсер еткен көлденең қиманың периметрінің қалдық көлденең қима ауданына қатынасы 78 м^{-1} құрайды. 8.3-суреттегі 2-тәуелділікті қолдана отырып (іілуге беріктік үшін), модификация коэффициентінің мәні де $k_{\text{mod,fi}} = 0,61$ құрайды.

Қорытынды: Көлденең қимасының өлшемдері $250 \times 75 \text{ мм}$ ағаш арқалық үшін модификация коэффициенті $k_{\text{mod,fi}} = 0,61$ тең.

2-МЫСАЛ

Берілгені: С30 беріктік класына ие қылқан жапырақ тұқымдас ағаштан дайындалған ағаш бағана (талшықтарды бойлай қысу кедергісі $f_{20} = 23 \text{ Н/мм}^2$, $\rho_k = 530 \text{ кг/м}^3$). Бағана биіктігі 4,0 м, тік бұрышты қима ($D \times B$) $150 \times 100 \text{ мм}$. Осы тік жұмыс жүктемесі 60 кН құрайды. Бағана от әсерінен F типті гипс-картонның 2 қабатымен қорғалған, әр қайсысының қалыңдығы $h_p = 12,5 \text{ мм}$, саңылаулары бар түйіспелер 2 мм аз.

Талап етіледі: ағаш бағананың тіреу қабілеті бойынша отқа төзімділік шегін анықтау.

Есептеу: Отқа төзімділік шегін анықтау үшін қиманың есептік кедергісін азайту жылдамдығын тауып алу қажет, ол үшін күй тереңдігін анықтау қажет.

Осы құралдың 7.1-кестесіне сәйкес аталған конструкцияның шартты күй жылдамдығы $\beta_n = 0,80 \text{ мм/мин}$ құрайды.

7.6.4-тармақ, 7.5-кесте бойынша F типті және жалпы қалыңдығы $h_{p,\text{tot}} = 2 \times 12,5 = 25 \text{ мм}$ табақтармен екі қабатпен қаптау үшін (7.27) формуланы қолданып, қаптама үшін қорғаныс әсерінің уақыт интервалы анықталады:

$$t_f = 4 \cdot h_{p,\text{tot}} - 40 = 4 \times 25 - 40 = 60 \text{ мин.}$$

Бірінші қабаты үшін қорғаныс әсерінің уақыт интервалы төмендегіні құрайды ((7.43) Формула, 7.6-кесте):

$$t_{f,1} = 3,5 \cdot h_p + 7 = 3,5 \times 12,5 + 7 = 50,75 \text{ мин.}$$

Екінші қабаттың күйе бастау уақыты анықталады (7.5.2-тармақ, 7.4-кесте):

Гипс-картонның бір (бірінші) қабаты үшін екінші қабаттың күйе бастау уақыты төмендегіні құрайды:

$$t_{ch,2} = 2,8 \cdot h_p - 14 = 2,8 \cdot 12,5 - 14 = 21 \text{ мин.}$$

$t_{f,1} > t_{ch,2}$ болғандықтан, бағана материалының күйе бастау уақытын анықтау үшін 7.4-кестенің (7.18) формуласы қолданылады:

$$t_{ch} = 2,1 \cdot h_{p,\text{tot}} - 7 = 2,1 \times 25 - 7 = 45,5 \text{ мин.}$$

7.1-кестеде берілген күй жылдамдығын өзгерту коэффициенттері сатылар бойынша келесілерді құрайды:

$$k_2 = 1 - 0,018 \cdot h_p = 1 - 0,018 \times 12,5 = 0,775$$

$$k_3 = 2$$

ал күйдің тиісті жылдамдық сатылары бойынша төмендегідей:

$$t_{ch} \leq t \leq t_f, \beta = \beta_n \cdot k_2 = 0,8 \times 0,775 = 0,62 \text{ мм/мин};$$

$$t_f \leq t \leq t_a, \beta = \beta_n \cdot k_3 = 0,8 \times 2 = 1,6 \text{ мм/мин};$$

$$t > t_a, \beta = \beta_n = 0,8 \text{ мм/мин}.$$


$t_{ch} = 45,5 \text{ мин} < t_f = 60 \text{ мин}$ болғандықтан, құралдың 7.4.7-тармағына сәйкес t_a уақыт (7.15) формуласы бойынша анықталады:

$$t_a = \frac{25 - (t_f - t_{ch}) \cdot k_2 \cdot \beta_n}{k_3 \cdot \beta_n} + t_f = \frac{25 - (60 - 45,5) \times 0,775 \times 0,8}{2 \times 0,8} + 60 = 70,01 \text{ мин}.$$

Күю тереңдігі (7.4) формула бойынша есептеледі:

$$d_{char} = \beta_n \cdot t.$$

Осылайша, күю тереңдігінің оттан қорғаныстың бірінші нұсқасының мысалында қарастырылған өрт ұзақтығына тәуелділігі 8.9-суретте графикалық көрсетілуі мүмкін.



8.9-сурет – Күю тереңдігінің өрт әсері ұзақтығына тәуелділігі

Келтірілген көлденең қима әдісі


(8.1) формула бойынша тиімді күю тереңдігі анықталады:

$$d_{ef} = d_{char} + k_0 \cdot d_0,$$

мұнда $d_0 = 7 \text{ мм}$ – күю линиясынан тыс қабат тереңдігі осы құралдың 6.2-тармағына сәйкес қабылданады.

$k_0 - t_{ch}$ тәуелді және құралдың 8.1-кестесі бойынша қабылданатын коэффициент.


Қарастырылып жатқан оттан қорғалған конструкцияда $t_{ch} = 45,5$ мин > 20 мин болғандықтан, осы құралдың 8.1.3-тармағына сәйкес k_0 коэффициенті $t = 0 - t = t_{ch}$ аралығындағы уақыт ішінде 0-ден 1-ге дейін сызықтық жоғарылайды деп күтіледі (8.10-сурет).



8.10-сурет – k_0 коэффициентінің өрттің әсер ету уақыты тәуелділігі

Тиімді көлденең қиманың беріктік және қаттылық параметрлерінің есептік мәндері $k_{mod,f} = 1,0$ мәнімен есептеледі. Беріктіктің есептік мәні (6.1) формула бойынша анықталады:

Өлшемдерді азайту кезінде күю салдарынан қиманың есептік кедергісінің төмендеу орын алады (8.11-сурет).



8.11-сурет – Уақыт бойынша қима өлшемдерін өзгерту

Талшықтарға параллель қысу кезінде формула бойынша келесі шарттар орындалуы тиіс:


$$\sigma \leq f_{d,f},$$

мұнда

$$\sigma = \frac{N}{A_r},$$

A_r – қалдық көлденең қима ауданы.

Уақыт бойынша көлденең қима кедергісін өзгерту 8.12-суретте көрсетілген.




8.12-сурет – Уақыт бойынша көлденең қиманың кедергісін өзгерту

Осылайша, беріктікті жоғалту бойынша критикалық жағдай өрттің 81-минутында орын алады. Алынған мәнді ең жақын стандартты қатарға дейін дөңгелектеу арқылы, R75 отқа төзімділік шегінің мәнін аламыз.


Келтірілген сипаттамалар әдісі

Жоғарыда аталған келтірілген көлденең қима әдісімен алынған қалдық көлденең қима туралы деректерді қолдана отырып, өрттің әсер ету ұзақтығы $t \geq 20$ мин болды деген шартпен $k_{mod,fi}$ коэффициенті (8.3) формула бойынша есептеледі. $t = 0$ уақыт сәтінде модификация коэффициенті $k_{mod,fi} = 1$ тең етіп қабылданады. Оттың әсер ету уақытына байланысты $k_{mod,fi}$ коэффициентін өзгерту графигі 8.13-суретте берілген.



8.13-сурет – Өрттің әсер ету уақытына байланысты $k_{mod,fi}$ коэффициентін өзгерту

Өрттің әсер ету уақытына байланысты көлденең қиманың кедергісін өзгерту 8.14-суретте көрсетілген.



8.14-сурет – Уақыт бойынша көлденең қиманың кедергісін өзгерту

Осылайша, беріктікті жоғалту бойынша критикалық жағдай өрттің 71-минутында орын алады. Алынған мәнді ең жақын стандартты қатарға дейін дөңгелектеу арқылы, R60 отқа төзімділік шегінің мәнін аламыз.

Есептеудің екі әдісі үшін алынған деректерді салыстыру арқылы соңында R60 отқа төзімділік шегін қабылдаймыз.

Ағаш конструкцияларын қаптамалармен қорғау кезінде бекітпе бұйымдарды күймеген ағашқа l_a қыстыру тереңдігі кемінде 10 мм құрайды тиіс. Бекітпе бұйымдардың $l_{f,req}$ талап етілетін тереңдігі төмендегіге тең:

$$l_{f,req} = h_p + d_{char,0} + l_a = 25 + 8,99 + 10 \approx 44 \text{ мм},$$

мұнда h_p – оттан қорғайтын панельдің қалыңдығы;

$d_{char,0}$ – 60-минутта ағаш конструкциясының күй тереңдігі;

$l_{a,min}$ – бекітпе бұйымдарды күймеген ағашқа қыстырудың минималды тереңдігі.

Гипс-картонды бекіту үшін ұзындығы 45 мм, диаметрі 5 мм өздігінен тескіш шуруптарды қолданамыз.

Қорытынды: ағаш бағананың отқа төзімділік шегі R60 құрайды, ал қаптаманың бекітпе бұйымдарының ұзындығы 45 мм кем емес.

3-МЫСАЛ


Берілгені: өлшемдері 8465×4780 мм және тығыздығы 600 кг/м^3 Ф-1 ағаш тіреуіштерінің фермалары Ф-1. Аталған фермалар жабынның тіреу элементтері ретінде қолданылады. Фермалар ылғалдығы 16% аспайтын І және ІІ сұрыпты қылқан жапырақ тұқымдас ағаштардан жасалған. Әр ферма төрт қабаттан желімделген, екі тікенекті қосылысқа ие және бұрандалы ойығы бар қалайымен қапталған шегелермен қосымша бекітілген конструкцияны білдіреді. Болат байланыстар мен бекітпе элементтер 4 қабатты оттан қорғайтын құрамды қолданып өңделген.

Талап етіледі: 15 минут бойы стандартты өрт әсер кезінде аталған жүктемеге тіреуіш фермалардың шыдай алатындығын анықтау.

Есептеу:

Жабын фермаларын статикалық есептеу

8.15-суретте Ф-1 фермасының бастапқы есептік сызбасы көрсетілген (ферманың өз салмағын есепке ала отырып, таратылған жүктеме 462 кг құрайды).



8.15-сурет – Ф-1 фермасының бастапқы есептік сызбасы

Бастапқы есептік сызбалардың тіректерінің реакцияларын анықтау үшін тепе-теңдіктің теңдеуі құрастырылған:

$$\begin{cases} \sum M(a_1) = 0; \\ \sum F_y = 0. \end{cases} \quad (8.7)$$

$$\begin{cases} \sum M(a_1) = P_1 \cdot g \cdot l_1 + P_2 \cdot g \cdot (l_1 + l_2) \cdot q \cdot g \cdot L \cdot \frac{L}{2} - R_b \cdot L = 0; \\ \sum F_y = R_a + R_b - P_1 \cdot g - P_2 \cdot g - q \cdot g \cdot L = 0. \end{cases} \quad (8.8)$$

мұнда $\sum M(a_1)$ – a_1 нүктесіне қатысты моменттер жиыны, Н·м;

$\sum F_y$ – ордината осіне қатысты күштер жиыны, Н; g – еркін құлаудың жылдамдауы, м/с²;

q – айдау жүктемесі, кг/м;

l_1 – a_1 нүктесінен бастап P_1 күш салу нүктесіне дейінгі абсцисса осі бойынша қашықтық, м;

l_2 – P_1 күш салу нүктесінен P_2 күш салу нүктесіне дейінгі абсцисса осі бойынша қашықтық, м;

l_3 – P_2 күш салу нүктесінен b_4 нүктесіне дейінгі абсцисса осі бойынша қашықтық, м

L – ферманың есептік ұзындығы, м.


(8.7–8.8) формулалардан тіреуіш реакцияларының мәндері алынған:

$$R_b = \frac{P_1 \cdot g \cdot l_1 + P_2 \cdot g \cdot (l_1 + l_2) + q \cdot g \cdot L \cdot \frac{L}{2}}{L} = \quad (8.9)$$

$$= \frac{900 \times 9,81 \times 1,725 + 750 \times 9,81 \times (1,725 + 0,64) + 992 \times 9,81 \times 8,465 \times \frac{8,465}{2}}{8,465} = 45046 \text{ Н},$$

$$R_a = P_1 \cdot g + P_2 \cdot g + q \cdot g \cdot L - R_b = 900 \times 9,81 + 750 \times 9,81 + 992 \times 9,81 \times 8,465 - 45046 = 53523 \text{ Н}. \quad (8.10)$$

Ферма белдіктеріндегі күшті анықтау үшін бастапқы схема есептік элементтер бойынша түрлендірілген (8.16-сурет).



8.16-сурет – Ф-1 фермасының элементтер бойынша есептік сызбасы

8.16-суретте көрсетілген сызбаға сәйкес фермаға әсер ететін $P_3...P_5$ эквивалентті сыртқы күштің мәндері анықталған.

$$P_3 = 0,5 \cdot g \cdot q \cdot l_2 + 0,5 \cdot g \cdot q \cdot l_3 = 0,5 \times 9,81 \times 992 \times 2,0 + 0,5 \times 9,81 \times 992 \times 2,0 = 19464 \text{ Н}, \quad (8.11)$$

$$P_4 = 0,5 \cdot g \cdot q \cdot l_3 + 0,5 \cdot g \cdot q \cdot l_4 = 0,5 \times 9,81 \times 992 \times 2,0 + 0,5 \times 9,81 \times 992 \times 2,0 = 19464 \text{ Н}, \quad (8.12)$$

$$P_5 = 0,5 \cdot g \cdot q \cdot l_4 = 0,5 \times 9,81 \times 992 \times 2,0 = 9732 \text{ Н}, \quad (8.13)$$

мұнда l_i – горизонталь бойынша күш салу нүктелері арасындағы қашықтық, м.

P_1-P_2 эквивалентті сыртқы күштер мәні 8.16-суретке сәйкес есептік сызба үшін түрлендірілген (8.7) формуланың теңдігінен анықталған.

$$\begin{cases} \sum M(a_1) = P_2 \cdot l_1 + P_3 \cdot (l_1 + l_2) + P_4 \cdot (l_1 + l_2 + l_3) + P_5 \cdot L - R_b \cdot L = 0; \\ \sum F_y = R_a + R_b - P_1 - P_2 - P_3 - P_4 - P_5 = 0. \end{cases} \quad (8.14)$$

$$\begin{aligned} P_2 &= \frac{R_b \cdot L - P_3 \cdot (l_1 + l_2) - P_4 \cdot (l_1 + l_2 + l_3) - P_5 \cdot L}{l_1} = \\ &= \frac{45046 \times 8,465 - 19464 \times (2,465 + 2) - 19464 \times (2,465 + 2 + 2) - 9732 \times 8,465}{2,465} = 34965 \text{ Н}, \end{aligned} \quad (8.15)$$

$$P_1 = R_a + R_b - P_2 - P_3 - P_4 - P_5 = 53523 + 45046 - 34965 - 19464 - 19464 - 9732 = 14944 \text{ Н}. \quad (8.16)$$

Ферма элементтеріндегі күш түйіндерді қиып алу әдісімен анықталған. Төменде Ф-1 фермасының түйіндерін аналитикалық талдау нәтижелері берілген. Талдау барысында ферманың барлық сығуға жұмыс жасайтындығы болжанды.

a_1 түйіні.

Барлық түйіндер үшін тепе-теңдіктің бастапқы шарты келесі түрге ие:

$$\begin{cases} \sum F_x = 0; \\ \sum F_y = 0. \end{cases} \quad (8.17)$$

мұнда F_i – күштердің осьтік проекциялары.

(8.17) формуладан ферма элементтеріндегі күш тудыратындардың мәні алынған:

$$\begin{cases} \sum F_x = f_1 + f_2 \cdot \cos \alpha = 0; \\ \sum F_y = R_a - P_1 + f_2 \cdot \sin \alpha = 0, \end{cases} \quad (8.18)$$

$$f_2 = \frac{P_1 - R_a}{\sin \alpha} = \frac{14944 - 53523}{0,696/2,561} = -141979 \text{ Н}, \quad (8.19)$$

$$f_1 = -f_2 \cdot \cos \alpha = 141979 \times 2,465/2,561 = 136636 \text{ Н}, \quad (8.20)$$

мұнда f_i – ферма элементтеріндегі күштер; α – $a_2a_1b_1$ бұрышы (8.16-суретті қараңыз).

b_1 түйіні

Бастапқы (8.17) формуласына сәйкес:

$$\begin{cases} \sum F_x = -f_1 + f_4 = 0; \\ \sum F_y = f_3 = 0. \end{cases} \quad (8.21)$$

$$f_4 = f_1 = 136636 \text{ Н}. \quad (8.22)$$

a_2 түйіні

Бастапқы (8.17) формуласына сәйкес:

$$\begin{cases} \sum F_x = f_6 \cdot \cos \alpha + f_5 \cdot \cos \beta - f_2 \cdot \cos \alpha = 0; \\ \sum F_y = -P_2 + f_6 \cdot \sin \alpha - f_5 \cdot \sin \beta - f_3 - f_2 \cdot \sin \alpha = 0, \end{cases} \quad (8.23)$$

$$f_6 = \frac{f_2 \cdot \cos \alpha - f_5 \cdot \cos \beta}{\cos \alpha} = f_2 - f_5 \cdot \frac{\cos \beta}{\cos \alpha}, \quad (8.24)$$

$$\begin{aligned} \sum F_y &= -P_2 + f_2 \cdot \sin \alpha - f_5 \cdot \frac{\cos \beta}{\cos \alpha} \cdot \sin \alpha - f_5 \cdot \sin \beta - f_3 - f_2 \cdot \sin \alpha = \\ &= -P_2 - f_3 - f_5 \cdot (\cos \beta \cdot \operatorname{tg} \alpha - \sin \beta) = 0, \end{aligned} \quad (8.25)$$

$$f_5 = -\frac{P_2 + f_3}{\cos \beta \cdot \operatorname{tg} \alpha + \sin \beta} = -\frac{34965 + 0}{2/2,118 \times 0,696/2,465 + 0,696/2,118} = -58730 \text{ Н}, \quad (8.26)$$

$$f_6 = f_2 - f_5 \cdot \frac{\cos \beta}{\cos \alpha} = -141979 + 58730 \times \frac{2/2,118}{2,465/2,561} = -84341 \text{ Н}, \quad (8.27)$$

мұнда β – $b_1b_2a_2$ бұрышына сәйкес келетін бұрыш (8.16-суретті қараңыз).

b_2 түйіні

Бастапқы (8.17) формуласына сәйкес:

$$\begin{cases} \sum F_x = f_{14} - f_4 - f_5 \cdot \cos \beta = 0; \\ \sum F_y = f_7 + f_5 \cdot \sin \beta = 0, \end{cases} \quad (8.28)$$

$$f_{14} = f_4 + f_5 \cdot \cos \beta = 136636 - 58730 \times 2/2,118 = 81167 \text{ Н}, \quad (8.29)$$

$$f_7 = -f_5 \cdot \sin \beta = 58730 \times 0,696/2,118 = 19303 \text{ Н}. \quad (8.30)$$

a₃ түйіні

Қарастырылатын түйін *a₂* түйініне ұқсас, сондықтан шешім ұқсас түрге ие:

$$f_8 = -\frac{P_3 + f_7}{\cos \gamma \cdot \operatorname{tg} \alpha + \sin \gamma} = -\frac{19464 + 19303}{2/2,364 \times 0,696/2,645 + 1,261/2,364} = -50213 \text{ Н}, \quad (8.31)$$

$$f_9 = f_6 - f_8 \cdot \frac{\cos \gamma}{\cos \alpha} = -84341 + 50213 \times \frac{2/2,364}{2,465/2,561} = -40202 \text{ Н}, \quad (8.32)$$

мұнда $\gamma - b_2b_3a_3$ бұрышына сәйкес келетін бұрыш (8.16-суретті қараңыз).

b₃ түйіні

Қарастырылатын түйін *b₂* түйініне ұқсас, сондықтан шешім ұқсас түрге ие:

$$f_{15} = f_{14} + f_8 \cdot \cos \gamma = 81167 - 50213 \times 2/2,364 = 38689 \text{ Н}, \quad (8.33)$$

$$f_{10} = -f_8 \cdot \sin \gamma = 50213 \times 1,261/2,364 = 26774 \text{ Н}. \quad (8.34)$$

a₄ түйіні

Қарастырылатын түйін *a₂* түйініне ұқсас, сондықтан шешім ұқсас түрге ие:

$$f_{11} = -\frac{P_4 + f_{10}}{\cos \varphi \cdot \operatorname{tg} \alpha + \sin \varphi} = -\frac{19464 + 26774}{2/2,708 \times 0,696/2,645 + 1,825/2,708} = -52385 \text{ Н}, \quad (8.35)$$

$$f_{12} = f_9 - f_{11} \cdot \frac{\cos \varphi}{\cos \alpha} = -40202 + 52385 \times \frac{2/2,708}{2,465/2,561} = 0 \text{ Н}, \quad (8.36)$$

мұнда $\varphi - b_3b_4a_4$ бұрышына сәйкес келетін бұрыш (8.16-суретті қараңыз).

a₅ түйіні

Бастапқы (8.17) формуласына сәйкес:

$$\begin{cases} \sum F_x = -f_{12} \cdot \cos \alpha = 0; \\ \sum F_y = -P_5 - f_{13} = 0, \end{cases} \quad (8.37)$$

$$f_{12} = 0 \text{ Н}, \quad (8.38)$$

$$f_{13} = -P_5 = -9732 \text{ Н}. \quad (8.39)$$


Ф-1 фермасының барлық белдіктеріндегі күш мәндері 8.5-кестеде берілген.

8.5-кесте – Ф-1 фермасының белдіктеріндегі күштер мәні

Белдік №	Күш, Н	Белдік №	Күш, Н	Белдік №	Күш, Н
f_1	136 636	f_6	-84 341	f_{11}	-52 385
f_2	-141 979	f_7	19 303	f_{12}	0
f_3	0	f_8	-50 213	f_{13}	-9 732
f_4	136 636	f_9	-40 202	f_{14}	81 167
f_5	-58 730	f_{10}	26 774	f_{15}	38 689

Қабылданған болжауға байланысты ферманың оң күшке ие белдіктері қысуға жұмыс жасайды, ал теріс күшке ие болғандары – созылуға.

Ф-1 фермасының жоғарғы белдігіне орталықтанған жүктеме f_2 түсірілетіндігіне байланысты, бұл элемент күрделі кернеулі күйде тұрады және сондайақ көлденең иілуге жұмыс жасайды. 8.16-суретте көрсетілген бастапқы есептік схеманың түрленуі тек осы элемент үшін 8.17-суретте көрсетілген түрге ие (таратылған жүктемеге элементтік 43 кг өзіндік салмағы қосылған).

8.17-сурет – Ф-1 фермасының f_2 элементінің көлденең иілуінің есептік схемасы

Есептік схема тіреуішінің реакциясын анықтау үшін тепе-теңдік теңдеуі жасалған (горизонталь құрамдастардың есепке алмай):

$$\begin{cases} \sum M(a_1) = 0; \\ \sum F_y = 0. \end{cases} \quad (8.40)$$

$$\begin{cases} \sum M(a_1) = P_1' \cdot l_a + P_2' \cdot (l_a + l_b) + q' \cdot \frac{L^2}{2} - R_b' \cdot L = 0; \\ \sum F_y = R_a' + R_b' - P_1' - P_2' - q' \cdot L = 0, \end{cases} \quad (8.41)$$

мұнда P_i' – орталықтандырылған жүктеменің вертикаль құрамдасы;
 q' – айдау жүктемесінің вертикаль құрамдасы; L – есептік қатар.

(8.40–8.41) формуладан тіреуіш реакцияларының мәні алынған:

$$R_b' = \frac{P_1' \cdot l_a + P_2' \cdot (l_a + l_b) + \frac{q' \cdot L^2}{2}}{L} = \frac{P_1 \cdot \cos \alpha \cdot l_a + P_2 \cdot \cos \alpha \cdot (l_a + l_b) + \frac{q \cdot \cos \alpha \cdot L^2}{2}}{L} =$$

$$= \frac{900 \times 9,81 \times \frac{2,465}{2,561} \times 1,725 + 750 \times 9,81 \times \frac{2,465}{2,561} \times (1,725 + 0,64) + 573 \times 9,81 \times \frac{2,465}{2,561} \times \frac{2,465^2}{2}}{2,465} = \quad (8.42)$$

$$= 19407 \text{ Н},$$

$$R_a = P_1' + P_2' + q' \cdot L - R_b' = P_1 \cdot \cos \alpha + P_2 \cdot \cos \alpha + q \cdot L \cdot \cos \alpha - R_b' =$$

$$= 900 \times 9,81 \times \frac{2,465}{2,561} + 750 \times 9,81 \times \frac{2,465}{2,561} + 573 \times 9,81 \times \frac{2,465}{2,561} \times 2,465 - 19407 = 9506 \text{ Н}. \quad (8.43)$$

мұнда $\alpha - a_2 a_1 b_1$ бұрышы (8.16-суретті қараңыз).

Осы элементтің қимасындағы иілу моментінің максималды мәнін бағалау үшін орташаланған күштер арасында кезегімен үш учаске қарастырылған.

la түйіні

Осы учаскедегі иілу моментін өзгерту келесі тәуелділікке сәйкес келеді:

$$M_1 = R_a' \cdot z_i - q' \cdot \frac{z_i^2}{2} = R_a' \cdot z_i - q \cdot \cos \alpha \cdot \frac{z_i^2}{2}, \quad (8.44)$$

мұнда z_i – учаскедегі еркін нүкте (айнымалы).

P_1 орташаланған күштің әсер ету нүктесіндегі иілу моменті төмендегіні құрайды:

$$M_{P_1} = R_a' \cdot l_a - q' \cdot \frac{l_a^2}{2} = 9005 \times 1,725 - 573 \times 9,81 \times \frac{2,465}{2,561} \times \frac{1,725^2}{2} = 8348 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (8.45)$$

lb учаскесі

Осы учаскедегі иілу моментін өзгерту төмендегі тәуелділікке сәйкес келеді:

$$M_2 = R_a' \cdot (l_a + z_i) - P_1' \cdot z_i - q' \cdot \frac{(l_a + z_i)^2}{2} = R_a' \cdot (l_a + z_i) - P_1 \cdot \cos \alpha \cdot z_i - q \cdot \cos \alpha \cdot \frac{(l_a + z_i)^2}{2}. \quad (8.46)$$

P_2 орташаланған күштің әсер ету нүктесіндегі иілу моменті төмендегіні құрайды:

$$M_{P_2} = R_a' \cdot (l_a + l_b) - P_1' \cdot l_b - q' \cdot \frac{(l_a + l_b)^2}{2} =$$


$$= 9005 \times (1,725 + 0,64) - 900 \times 9,81 \times \frac{2,465}{2,561} \times 0,64 - 573 \times \frac{2,465}{2,561} \times \frac{(1,725 + 0,64)^2}{2} = 1914 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (8.47)$$

lc учаскесі.

Осы учаскедегі иілу моментін өзгерту төмендегі тәуелділікке сәйкес келеді:

$$M_3 = R_b' \cdot z_i - q' \cdot \frac{z_i^2}{2} = R_b' \cdot z_i - q \cdot \cos \alpha \cdot \frac{z_i^2}{2}. \quad (8.48)$$

Ф-1 фермасы элементтерінің иілу моменттерінің эпюрі 8.18-суретте көрсетілген.



8.18-сурет – Ф-1 фермасы элементтерінің иілу моменттерінің эпюрі

8.18-суреттен иілу моментінің максималды мәнінің P_1 күш салу нүктесіне сәйкес келетіндігі және 8348 Н·м тең екендігі көрініп тұр.

Бастапқы деректерге сәйкес Ф-1 фермасының жоғарғы белдігі өлшемі 160×175 мм қимаға ие, диагональдары мен бағандары – 160×150 мм. Фермалар ашық ауада пайдалануға арналған, бұл пайдалану шарттарының 4-классына сәйкес келеді. Пайдалану шарттарының осы классы үшін әсер етудің (өрт) ерекше түрін есепке ала отырып, k_{mod} жұмыс жасау шартының коэффициенті осы құралдың 6.5-тармағына сәйкес 1,0 тең етіп қабылданған. Ағаштың есептік кедергісі келесілерді құрайды:

- иілуге $f_{m,d}$ және сығуға $f_{c,0,d}$ есептік кедергі – 13 МПа;
- созылуға $f_{t,0,d}$ есептік кедергі – 9 МПа.

Орталықтан созылған элементтерді келесі тәуелділік бойынша есептеген жөн:

$$\sigma_{t,0,d} = \frac{N_d}{A_{inf}} \leq f_{t,0,d}, \quad (8.49)$$

мұнда $\sigma_{t,0,d}$ – созылуға есептік кедергі;

N_d – есептік көлденең күш;

A_{inf} – нетто элементінің көлденең қимасының ауданы.

Бұл, жекелегенде Ф-1 фермасының (160×175 мм) f_2 жоғарғы элементі үшін төмендегіні құрайды:

$$\sigma_{t,0,d} = \frac{N_d}{A_{inf}} = \frac{141979}{0,16 \times 0,175} \leq f_{t,0,d} \cdot k_{mod} = 9 \times 10^6 \times 1,0, \quad (8.50)$$

$$\sigma_{t,0,d} = 5,07 \times 10^6 \leq f_{t,0,d} \cdot k_{\text{mod}} = 9,0 \times 10^6 \text{ Па.}$$

(8.49) формуланың орындалатындығы көрініп тұр, сәйкесінше, f_2 элемент от әсерісіз тағайындалған есептік схема үшін күш әсерін қабылдай алады, сәйкесінше, отқа төзімділікке ие.

Орталықтан қысылған элементтерді келесі тәуелділік бойынша есептеген жөн:

$$\sigma_{c,0,d} = \frac{N_d}{A_{\text{inf}}} \leq f_{c,0,d}, \quad (8.51)$$

мұнда $\sigma_{c,0,d}$ – қимадағы есептік кернеу.

Бұл, жекелегенде Ф-1 фермасының (160x150 мм) f_1 төменгі элементі үшін төмендегіні құрайды:

$$\sigma_{c,0,d} = \frac{N_d}{A_{\text{inf}}} = \frac{136636}{0,16 \times 0,15} \leq f_{c,0,d} \cdot k_{\text{mod}} \cdot k_{\delta} = 13 \times 10^6 \times 1,0 \times 1,3, \quad (8.52)$$

$$\sigma_{c,0,d} = 5,69 \times 10^6 \leq f_{c,0,d} \cdot k_{\text{mod}} \cdot k_{\delta} = 16,9 \times 10^6 \text{ Па.}$$

(8.51) шартының орындалатындығы көрініп тұр, f_1 элемент от әсерісіз тағайындалған есептік схема үшін күш әсерін қабылдай алады, сәйкесінше, отқа төзімділікке ие.

Иілетін элементтерді келесі тәуелділік бойынша есептеген жөн:

$$\sigma_{m,d} = \frac{M_d}{W_d} \leq f_{m,d}, \quad (8.53)$$

мұнда $\sigma_{m,d}$ – қимадағы есептік момент;

M_d – есептік иілу моменті;

W_d – элементтің көлденең қимасы кедергісінің есептік моменті.

Бұл, жекелегенде Ф-1 фермасының (160 × 175 мм) f_2 жоғарғы элементі үшін төмендегіні құрайды:

$$\sigma_{m,d} = \frac{M_d}{W_d} = \frac{M_d}{b \cdot h^2 / 6} = \frac{8348}{(0,16 \times 0,175)^2 / 6} \leq f_{m,d} \cdot k_{\text{mod}} \cdot k_{\delta} = 13 \times 10^6 \times 1,0 \times 1,3, \quad (8.54)$$

$$\sigma_{m,d} = 13,91 \times 10^6 \leq f_{m,d} \cdot k_{\text{mod}} \cdot k_{\delta} = 16,9 \times 10^6 \text{ Па,}$$

мұнда b – элементтің есептік ені;

h – элементтің есептік биіктігі.

(8.53) формула бойынша шарттың орындалатындығы көрініп тұр, сәйкесінше, f_2 элемент от әсерісіз тағайындалған есептік схема үшін иілу моментінің әсерін қабылдай алады.

Жылу-техникалық есеп

Осы құралдың 7.1-кестесіне сәйкес шартты күй жылдамдығы 0,55 мм/мин тең етіп қабылданады.

Күй тереңдігі (7.4) формула бойынша есептеледі:

$$d_{\text{char}} = \beta_n \cdot t = 0,55 \times 15 = 8,25 \text{ мм.}$$

Конструкцияның беріктігін одан ары талдау үшін тиімді көлденең қима анықталады. Осы құралдың 6.2-тармағына сәйкес беріктігі нөлге тең етіп қабылданатын қабат қалыңдығы $d_0 = 7$ мм құрайды.

Кішірейтілген көлденең қима өлшемдері төмендегілерді құрайды:

160×175 мм қима үшін (жоғарғы белдік – үш жақтан от әсері):

$$b_{fi} = b - 2 \cdot d_{char} = 160 - 2 \times (8,25 + 7) = 129,5 \text{ мм};$$

$$h_{fi} = h - d_{char} = 175 - (8,25 + 7) = 159,75 \text{ мм}.$$

– 160×150 мм қима үшін (төрт жақтан от әсері):

$$b_{fi} = b - 2 \cdot d_{char} = 150 - 2 \times (8,25 + 7) = 119,5 \text{ мм};$$

$$h_{fi} = h - d_{char} = 160 - (8,25 + 7) = 144,75 \text{ мм}.$$

Осылайша, стандартты от әсерінің 15 минутынан кейін 160×175 мм жоғарғы белдік қимасы $129,5 \times 159,75$ мм өлшеміне дейін өзгереді, ал 160×150 мм элементтерінің қимасы – $119,5 \times 144,5$ мм өлшемдеріне дейін.

15 минуттық стандартты от әсерінің уақыты үшін күйген қиманы, (8.49)-(8.54) формулаларын есепке ала отырып 8.6-кестеде берілген.

8.6-кесте – Ф-1 ферма элементтерін отқа төзімділікке есептеу нәтижелері

Белдік №	Күш, Н Момент, Н·м	Қалыпты жағдайлар кезіндегі беріктік, Н (Н·м)	15 минутқа созылатын от әсері кезіндегі беріктік, Н (Н·м)
f_1	136 636	507 000	382 197
f_2	<u>-141 979</u> 8 348	<u>315 000</u> 17 252	<u>254 892</u> 12 947
f_3	0	–	–
f_4	136 636	507 000	382 197
f_5	-58 730	270 000	203 537
f_6	-84 341	315 000	254 892
f_7	19 303	507 000	382 197
f_8	-50 213	270 000	203 537
f_9	-40 202	315 000	254 892
f_{10}	26 774	507 000	382 197
f_{11}	-52 385	270 000	203 537
f_{12}	0	–	–
f_{13}	-9732	270 000	203 537
f_{14}	81 167	507 000	382 197
f_{15}	38 689	507 000	382 197

Ескертпе

1 «минус» белгісіне ие элементтер созылуға жұмыс жасайды, қалғандары – қысуға;

2 Қима беріктігі ағаш кедергісінің қима ауданындағы қысуға/созылуға көбейтіндісі ретінде қабылданған (ағаштың илуге кедергісінің қима кедергісі моментіне көбейтіндісі).

Қорытынды: 8.6-кестеден 15 минуттық өрт әсері кезінде ферманың барлық элементтерінің отқа төзімділіктің талап етілетін шегін (R15) қамтамасыз етуге қабілетті екендігі көрініп тұр.


9 ҚАБЫРҒАЛАР МЕН АРАЖАБЫНДАРДЫ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ

9.1 Қуыстары минерал мақтадан немесе шыны талшықтан жасалған жылу оқшаулағышпен толтырылған қаңқа элементтері

9.1.1 Осы тарауда берілген ережелер көтергіш конструкциялардың (R функциясы) (мысалы, бағаналар, арқалықтар, бағандар), қоршау конструкцияларының (EI функциялары) (мысалы, аражабырғалар), сонымен қатар бір уақытта көтергіш және қоршау болып табылатын конструкциялардың (REI функциялары) (мысалы, аражабын плиталары) отқа төзімділік шегіне есептеу жүргізуге мүмкіндік береді. Ағаш конструкциялардың EI функциялары бойынша отқа төзімділік шектері 60 мин аспайтын мәндермен шектеледі.

9.1.2 Көтергіш конструкциялары (көтергіш қоршау конструкцияларын қоспағанда) екі және одан да көп жағынан бір уақытта өрт әсерін ескере отырып, есептеледі.

9.1.3 Қаңқа қабырғалар мен аражабындар әдетте 9.1-суретте көрсетілгендей қаптама табақтары арасында орналасқан бағандар (көтергіш арқалықтар) мен жылу оқшаулағыштардан тұрады.



9.1-сурет – Қаңқа элементтері: а - аражабын; б - қабырға

9.1.4 Өрт әсер ететін жағынан тақталармен қапталған ағаш қабырға және аражабын түріндегі қаңқа элементтерінің отқа төзімділік шегін бағалау (R функциясы) үшін келесі талаптарды орындауды тексеру қажет:

- ағаш қаңқаға өрт әсерінің есептік уақыты 60 минуттан аспайтындай етіп қабылданады;
- ішкі қуыстар минерал мақтадан немесе шыны талшықтан жасалған жылу оқшаулағыш материалмен толтырылған;
- қабырға бағандары мен арқалықтарын майыстыру кезінде тұрақтылықты жоғалтып алмау үшін жазықтықтағы аражабындар, ағаш қаңқалар қыздырылмайтын бетінен панельдермен немесе көлденең байланыстармен бекітілуі тиіс;

– қаптамалар аражабындарға максималды қалыңдығы 25 мм болат швеллерлермен бекітіледі, олар ағаш арқалықтарға перпендикуляр өтеді.

9.1.5 Қорғаныс қаптамасы қаңқаның өрт әсер ететін жағындағы элементтерінің бірінші және ең маңызды элементі болып табылады. Күю жылдамдығы қорғаныс қаптамалары әсерінің түрлі кезеңдеріне байланысты түрлі мәндерді қабылдайды. Қорғаныс қаптамасы өзінің функцияларын орындаған жағдайда күю жылдамдығы қорғалмаған конструкцияларға қарағанда біршама төмен. Қорғау қаптамасы термиялық бұзылғаннан кейін күю жылдамдығы біршама артады. Бұл 9.2-суретте айқын көрсетілген.




9.2-сурет – Өрт кезінде қаңқа элементтерін қорғау сатылары

9.1.6 ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 берілген талаптар қуыстары минерал мақтамен не болмаса шыны мақтамен толтырылған қаңқа элементтеріндегі қорғаныс қаптамаларының әсер ету ұзақтығын анықтау әдістерін бекітпейді. Гипс-картонның түрлі типтерінен тұратын қаптамалардың істен шығу уақыты өндіруші зауыттың деректері бойынша белгіленеді немесе стандартты от сынақтары нәтижесінде анықталады.

9.1.7 EN 520 гипс-картонды табақтардың түрлі типтеріне қойылатын талаптарды бекітеді. Дегенмен EN 520 аталған табалардың күйе бастау уақытын анықтау үшін олардың өрт кезінде бүтін қаңқа құрамындағы әрекеттері туралы ақпарат қажет. Барлық қаңқа үшін жекелеген элементтер туралы мәліметтерді қолдануға болмайды (айтылған күй F типті отқа төзімді гипс-картонды табақтарға да қатысты).

9.1.8 EN 13162 минерал мақтаны дайындау технологиясына қойылатын талаптарды бекітеді және өрт кезінде осы материалдың әрекетін бағалауға мүмкіндік береді. [4] минерал мақта мен шыны мақтаның негізгі өрт қауіпі бар қасиеттері берілген. Өрт қауіпсіздігі тұрғысынан минерал мақта шыны мақтаға қарағанда ең жақсы қорғаныс қасиеттеріне ие. Қаңқа элементтерінің отқа төзімділік шегін есептеу кезінде жылу оқшаулау материалдары өздерінің қорғаныс қасиеттерін конструкциялардың ішіне бекітілген күйінде қалған кезге дейін орындайды деп саналады.

9.1.9 Ағаш конструкциялары кең беті бойынша қапталатын жылу оқшаулағышпен қорғалған кезде, егер оған өрт әсер ететін болса, күю тар жағынан жүреді. Дегенмен жылу оқшаулағыш арқылы жылу жіберуге байланысты ағаш конструкцияларының күюі де түпнұсқа көлденең қимадағы ($b \times h$) жұмырлану қабырғасының радиусын ұлғайта отырып, кең бетінен жүреді (9.3-сурет).



1 – бүтін ағаштан жасалған конструкция (бағана, арқалық); 2 – қаптама; 3 – жылу окшаулау;
 4 – кішірейтілген көлденең қима (шынайы көріністер); 5 – күйу тереңдігі (шынайы көріністер); 6 – шартты
 қалдық көлденең қима; 7 – шартты күйу тереңдігі
 а - ағаш қаңқа қимасы; б - шынайы көлденең қима және күйу тереңдігі;
 с - шартты көлденең қима және шартты күйу тереңдігі

9.3-сурет – Қаңқа ағаш элементтердің (бағандардың немесе арқалықтардың) күйуі

9.1.10 Ағаш қаңқа элементтердің шартты күйу тереңдігі
 ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (3.2) формуласы бойынша анықталады:

$$d_{char,n} = \beta_n \cdot t. \quad (9.1)$$

Минималды қима жағынан ағаш қаңқа элементтерінің β_n шартты күйу жылдамдығы
 ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (C.1)-(C.2) формулаларына сәйкес анықталады:

$$\beta_n = k_s \cdot k_p \cdot k_n \cdot \beta_0; \quad (9.2)$$

k_p коэффициенті келесі тәсілмен анықталады:

1) k_p коэффициенті $t_{ch} \leq t \leq t_f$ шартын орындаған кезде конструкцияны 2 фаза бойы қаптамамен қорғау әсерін есепке алады. Аталған фаза ішінде коэффициент $k_p = k_2$ тең етіп қабылданады, ал оның мәні келесі формула бойынша есептеледі:

– қаптамалар ажырап кеткен жерлерде немесе олардың бір қабатпен түйіскен жерлерінде ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (C.3) формуласы бойынша:

$$k_2 = 1,05 - 0,0073 \cdot h_p; \quad (9.3)$$

– түрді қабаттардың түйіскен жерлерінде (ішкі және сыртқы) (ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 (C.4) формуласы):

$$k_2 = 0,86 - 0,0037 \cdot h_p, \quad (9.4)$$

мұнда h_p – қаптаманың барлық қабаттарының жалпы қалыңдығы, мм.

Ескертпе – (9.3) және (9.4) формулалары бойынша есептелетін k_2 коэффициенті өрт әсер ететін сыртқы қабат ретінде қолданылатын F типінің немесе F типі мен A типінің F типімен комбинациясының гипс-картонды табақтарынан тұратын қаптамалар үшін қолданылады.

2) $t_{ch} \geq t_f$ шартын орындаған кезде 3-фаза барысында k_p коэффициенті қаптаманың қалдық қорғанысын есепке алады және $k_p = k_3$ тең етіп қабылданады. Қуыстар минерал мақтамен толтырылған және көрсетілген жылу окшаулау қаптама өзінің қорғаныс қасиеттерін жоғалтқаннан кейін конструкцияда сақталып қалған жағдайларда k_3 қалдық қорғаныс коэффициенті [3] сәйкес келесі формулалар бойынша есептелуі тиіс:

$$k_3 = 1 + \frac{8}{75} \cdot t_f; \quad 0 \leq t_f \leq 15 \text{ мин шарты кезіне} \quad (9.5)$$

$$k_3 = 1,9 + \frac{7}{150} \cdot t_f; \quad 15 \leq t_f \leq 60 \text{ мин шарты кезіне} \quad (9.6)$$

мұнда t_f – қаптаманың қорғаныс әсерінің уақыты.

3) Қорғалмаған ағаш конструкциялары қолданылған жағдайда (қаптамасыз) k_3 коэффициентінің мәні $k_3 = 1$ тең етіп қабылданады.

9.1.11 (9.2) формулада берілген k_s коэффициенті конструкцияның көлденең қимасының енін есепке алады. Көлденең қиманың ені кішкентай болған кезде конструкция ішіндегі екі өлшемді жылу ағынының есебінен оның күйі жоғарылайды. Аталған коэффициенттің мәні (9.6) формула бойынша анықталады, ол [3] сәйкес d_{char} күй тереңдігі мен өрттің әсер ету t уақыты аралығындағы сызықтық тәуелділікті болжайды:

$$k_s = \begin{cases} 0,000167 \cdot b^2 - 0,029 \cdot b + 2,27 & 38 \text{ мм} \leq b \leq 90 \text{ мм шарты кезінде;} \\ 1 & b > 90 \text{ мм шарты кезінде.} \end{cases} \quad (9.7)$$

9.1.12 Белгілі бір енге ие ағаш элементтер үшін k_s көлденең қима коэффициентінің мәні ҚР ҚН EN 1995-1-2:2004/2011 сәйкес 9.1-кестеде берілген.

9.1-кесте – b еніне ие ағаш элементтердің k_s көлденең қимасы коэффициенттерінің мәні

Ағаш элементтің ені b , мм	k_s коэффициентінің мәні
38	1,4
45	1,3
60	1,1

9.1.13 k_n коэффициенті күйдің симметриялық емес тереңдігінен күйдің шартты тереңдігіне ауысу болып табылады (9.3b және 9.3c-суреттер). Аталған коэффициент өрттің әсер ету уақытына және көлденең қима қасиеттеріне (ауданға, қима кедергісінің моментіне, инерцияның осьтік моментіне) тәуелді. Коэффициент мәні $k_n = 1,5$ тең етіп қабылданады. Егер шартты күй тереңдігі қима кедергісінің бастапқы моментінен

40 % бен 20 % аралығындағы салыстырмалы кедергі кезінде анықталады (өрт әсерінің уақыты $t=0$ тең етіп қабылданады).

9.1.14 Өрт әсері жағдайларындағы ағаш қаңқа элементтерінің әрекетін бағалау кезінде минерал мақта мен шыны мақтадан жасалған жылу оқшаулау арасындағы принципиалды айырмашылық қаптама өзінің қорғаныс қасиеттерін жоғалтқанға дейін, яғни t_f уақыт интервалына дейін болмайды. Қаптама бұзылғаннан кейін дәстүрлі шыны мақта ыдырайды және ақырындап өзінің қорғаныс әсерін жоғалтады.

Егер минерал мақта ағаш қаңқаға бекітілген күйінде қалса, онда ол ағаш конструкцияны жылу оқшаулағыш жағынан қорғауды жалғастыра береді.

9.2 Гипс-картоннан жасалған қаптамалардың ағаштың күйіне әсер етуі

Ағаш конструкцияларын сынау жөніндегі деректер базасының негізінде [3] сәйкес түрлі типтегі қаптамалардың күйе бастау уақытын есептеу бойынша эмпирикалық теңдеулер алынған (9.2-кесте).

9.2-кесте – Ағаш конструкциясының қаптамасы ретінде қолданылатын түрлі типтегі гипс-картонды табақтардың t_{ch} күйе бастау уақыты

Қаптама типi	Қабырғалар		Аражабындар	
	Есептік формула	Шарт	Есептік формула	Шарт
A, F типі бір қабат	$t_{ch} = 1,8 \cdot h_p - 7$ (9.8)	$9 \text{ мм} \leq h_p \leq 18 \text{ мм}$	$t_{ch} = 1,8 \cdot h_p - 7$ (9.8)	$9 \text{ мм} \leq h_p \leq 18 \text{ мм}$
	$t_{ch} = 25,5$ (9.9)	$h_p > 18 \text{ мм}$	$t_{ch} = 25,5$ (9.9)	$h_p > 18 \text{ мм}$
F типі екі қабат	$\min = \begin{cases} 2,1 \cdot h_{p,tot} - 7 \\ 3,5 \cdot h_p + 7 \end{cases}$ (9.10)	$25 \text{ мм} \leq h_{p,tot} \leq 31 \text{ мм}$	$\min = \begin{cases} 2,1 \cdot h_{p,tot} - 7 \\ 4 \cdot h_p - 14 \end{cases}$ (9.12)	$25 \text{ мм} \leq h_{p,tot} \leq 31 \text{ мм}$
$F+$ типі A типі екі қабат		$9 \text{ мм} \leq h_p \leq 18 \text{ мм}$		$9 \text{ мм} \leq h_p \leq 18 \text{ мм}$
A типі екі қабат		$18 \text{ мм} \leq h_{p,tot} \leq 31 \text{ мм}$		$18 \text{ мм} \leq h_{p,tot} \leq 31 \text{ мм}$
	$\min = \begin{cases} 2,1 \cdot h_{p,tot} - 7 \\ 1,6 \cdot h_p + 13 \end{cases}$ (9.11)	$9 \text{ мм} \leq h_p \leq 18 \text{ мм}$	$\min = \begin{cases} 2,1 \cdot h_{p,tot} - 7 \\ 1,6 \cdot h_p + 11 \end{cases}$ (9.13)	$9 \text{ мм} \leq h_p \leq 18 \text{ мм}$

9.3 Шыны талшықтан жасалған жылу оқшаулағышы бар ағаш қаңқа қабырғаларды жобалау


9.3.1 Қаптамалар өздерінің қорғаныс қасиеттерін жоғалтқанға дейін жылу оқшаулағыш әрекетін қарастыра отырып (7.10-суреттегі $t \leq t_f$ кезіндегі қорғаныс фазасы), минералды мақта, сондайақ шыны мақта өздерінің жылу оқшаулағыш қасиеттерін шамамен бірдей көрсетеді. Дегенмен, қаптама бұзылған кезде жылу оқшаулағышқа өрт тікелей әсер етеді ($t > t_f$ кезіндегі 3-фаза), шыны мақтадан жасалған оқшаулағыш өрт әсер етпейтін ағаш беттерге арналған қорғаныс қасиеттерін ақырын жоғалта отырып, ыдырайды. Минерал мақта, ол қаңқа қабырғалардың қуыстарына бекітілген күйінде қалады деген шартпен, өрт әсер етпейтін ағаш элементтерді қорғауды жалғастыра береді.

9.3.2 Нәтижелері [3–4] берілген заттай от сынақтары нәтижесінде шыны мақтадан жасалған жылу оқшаулағышқа өрттің тікелей әсерінен, ол істен шыққанға дейін белгілі бір уақыт интервалы өтеді.

Сонымен қатар ағаш қаңқаларды есептеу кезінде [3] сәйкес 3-фазаны есепке алуға рұқсат етіледі. Аталған фазаны есепке алу кезінде келесі рұқсаттар қабылданады: минерал мақтадан жасалған жылу оқшаулау көлденең ағаш рейкалардың немесе металл профильдердің көмегімен әрқашан бекітілген күйінде қалады.

9.3.3 Қаңқа қабырғалар мен жабындарға жасалған [3] сынақтарының нәтижесінде шыны мақтадан жасалған жылу оқшаулағыш қалыңдығын азайту 15 мм/мин - пен 28 мм/мин аралығындағы жылдамдықпен жүреді. Қаңқа конструкцияларды жобалау сатысында жылу оқшаулағыш енін кішірейту жылдамдығын $v_{\text{rec,gw}} = 30$ мм/минтең беріктік қорын есепке ала отырып қабылдау қажет.

9.3.4 Қиманың әртүрлі биіктігі бойынша күйе бастау уақытының түрлі мәндері салдарынан шартты көлденең қиманың формасы трапеция тәрізді ретінде қарастырылады. Ағаш құрылыс конструкцияларын есептеудің аталған моделі 9.4-суретте көрсетілген.



a - $t_{\text{ch}} \leq t \leq t_{\text{f}}$ шарты кезінде қаптама өзінің қорғаныс қасиеттерін жоғалтқанға дейін ағаш конструкциясының бір жақты күйі

b - $t_{\text{f}} \leq t \leq t_{\text{f,ins}}$ шарты кезінде шыны мақтадан жасалған жылу оқшаулағыштың бұзылуы барысында ағаш конструкциясының үш жақты күйі;

c - $t = t_{\text{f,ins}}$ шарты кезінде минерал мақтадан жасалған жылу оқшаулағыштың толығымен бұзылуы сәтіндегі ағаш конструкциясының үш жақты күйі;

d - $t \geq t_{\text{f,ins}}$ шарты кезінде минерал мақтадан жасалған жылу оқшаулағыш бұзылғаннан кейін ағаш конструкциясының үш жақты күйі.

9.4-сурет – Ағаш конструкциясының күйе сатысының суреттемесі

9.3.5 Заттай от сынақтары негізінде [3] алынған күйе тереңдігін есептеу бойынша эмпирикалық теңдеулер 9.3-кестеде берілген.

9.3-кесте – Күюдің түрлі сатыларында ағаш конструкциясының күю тереңдігін есептеу жөніндегі формулалар

Күю фаза-сы	Уақыт кезеңі	Күю тереңдігі			
		$d_{char,2,n}$	$d_{char,1,n}$	$d_{char,1,unexp}$	$d_{hchar,3}$
2	$t_{ch} \leq t \leq t_f$	$k_2 \cdot k_s \cdot k_n \cdot \beta_0 \cdot (t_f - t_{ch})$ (9.1 4)	–	–	–
3	$t_f \leq t \leq t_{f,ins}$	$k_2 \cdot k_s \cdot k_n \cdot \beta_0 \cdot (t_f - t_{ch}) +$ (9.1 5)	$k_3 \cdot \beta_0 \cdot (t - t_f)$ (9.1 6)	–	–
3	$t \geq t_{f,ins}$	$+ k_3 \cdot \beta_n \cdot (t - t_f)$ (9.1 8)		$k_3 \cdot \beta_0 \cdot (t - t_f)$ (9.17)	$v_{rec,ins} \cdot (t - t_f)$ (9.1 8)

9.3.6 Жылу оқшаулағыштың өзінің қорғаныс қасиеттерін жоғалту уақыты [4] деректері бойынша келесі формула бойынша анықталады:

$$t_{f,ins} = t_f + \frac{h}{v_{rec,ins}}, \quad (9.19)$$

мұнда $v_{rec,ins}$ – жылу оқшаулағыш енін кішірейту жылдамдығы (шыны мақтадан жасалған жылу оқшаулағыш үшін $v_{rec,ins} = 30$ мм/мин);

h – көлденең қима биіктігі;

k_2 – конструкцияны қаптамамен қорғау әсерін есепке алатын коэффициент осы құралдың (9.3) және (9.4) формулалары бойынша анықталады;

k_3 – қаптаманың қалдық қорғанысын есепке алатын коэффициент осы құралдың (9.5) және (9.6) формулалары бойынша анықталады;

k_s – осы құралдың (9.7) формуласы бойынша анықталатын көлденең қима коэффициенті;

k_n – симметриялық емес күю тереңдігінен шартты күю тереңдігіне ауыстыру коэффициенті.

9.3.7 Егер жылу оқшаулағыш толығымен бұзылғанға дейін оның қатпарлану қауіпі туындаса, онда [4] зерттеуге сәйкес $t_{f,ins}$ уақыт келесі тәсілмен анықталады:

$$t_{f,ins} = t_f. \quad (9.20)$$

1-МЫСАЛ


Берілгені: Өлшемі 45×195 мм ағаш арқалықтардан, 600 мм қадаммен орналасқан Арқалықтардан тұратын ұзындығы 3000 мм ағаш жабын. Ағаш беріктігінің класы құралдың А қосымшасына сәйкес С24 құрайды. Қуыстар толығымен шыны мақтадан жасалған жылу оқшаулағышпен толтырылған. Өрт әсер ететін жағындағы қаптама қалыңдығы 15 мм F типті гипс-картонның бір қабатынан тұрады. Қыздырылмайтын бетіндегі қаптама ағаш тақтаның бір қабатынан жасалған. Гипс-картонды табакты арқалыққа өрт әсер ететін жағынан бекіту ұзындығы $l_f = 35$ мм құрайтын бұрандалар көмегімен жүзеге асырылады.

Талап етіледі:

30 минутқа созылған өрт әсері кезінде қуыстары шыны мақтадан жасалған жылу оқшаулағышпен толтырылған жабын арқалықтарының максималды жүктемесін анықтау (R_{30} төмен емес отқа төзімділік шегі үшін).

Есептеу:

Өрттің аражабынға әсер ету сызбасы 9.5-суретте көрсетілген.



1 – қалыңдығы 15 мм F типті гипс-картоннан жасалған қаптама; 2 – 45×195 мм ағаш арқалықтар; 3 – шыны мақтадан жасалған жылу оқшаулағыш; 4 – ағаш панельдерден жасалған қаптама

9.5-сурет – Қаңқа жабынның көлденең қимасы

Қаптамалардың күйін есептеу

Күйе бастау уақыты (9.8) формула бойынша анықталады:

$$t_{ch} = 1,8 \cdot h_p - 7 = 1,8 \times 15 - 7 = 20 \text{ мин.}$$

Жылу әсері салдарынан қаптаманың бұзылу уақыты (7.36) формула бойынша анықталады:

$$t_f = h_p + 10 = 15 + 10 = 25 \text{ мин.}$$

Бекітпе элементтердің істен шығуы салдарынан қаптаманың бұзылу уақыты (7.48) формула бойынша анықталады:

$$t_f = t_{ch} + \frac{l_f - l_{a,\min} - h_p}{k_s \cdot k_2 \cdot k_n \cdot k_j \cdot \beta_0} = 20 + \frac{35 - 10 - 15}{1,3 \times 0,94 \times 1,5 \times 1 \times 0,65} = 28,4 \text{ мин} > 25 \text{ мин.}$$

Ағаш арқалықтардың күйін есептеу

Жылу оқшаулағыштың істен шығу уақыты (9.19) формула бойынша анықталады:

$$t_{f,ins} = t_f + \frac{h}{v_{rec,ins}} = 25 + \frac{195}{30} = 31 \text{ мин.}$$

Жылу оқшаулағыштың бар-жоғын есепке алатын коэффициент (9.3) формула бойынша анықталады:

$$k_2 = 1,05 - 0,0073 \cdot h_p = k_2 = 1,05 - 0,0073 \times 15 = 0,94.$$

Қаптаманың қалдық қорғанысын есепке алатын коэффициент (9.6) формула бойынша анықталады:

$$k_3 = 1,9 + \frac{7}{150} \cdot t_f = 1,9 + \frac{7}{150} \times 25 = 3,1.$$

Көлденең қима коэффициенті құралдың 8.5-кестесіне сәйкес $k_s = 1,3$ тең етіп қабылданады. Симметриялық емес қалдық көлденең қиманы шартты тік бұрышты көлденең қимаға ауыстыру коэффициенті $k_n = 1,5$ тең қабылданады.

Бір жақты күй жылдамдығы $\beta_0 = 0,65$ мм/мин тең қабылданады, ал шартты күй жылдамдығы – осы құралдың 7.1-кестесіне сәйкес $\beta_n = 0,80$ мм/мин.

Өрттің әсер етуінің 30-минутында шартты күй тереңдігі (9.15) формула бойынша есептеледі:

$$d_{\text{char},2,n} = k_2 \cdot k_s \cdot k_n \cdot \beta_0 (t_f - t_{\text{ch}}) + k_3 \cdot \beta_n \cdot (t - t_f) = \\ = 0,94 \times 1,3 \times 1,5 \times 0,65 \times (25 - 20) + 3,1 \times 0,8 \times (30 - 25) = 18,4 \text{ мм}.$$

$t = t_{\text{ins}}$ уақыт моментіндегі кең беттің күй тереңдігі (9.16) формула бойынша есептеледі:

$$d_{\text{char},1,n} = k_3 \cdot \beta_0 \cdot \left(t - t_f - 0,3 \cdot \frac{h}{v_{\text{rec},\text{ins}}} \right) = 3,1 \times 0,65 \times \left(31 - 25 - 0,3 \times \frac{190}{30} \right) = 8,26 \text{ мм}.$$


Сызықтық интерполяция әдісімен 30 минуттық уақыт моментіндегі күй анықталады:

$$\frac{t - t_f}{t_{f,\text{ins}} - t_f} \cdot d_{\text{char},1,n,t,f,\text{ins}} = \frac{30 - 25}{31 - 25} \times 8,26 = 6,9 \text{ мм}.$$

Конструкцияның беріктігін одан ары талдау үшін тиімді көлденең қима анықталады. Осы құралдың 8.2.1-тармағының талаптарына сәйкес беріктігі нөлге тең қылып алынатын қабат қалыңдығы $d_0 = 7$ мм құрайды.

Арқалықтардың кішірейтілген көлденең қималарының өлшемдері төмендегіні құрайды (9.6-сурет):

$$b_{\text{fi}} = 45 - 2 \times (6,9 + 7) = 17,2 \text{ мм}; \\ h_{\text{fi}} = 195 - (18,4 + 7) = 169,6 \text{ мм}.$$



9.6-сурет – Шартты көлденең қима

Майыстыру кезіндегі беріктіктің есептік мәні (6.1) формула бойынша анықталады:

$$f_{d,fi} = k_{\text{mod},fi} \cdot \frac{f_{20}}{\gamma_{M,fi}} = 1 \times \frac{30}{1} = 30 \text{ Н/мм}^2,$$

мұнда $f_{20} = k_{fi} \cdot f_{m,k} = 1,25 \times 24 = 30 \text{ Н/мм}^2$;

$$k_{fi}=1,25;$$

$$k_{mod,fi} = 1,0;$$

$$\gamma_{M,fi} = 1,0.$$

Қалдық көлденең қима кедергісінің моменті төмендегіге тең:

$$W_{fi} = \frac{17,2 \times 169,6^2}{6} = 82457 \text{ мм}^3.$$

Максималды иілу моменті төмендегіге тең:

$$M_{max} = W_{fi} \cdot f_{m,d,fi} = 82457 \times 30 = 2,47 \times 10^6 \text{ Н·мм} = 2,47 \text{ кН·м}.$$

Ұзындық бірлігіне максималды жүктеме (конструкцияның жеке салмағын қоса алғанда) келесіні құрайды:

$$q = \frac{8 \cdot M}{L^2} = \frac{8 \times 2,47}{3,0^2} = 2,2 \text{ кН/м}.$$

Қорытынды: аражабындардың ағаш арқалықтарының R көтергіш функциясы 30 минутқа созылған өрт әсері кезінде, қаптаманың 25 минут бойы қорғаныс әсерінің уақытын есепке ала отырып, жеке салмағын қоса алғанда 2,2 кН/м құрайды.


2-МЫСАЛ

Берілгені: Биіктігі 2800 мм ағаш қаңқа қабырға. Ағаш бағандар көлденең қиманың келесі өлшемдеріне ие: 95 × 225 мм. Ағаштың беріктік класы құралдың А қосымшасына сәйкес С21 құрайды. Қуыстар толығымен шыны мақтадан жасалған жылу оқшаулағышпен толтырылған. Өрт әсер ететін жағындағы қаптама EN 520 бойынша қалыңдығы 12,5 мм А типті гипс-картонды табақтың бір қабатынан және EN 309 бойынша қалыңдығы 12 мм және тығыздығы 550 кг/м³ ағаш-жоңқалы тақтадан тұрады. Қыздырылмайтын бетіндегі қаптама ағаш тақталардың бір қабатынан жасалған. Гипс-картонды табактарды арқалықтарға өрт әсер ететін жағынан бекіту ұзындығы $l_f = 51$ мм құрайтын бұрамалар көмегімен жүзеге асырылады. Инерцияның осьтік моменті $I_{fi} = 31,39 \times 10^6 \text{ мм}^4$ тең.

Талап етіледі: 60 минут бойы өрт әсері кезінде қуыстары шыны мақтамен толтырылған қаңқа қабырғаның ағаш бағандарының көтергіш қабілетін анықтау (R60 төмен емес отқа төзімділік шегі үшін).

Есептеу:

Өрттің қабырғаға әсерінің сызбасы 9.7-суретте көрсетілген.



- 1 – қалыңдығы 12,5 мм А типті гипс-картонды табақтан жасалған қаптама;
 2 – қалыңдығы 12 мм ағаш-жаңқалы тақта;
 3 – 92 × 225 мм ағаш бағандар;
 4 – шыны мақтадан жасалған жылу оқшаулағыш.

9.7-сурет – Қаңқа қабырғаның көлденең қимасы

Күйе бастау уақыты (9.8) формула бойынша анықталады:

$$t_{ch} = 1,8 \cdot h_p - 7 = 1,8 \times 12,5 - 7 = 15,5 \text{ мин.}$$

Жылу әсері салдарынан қаптаманың бұзылу уақыты (7.30) формула бойынша анықталады:

$$t_f = 1,9 \cdot h_p - 7 = 1,9 \times 12,5 - 7 = 16,7 \text{ мин.}$$

Ағаш-жаңқалы тақтаның күйі

Ағаш-жаңқалы тақтаның тығыздығы мен қалыңдығын есепке ала отырып, оған арналған күйе жылдамдығы (7.9) формула бойынша анықталады:

$$\beta_{0,p,t} = \beta_0 \cdot k_0 \cdot k = \beta_0 \cdot \sqrt{\frac{450}{\rho_k}} \cdot \sqrt{\frac{20}{h_p}} = 0,9 \times \sqrt{\frac{450}{550}} \times \sqrt{\frac{20}{12}} = 1,05 \text{ мм/мин,}$$

мұнда, $\beta_0 = 0,9$ мм/мин – осы құралдың 7.1-кестесіне сәйкес қабылданған ағаш-жаңқалы тақталардың күйінің бір жақты жылдамдығының есептік мәні;

$\rho_k = 550 \text{ кг/м}^3$ – тақтаның сипаттамалық тығыздығы;

$h_p = 12 \text{ мм}$ – тақтаның қалыңдығы.

$15,5 \text{ мин} \leq t \leq 16,7 \text{ мин}$ уақыт интервалындағы ағаш-жаңқалы тақтаның күйе жылдамдығы келесіні құрайды:

$$\beta_{pb} = k_2 \cdot \beta_{0,p,t} = 0,78 \times 1,05 = 0,82 \text{ мм/мин,}$$

мұнда (7.13) формула бойынша анықталатын k_2 коэффициенті төмендегіге тең болады:

$$k_2 = 1 - 0,018 \cdot h_p = 1 - 0,018 \times 12,5 = 0,78.$$

$t > 16,7 \text{ мин}$ өрт әсері кезінде ағаш-жаңқалы тақтаның күйе жылдамдығы төмендегіні құрайды:

$$\beta_{pb} = k_3 \cdot \beta_{0,p,l} = 2 \times 1,05 = 2,1 \text{ мм/мин},$$

мұнда $k_3 = 2$ – осы құралдың 7.4.5-тармағына сәйкес қабылданатын қалдық қорғаныс коэффициенті.

Қаптаманың бұзылу уақыты (А типті гипс-картонды табақ және ағаш-жоңқалы тақталар) мен ағаш бағандардың күйе бастау уақыты (7.16) формула бойынша есептеледі:

$$t_f = \frac{h_p}{\beta_0} - 4 = 15,5 + 1,2 + \frac{12,5 - 1}{2,1} - 4 = 18,2 \text{ мин},$$

мұнда, $d_{char} = 1,2 \times 0,82 = 1,0$ мм – қорғаныс фазасы барысындағы күйе тереңдігі.

Жылу окшаулағыштың істен шығу уақыты (9.19) формула бойынша анықталады:

$$t_{f,ins} = t_f + \frac{h}{v_{rec,ins}} = 18,2 + \frac{225}{30} = 25,7 \text{ мин}.$$

Қаптаманың қалдық қорғанысын есепке алатын коэффициент (9.6) формула бойынша анықталады:

$$k_3 = 1,9 + \frac{7}{150} \cdot t_f = 1,9 + \frac{7}{150} \times 18,2 = 2,7.$$

8.5-кестеге сәйкес көлденең қима коэффициенті $k_s = 1,3$ тең қабылданады.

Бір жақты күйе жылдамдығы $\beta_0 = 0,65$ мм/мин тең қабылданады, ал шартты күйе жылдамдығы – осы құралдың 7.1-кестесіне сәйкес $\beta_n = 0,80$ мм/мин.

Өрт әсерінің 30-минутындағы шартты күйе тереңдігі (9.16) формула бойынша есептеледі:

$$d_{char,2,n} = k_3 \cdot \beta_n \cdot (t - t_f) = 2,7 \times 0,8 \times (30 - 18,2) = 25,5 \text{ мм}.$$

Кең бетінің күйе тереңдігі (9.18) формула бойынша есептеледі:

$$d_{char,1,n} = k_3 \cdot \beta_0 \cdot \left(t - t_f - 0,5 \cdot \frac{h}{v_{rec,ins}} \right) = 2,7 \times 0,65 \times \left(30 - 25,7 - 0,5 \times \frac{225}{30} \right) = 14,1 \text{ мм}.$$

Конструкцияның беріктігін одан ары талдау үшін тиімді көлденең қима анықталады. Осы құралдың 8.2.1-тармағының талаптарына сәйкес беріктігі нөлге тең қылып алынатын қабат қалыңдығы $d_0 = 7$ мм құрайды.

Бағандардың кішірейтілген көлденең қималарының өлшемдері төмендегіні құрайды:

$$b_{fi} = 95 - 2 \times (14,1 + 7) = 52,8 \text{ мм};$$

$$h_{fi} = 225 - (25,5 + 7) = 192,5 \text{ мм}.$$

Кішірейтілген көлденең қима ауданы төмендегіні құрайды:

$$A_{fi} = b_{fi} \cdot h_{fi} = 52,8 \times 192,5 = 10164 \text{ мм}^2.$$

Иілу кезіндегі беріктіктің есептік мәні (6.1) формула бойынша анықталады:

$$f_{d,fi} = k_{mod,fi} \cdot \frac{f_{20}}{\gamma_{M,fi}} = 1,0 \times \frac{26,3}{1,0} = 26,3 \text{ Н/мм}^2,$$

мұнда $f_{20} = k_{fi} \cdot f_{m,k} = 1,25 \times 21 = 26,3 \text{ Н/мм}^2$;

$k_{fi} = 1,25$;

$k_{mod,fi} = 1,0$;

$\gamma_{M,fi} = 1,0$.

Қабырғаның сыртқы жазықтығының иілуі ғана қарастырылады. Ішкі иілу салдарынан тұрақтылықты жоғалтудың алдын алу үшін конструкцияның қыздырылатын бетінен ағаш-жаңқалы тақталар қолданылады.

Бағандардың есептік ұзындығы келесі тәсілмен анықталады:

$$l_y = 0,7 \cdot l = 0,7 \times 2,8 = 1,96 \text{ м},$$

мұнда l – баған ұзындығы;

ҚР ҚН EN 1995-1-1:2008/2011 сәйкес келесі Формула бойынша бағандардың иілгіштігінің коэффициенті анықталады:

$$\lambda = \frac{l_y}{i} = \frac{1960}{55,6} = 35,3$$

мұнда i – келесі формула бойынша анықталатын инерция радиусі:

$$i = \sqrt{\frac{I_{fi}}{A_{fi}}} = \sqrt{\frac{31,39 \times 10^6}{10164}} = 55,6 \text{ мм}.$$

ҚР ҚН EN 1995-1-1:2008/2011 сәйкес иілгіштіктің салыстырмалы коэффициенті төмендегіге тең қабылданады:

$$\lambda_{rel,y} = \frac{\lambda_y}{\pi} \cdot \sqrt{\frac{f_{c,0,k}}{E_{0,05}}} = \frac{35,3}{3,14} \times \sqrt{\frac{26,3}{7400}} = 0,67,$$

мұнда, $E_{0,05}$ – талшықтар бойындағы серпімділік модулінің 5 %-дық мәні.

Көлденең иілу коэффициенті ҚР ҚН EN 1995-1-1:2008/2011 сәйкес келесі тәсілмен есептеледі:

$$k_{c,y} = \frac{1}{k_y + \sqrt{k_y^2 - \lambda_{rel,y}^2}} = \frac{1}{0,76 + \sqrt{0,76^2 - 0,67^2}} = 0,89,$$

мұнда, $k_y = 0,5 \cdot (1 + \beta_c \cdot (\lambda_{rel,y} - 0,3) + \lambda_{rel,y}^2) = 0,5 \cdot (1 + 0,2 \cdot (0,67 - 0,3) + 0,67^2) = 0,76$,

$\beta_c = 0,2$ – тік сызық коэффициенті (бүтін ағаш үшін).

Бір бағанның осьтік жүктемеге кедергісінің есептік мәні келесі тәсілмен анықталады:

